Өнім 3-науада төмендегі стандартты қағаз өлшемдерін автоматты түрде анықтайды: Letter, Legal, Executive, A4, A5 және B5 (JIS).


- △ **ЕСКЕРТУ:** Конверттерді немесе қолданылмайтын қағаз өлшемдерін 3-науадан басып шығармаңыз. Қағаздың мұндай түрлерін 1-науадан ғана басып шығарыңыз.

Стандартты өлшемді қағазды 3-науаға салу


- 💡 **КЕҢЕС:** Бұл іс рәсімінің анимациясын көру үшін мына веб торапқа өтіңіз: www.hp.com/go/cljcp3525-load-tray3.

1. Науаны ақырын ашыңыз.


- 📄 **ЕСКЕРІМ:** Пайдалану кезінде науаны ашпаңыз.





2. Қағаздың ұзындығы мен қағаздың енін бағыттағыштарды реттеуіш бекіткіштерін қысу және бағыттағыштарды пайдаланылатын қағаз өлшеміне сырғыту арқылы дұрыстаңыз.




3. Қағазды науаға бетін жоғары қаратып салыңыз. Бағыттағыштардың жинаққа майыстырмай, сәл тиіп тұрғанына көз жеткізу үшін қағазды тексеріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Кептелуге жол бермеу үшін науаны толтырып жібермеңіз. Жинақтың жоғарғы жағының науа толы индикаторынан төмен болатынын ұмытпаңыз.



 **ЕСКЕРІМ:** Егер науа дұрыс реттелмесе, басып шығару кезінде қателік хабары шығады немесе қағаздың кептелуі мүмкін.

4. Науаны өнім ішіне сырғытыңыз.




5. Басқару тақтасы науадағы қағаздың түрі мен өлшемін көрсетеді. Егер конфигурация дұрыс болмаса, өлшемін не түрін өзгерту үшін басқару тақтасындегі нұсқауларды орындаңыз.




Таңдамалы өлшемдегі қағазды 3-науаға салу

Таңдамалы баспа құралын пайдалану үшін басқару тақтасындағы өлшем параметрін **БЕЙІМДЕЛГЕН** мәніне өзгертіп, өлшем бірлігін, **X ӨЛШЕМДЕРІ** және **Y ӨЛШЕМІ** белгілеңіз.


1. Науаны ақырын ашыңыз.




2. Қағаздың ұзындығы мен қағаздың енін бағыттағыштарды реттеуіш бекіткіштерін қысу және бағыттағыштарды пайдаланылатын қағаз өлшеміне сырғыту арқылы дұрыстаңыз.



3. Қағазды науаға бетін жоғары қаратып салыңыз. Бағыттағыштардың жинаққа майыстырмай, сәл тиіп тұрғанына көз жеткізу үшін қағазды тексеріңіз.





4. Науаны өнім ішіне сырғытыңыз. Басқару тақтасы қағаздың түрі мен өлшемін көрсетеді.




5. Басқару тақтасы қағаз өлшемі мен түрін орнатуға нұсқау береді. **БЕЙІМДЕЛГЕН** параметрін таңдаңыз, содан кейін таңдамалы қағаз өлшемінің X және Y өлшемдерін конфигурациялаңыз.



 **ЕСКЕРІМ:** X және Y өлшемдерін анықтау үшін қағаз науасындағы жапсырманы немесе төмендегі суретті қараңыз.




4 x 6 дюйм (10 x 15 см) өлшеміндегі қағазды 3-науаға салу


 **КЕҢЕС:** Бұл іс рәсімінің анимациясын көру үшін мына веб-торапқа өтіңіз: www.hp.com/go/cljcp3525-load-tray3-4x6.

Өлшемі 4 x 6 дюйм (10 x 15 см) қағазды 3-науаға салу HP ашықхат баспа құралының ендімесін орнатуды қажет етеді.


1. Науаны ақырын ашыңыз.




2. Лайықтау ысырмаларын жылжытып, бағыттауыштарды толықтай ашық қалпына дейін реттей отырып, қағаздың ұзындық және ен бағыттауыштарын реттеңіз.




3. HP ашықхат баспа құралының ендімесін 3-науаға кигізіп, ендірмені оңға қарай сырғытып, орнына түсіріңіз.




4. Өлшемі 4 x 6 дюйм (10 x 15 см) қағазды науаға бетін жоғары қаратып салыңыз.



5. Лайықтау ысырмаларын жылжытып, бағыттауыштарды толықтай жабық қалпына дейін реттей отырып, қағаздың ұзындық және ен бағыттауыштарын реттеңіз.



6. Науаны өнім ішіне сырғытыңыз.




7. Басқару тақтасы қағаз өлшемі мен түрін орнатуға нұсқау береді. Өлшемі 4 x 6 дюйм немес 10 x 15 см қағазды таңдаңыз.




Салынған HP ашықхат баспа құралдарын шығарып алу

1. Лайықтау ысырмаларын жылжытып, бағыттауыштарды толықтай ашық қалпына дейін реттей отырып, қағаздың ұзындық және ен бағыттауыштарын реттеңіз.



2. HP ашықхат баспа құралының ендімесін шығарып алу үшін құлағынан көтеріп, оны науаның ортасына қарай сырғытыңыз да, содан кейін көтеріп алып тастаңыз.




Науаларды конфигурациялау

Өнім сізге келесі жағдайларда науаны қағаз түрі мен өлшемі бойынша конфигурациялауға автоматты түрде кеңес береді:

- Сіз науаға қағаз салғаныңызда
- Баспа тапсырмасы үшін нақты науаны немесе баспа құралын принтер драйвері немесе бағдарламалық құрал арқылы көрсетілгенде және науа баспа тапсырмасының параметрлеріне сәйкес конфигурацияланбағанда

Төмендегі хабар басқару тақтасына шығады: **<X> НАУА [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] Өлшемін немесе түрін өзгерту үшін ОК батырмасын басыңыз. Параметрлерді қабылдау үшін ↵ батырмасын басыңыз.**

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз сіз 1-науадан басып шығарып отырып, ол **КЕЗ КЕЛГЕН ӨЛШЕМ** және **КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІ** параметрлеріне конфигурацияланса, кеңес шықпайды.

ЕСКЕРІМ: Егер HP LaserJet өнімі моделдерінің басқасын пайдаланған болсаңыз, сіз 1-науаны **First** (Бірінші) режиміне немесе **Cassette** (Кассеталық) режиміне конфигурациялауға үйреншікті болуыңыз мүмкін. Бұл өнім үшін **1-НАУА ӨЛШЕМІ** мәнін **КЕЗ КЕЛГЕН ӨЛШЕМ** параметріне, ал **1-НАУА ТҮРІ** мәнін **КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІ** параметріне қою **First** (Бірінші) режиміне тең болады. **1-НАУА ӨЛШЕМІ** және **1-НАУА ТҮРІ** мәндерін басқа мәндерге қою **Cassette** (Кассеталық) режиміне тең болады.

Қағазды салғанда науаны конфигурациялау

1. Қағазды науаға салыңыз. 2 не 3-науа пайдаланылғанда науаны жабыңыз.
2. Науаны конфигурациялау хабары шығарылады.
3. Өлшемі мен түрін қабылдау үшін ↵ артқа көрсеткісін басыңыз немесе басқа қағаз өлшемін немесе қағаз түрін таңдау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Егер науа өлшемін конфигурациялауды өзгертсеңіз, лайықты өлшемді бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. Егер науа өлшемін конфигурациялауды өзгертсеңіз, лайықты өлшемді бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

Науаны баспа тапсырмасының параметрлеріне сәйкестендіру үшін конфигурациялаңыз.

1. Бағдарламалық құралда қағаз алынатын науаны, қағаз өлшемін және түрін белгілеңіз.
2. Тапсырманы өнімге жіберіңіз.

Егер науаны конфигурациялау қажет болса, **<X>-НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРУ** хабары шығады.



3. Түрі мен өлшемі көрсетілген қағазды науаға салып, оны жабыңыз.
4. **<X> НАУА ӨЛШЕМІ = <Өлшемі>** хабары шыққанда, өлшемді растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Бейімделген қағазды белгілеу үшін, алдымен дұрыс өлшем бірлігін белгілеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз. Содан кейін X және Y өлшемдерін қою үшін ▲▼ жоғары не төмен көрсеткілерін пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.

5. **TRAY<X> TYPE=<TYPE>** (<X> НАУА ТҮРІ=<ТҮРІ>) хабары шыққанда, түрін растау үшін **OK** батырмасын басып, тапсырманы жалғастырыңыз.

Қағазды қолдану мәзірін пайдалана отырып науаны конфигурациялаңыз

Сонымен қатар, науаларды өнімнің кеңес беруінсіз өлшемі және түрі бойынша конфигурациялай аласыз.

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚАҒАЗДЫ ҚОЛДАНУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. Қалаулы науаға өлшем немесе түр параметрін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, одан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Өлшемін не түрін бөлектеу үшін ▲ жоғары көрсеткісін немесе ▼ төмен көрсеткісін басыңыз. Егер бейімделген өлшемді таңдасаңыз, өлшем бірлігін таңдап, X өлшемі мен Y өлшемін қойыңыз.
5. Таңдауыңызды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
6. Мәзірлерден шығу үшін **Мәзір** батырмасын  басыңыз.

Автоматты үстіңгі мөлдір сезгіштігі (авто сезу режимі)

Автоматты баспа құралы түрінің сенсоры, науа **КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІ** параметріне конфигурацияланғанда ғана жұмыс істейді. Науаны Жоғары сортты немесе Жылтыр сияқты басқа түрге конфигурациялау науадағы баспа құралының сенсорын өшіреді.

HP Color LaserJet CP3525 сериялы принтерлері қағаз түрлерін екі санаттың біреуіне автоматты түрде жүйелей алады:

- Мөлдір үлдір емес
- Мөлдір үлдір

Басқа басқару жүйесі үшін арнайы түр тапсырма кезінде таңдалуға немесе науада конфигурациялануға тиісті.

Авто сезу параметрлері

Толық сезгіштік (Тек 1-науаға арналған)

- Өнім мөлдір үлдір (Мөлдір үлдір режимі) мен қағазды (Қалыпты режим) ажыратады.
- Өнім бетті басып шығарған сайын ол мөлдір үлдірді немесе мөлдір үлдір еместі сезеді.
- Бұл - ең баяу режим.

Тек мөлдір үлдірге арналған

- Өнім мөлдір үлдір (Мөлдір үлдір режимі) мен қағазды (Қалыпты режим) ажыратады.
- Өнім екінші және кейінгі беттердің бірінші бетпен баспа құралы түрінің бірдей деп есептейді.
- Бұл ең жылдам режим және Қалыпты режимде үлкен көлемді басып шығаруға қолайлы.

Осы опцияларды орнату туралы қосымша ақпарат алу үшін [Баспа сапасының мәзірі 23-бетте](#) бөлімін қараңыз.

Баспа құралын қайнар көзі, түрі немесе өлшемі бойынша таңдаңыз

Microsoft Windows операциялық жүйесінде, баспа тапсырмасы жіберілген кезде принтер драйверінің баспа құралын қалай тартатынына үш параметр әсер етеді. *Source* (Қайнар көзі), *Type* (Түрі) және *Size* (Өлшемі) параметрлері бағдарламалық құралдардың көбінің **Page Setup** (Бет баптаулары), **Print** (Басып шығару) немесе **Print Properties** (Баспа қасиеттері) диалог терезелеріне шығарылады. Сіз ол параметрлерді өзгертпейіңізше, өнім стандартты параметрлерді пайдалана отырып науаны автоматты түрде таңдайды.

Қайнар көзі

Source (Қайнар көзі) бойынша басып шығару үшін өнімнің қағаз алатын нақты науасын белгілеңіз. Егер сіз баспа тапсырмаңызға сәйкес келмейтін өлшемге немесе түрге конфигурацияланған науаны таңдасаңыз, өнім сізге басып шығармас бұрын науаны түрі немесе өлшемі сәйкес баспа құралын салуға нұсқау береді. Сіз науаға салғаныңыздан кейін өнім басып шығаруды бастайды.

Түрі және өлшемі

Type (Түрі) немесе *Size* (Өлшемі) бойынша басып шығару, өнім баспа құралын лайықты түрі мен өлшемі салынған науадан алғанын қалайтыныңызды білдіреді. Баспа құралын қайнар көзі емес, түрі бойынша таңдау науаларды бекітумен бірдей және арнайы қағазды байқамай пайдаланудан қорғауға көмектеседі. Мысалы, егер науа бланктерге конфигурацияланған болса, ал сіз қарапайым қағазды таңдасаңыз, өнім сол науадағы бланктерді алмайды. Оның орнына ол қарапайым қағаз салынған және өнімнің басқару тақтасынан қарапайым қағазға конфигурацияланған науадан алады. Баспа құралын Түрі және Өлшемі бойынша таңдау нәтижесінде ауыр қағазды, жылтыр қағазды және мөлдір үлдірді басып шығару сапасы едәуір жақсарады. Қате параметрді пайдалану баспа сапасының қанағаттандырылғысыз болуына әкеп соғады. Жапсырмалар немесе мөлдір үлдірлер сияқты арнайы баспа құралын әрқашан Түрі бойынша басып шығарыңыз. Мүмкіндігінше конверт өлшемі бойынша басып шығарыңыз.

- Түрі немесе өлшемі бойынша басып шығару үшін түрді немесе өлшемді бағдарламалық құралыңызға байланысты **Page Setup** (Бет баптаулары) диалог терезесінен, **Print** (Басып шығару) диалог терезесінен немесе **Print Properties** (Баспа қасиеттері) диалог терезесінен таңдаңыз.
- Егер сіз әдетте баспа құралының нақты түріне немесе өлшеміне басып шығаратын болсаңыз, науаны сол түрге немесе өлшемге конфигурациялаңыз. Тапсырмаңызды басып шығаратын түрді немесе өлшемді таңдағаныңыздан кейін өнім баспа құралын автоматты түрде сол түрге немесе өлшемге конфигурацияланған науадан алатын болады.

7 Өнім мүмкіндіктерін пайдаланыңыз


- [Үнемдеу параметрлері](#)
- [Тапсырмаларды сақтау мүмкіндіктерін пайдалану](#)
- [Бизнес графикасын немесе маркетингтік материалды басып шығару](#)
- [Атмосфералық ықпалға мықты карталар мен сыртқы таңбаларды басып шығару](#)
- [Дуплексті туралауды орнату](#)

Үнемдеу параметрлері



Үнемдеу параметрлерін басқару тақтасынан немесе енгізілген веб серверінен (EWS) реттеуіңізге болады.

Күту кідірісі



Реттелмелі күту режимі мүмкіндігі өнім ұзақ жұмыссыз тұрғанда қуатты үнемдейді. Өнім күту режиміне өтуден бұрын өтуі тиіс уақыт ұзақтығын орнатуыңызға болады. **15 МИНУТ** параметрі стандартты болып табылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өнім күту режимінде болғанда дисплей күңгірттенеді. Бұл режим өнімді қыздыру уақытына әсер етпейді.

Күту кідірісін орнату


1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **ЖҮЙЕ ОРНАТПАСЫ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. **КҮТУ КІДІРІСІ** параметрін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. Лайықты уақыт кезеңін таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз.
6. Уақыт кезеңін орнату үшін **OK** батырмасын басыңыз.
7. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.

Күту режимін ажырату/қосу

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **ЫСЫРУЛАР** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. **КҮТУ РЕЖИМІ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. **ҚОСУЛЫ** немесе **ӨШІРУЛІ** параметрін таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
7. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.

Ояту уақыты

Ояту мүмкіндігі сізге өнімді қыздыру мен калибрлеуге уақыт жолғатпас үшін таңдалған күннің белгіленген уақытында іске қосылуын белгілеуге көмектеседі. Ояту уақытын белгілеу үшін сізде **КҮТУ РЕЖИМІ** параметрі болуы тиіс.

 **ЕСКЕРІМ:** Дәл уақытты сағаттың ояту уақыты орнатылмастан бұрын орнатылғанына көз жеткізіңіз. Толығырақ ақпарат алу үшін [Дәл уақытты сағатты орнату 111-бетте](#) сілтемесін қараңыз.


Ояту уақытын орнату не өзгерту үшін төмендегі қадамдарды пайдаланыңыз:

Дәл уақытты сағатты орнату


Күн мен уақыт параметрлерін орнату үшін дәл уақытты сағат мүмкіндігін пайдаланыңыз. Күн мен уақыт туралы ақпарат сақталған баспа тапсырмаларына тіркелген, сондықтан ең соңғы нұсқаларын анықтауыңызға болады.


Дәл уақытты сағатты орнату

Күнді орнату	<ol style="list-style-type: none">1. Мәзір батырмасын  басыңыз.2. ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.3. ЖҮЙЕ ОРНАТПАСЫ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.4. КҮНІ/УАҚЫТЫ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.5. КҮНІ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.6. Жылды, айды және күнді таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз. Әрбір таңдаудан кейін OK батырмасын басыңыз.
Күн пішімін орнату	<ol style="list-style-type: none">1. Мәзір батырмасын  басыңыз.2. ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.3. ЖҮЙЕ ОРНАТПАСЫ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.4. КҮНІ/УАҚЫТЫ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.5. КҮН ПІШІМІ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.6. Күн пішімін таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.
Уақытты орнату	<ol style="list-style-type: none">1. Мәзір батырмасын  басыңыз.2. ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.3. ЖҮЙЕ ОРНАТПАСЫ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.

	<ol style="list-style-type: none"> 4. КҮНІ/УАҚЫТЫ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз. 5. УАҚЫТ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз. 6. Сағатты, минутты және AM/PM параметрін таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткіні басыңыз. Әрбір таңдаудан кейін OK батырмасын басыңыз.
Уақыт пішімін орнату	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәзір батырмасын  басыңыз. 2. ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз. 3. ЖҮЙЕ ОРНАТПАСЫ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз. 4. КҮНІ/УАҚЫТЫ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз. 5. УАҚЫТ ПІШІМІ мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз. 6. Уақыт пішімін таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.

Ояту уақытын орнату

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **ЖҮЙЕ ОРНАТПАСЫ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. **ОЯТУ УАҚЫТЫ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. Апта күнін таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
6. **БЕЙІМДЕЛГЕН** параметрін таңдау үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
7. Сағатты таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
8. Минутты таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
9. **AM** немесе **PM** параметрін таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
10. **APPLY TO ALL DAYS** (БАРЛЫҚ КҮНГЕ ҚОЛДАНУ) мәзіріне кіру үшін **OK** батырмасын басыңыз.
11. **ИӘ** немесе **ЖОҚ** параметрін таңдау үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

12. Егер сіз **NO** (ЖОҚ) параметрін таңдасаңыз, аптаның басқа күндеріне **ОЯТУ УАҚЫТЫ** параметрін орнату үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, әрбір таңдауды қабылдау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
13. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.

EWS серверінен үнемдеу режимдерін қою

1. Веб браузерінен EWS серверін ашыңыз. [Енгізілген веб сервері 144-бетте](#) сілтемесін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) және **Wake Time** (Ояту уақыты) тармақтарын таңдаңыз.
3. Аптаның әр күніне ояту уақытын қойыңыз.
4. Өнімге күту режимінің кідірісін қойыңыз.
5. **Apply** (Қолдану) батырмасын басыңыз.

Тапсырмаларды сақтау мүмкіндіктерін пайдалану

Баспа тапсырмалары үшін келесідей тапсырмаларды сақтау мүмкіндіктері бар:

- **Тапсырмаларды растау және ұстап тұру:** Бұл мүмкіндік тапсырманы басып шығарып, одан кейін растап, оның тағы бір көшірмесін басып шығарудың жылдам және оңай жолы.
- **Personal jobs** (Жеке тапсырмалар) Өнімге құпия тапсырманы жібергеніңізде, тапсырма басқару панеліне қажетті жеке номеріңізді (PIN) енгізгеніңізше басылып шығарылмайды.
- **Quick Copy jobs** (Жедел көшіру тапсырмалары): Егер өнімге қосымша қатты диск орнатылса, тапсырма көшірмелерінің сұралған санын басып шығарып, тапсырма көшірмесін қосымша қатты дискіге сақтауыңызға болады. Тапсырманы сақтау сізге кейінірек тапсырманың қосымша көшірмелерін басып шығару мүмкіндігін береді.
- **Stored jobs** (Сақталулы тапсырмалар): Егер өнімге қосымша қатты диск орнатылса, қызметкерлер формасы, уақыт кестесі немесе күнтізбе сияқты тапсырманы өнімге сақтап, басқа пайдаланушылардың тапсырманы кез келген уақытта басып шығаруына мүмкіндік беруіңізге болады. Сонымен қатар, сақталулы тапсырмалар PIN кодпен қорғалуы мүмкін.

△ **ЕСКЕРТУ:** Сіз өнімді өшіргеніңізде барлық Жылдам көшірме, Растаулы және Ұсталып тұрған және Тапсырмалар жойылады.

Сақталған тапсырманы жасау

Сақталған тапсырманы жасау үшін принтер драйверін пайдаланыңыз.

Windows

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Баспа) командасын таңдаңыз.
2. **Properties** (Қасиеттері) тармағын басып, одан кейін **Job Storage** (Тапсырманы сақтау) жиекбелгісін басыңыз.
3. Қалаған тапсырманы сақтау режимін таңдаңыз.

Көбірек ақпарат алу үшін, қараңыз [Тапсырмаларды сақтау опциясын орнату 126-бетте](#).


Macintosh

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Баспа) командасын таңдаңыз.
2. **Job Storage** (Тапсырманы сақтау) мәзірін ашыңыз.
3. **Job Storage** (Тапсырманы сақтау) мәзірінде: ашылмалы тіміде сақталған тапсырма түрін таңдаңыз.

Көбірек ақпарат алу үшін, қараңыз [Тапсырмаларды сақтау 69-бетте](#).

📄 **ЕСКЕРІМ:** Тапсырманы ұзағынан сақтау үшін және өнімнің басқа тапсырмалар үшін орын қажет болғанда тапсырманы жоюын болдырмау үшін, драйверде **Stored Job** (Сақталған тапсырма) опциясын таңдаңыз.


Сақталған тапсырманы басып шығару

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ТАПСЫРМАНЫ ТАБУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

3. Пайдаланушы атын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Тапсырма атын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

БАСЫП ШЫҒАРУ немесе **БАСЫП ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖОЮ** опциясы бөлектенеді.

5. **OK** немесе **БАСЫП ШЫҒАРУ** опциясын таңдау үшін **БАСЫП ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖОЮ** батырмасын басыңыз.
6. Егер тапсырмаға PIN коды қажет болса, PIN кодын енгізу үшін ▲ жоғары көрсеткісін не ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз PIN кодын енгізу үшін ▲ жоғары көрсеткісін немесе ▼ төмен көрсеткісін пайдалансаңыз, әр саннан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

7. **КӨШІРМЕЛЕР** опциясын таңдау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
8. Тапсырма сақталғанда драйверде көрсетілген көшірмелер санын басып шығару үшін **OK** опциясын таңдауға **ТАПСЫРМА** батырмасын басыңыз.


–немесе–

Тапсырма сақталғанда драйверде көрсетілгеннен көп көшірме басып шығару үшін **КӨШІРМЕЛЕР** опциясын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз. Көшірмелер санын таңдау үшін ▲ жоғары көрсеткісін не ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз. Басып шығарылған көшірмелер саны - **КӨШІРМЕЛЕР** опциясында көрсетілген көшірмелер санына көбейтілген драйвердегі көшірмелер саны.


Сақталған тапсырманы жою

Сіз сақталған тапсырманы жібергеніңізде өнім сондай пайдаланушы аты және тапсырма атауы көрсетілген ертеректегі кез келген тапсырманы ауыстырады. Егер тапсырма сондай пайдаланушы аты және тапсырма атаумен сақталып қойған болмаса және өнім қосымша орынды қажет етсе, өнім басқа тапсырмалардың бірін ең ескісінен бастап жоюы мүмкін. Сіз сақталатын тапсырмалар санын өнімнің басқару тақтасындағы **ТАПСЫРМАНЫ ТАБУ** мәзірінен өзгерте аласыз.

Тапсырма басқару панелінен, енгізілген Веб-серверінен немесе HP Web Jetadmin ішінен жойылуы мүмкін. Тапсырманы басқару панелінен жою үшін келесі амалдарды орындаңыз:

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ТАПСЫРМАНЫ ТАБУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. Пайдаланушы атын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Тапсырма атын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. **ЖОЮ** опциясын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

6. Егер тапсырмаға PIN коды қажет болса, PIN кодын енгізу үшін ▲ жоғары көрсеткісін не ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз PIN кодын енгізу үшін ▲ жоғары көрсеткісін немесе ▼ төмен көрсеткісін пайдалансаңыз, әр саннан кейін OK батырмасын басыңыз.

7. Тапсырманы жойғыңыз келетіндігін растау үшін OK батырмасын басыңыз.


Бизнес графикасын немесе маркетингтік материалды басып шығару

Маркетингтік және сатылым материалын не басқа түрлі түсті құжаттарды жылтыр қағазға басып шығару үшін осы өнімді пайдалануыңызға болады. Бұл шығарудың сапасын арттыру үшін сізге төмендегілерді орындау керек:

- Лайықты қағазды таңдаңыз. Төмендегі кестені қараңыз.
- Қағаз науасын дұрыстап конфигурациялаңыз. [Қағаз науасын конфигурациялау 118-бетте](#) сілтемесін қараңыз.
- Баспа драйверінен дұрыс параметрлерді таңдаңыз. [Драйвер параметрлерін конфигурациялау 118-бетте](#) сілтемесін қараңыз.

Қолданылатын жылтыр қағаз

HP жылтыр қағаз өнімі	Өнім коды	Өнім өлшемі	Басқару тақтасы және баспа драйверінің параметрлері
HP Laser көрме қағазы, Кішкене жылтыр	Q6541A	Letter	HP кішкене жылтыр 120 г
HP Laser таныстыру қағазы, Жылтыр	Q2546A	Letter	HP жылтыр 130 г
HP Laser таныстыру қағазы, Жылтыр	Q2552A	A4	HP жылтыр 130 г
HP Laser кәсіби қағазы, Кішкене жылтыр	Q6542A	A4	HP кішкене жылтыр 120 г
HP Laser кітапша қағазы, Жылтыр	Q6611A, Q6610A	Letter	HP жылтыр 160 г
HP Laser жоғары қағазы, Жылтыр	Q6616A	A4	HP жылтыр 160 г
HP Laser фото қағазы, Жылтыр	Q6607A, Q6608A	Letter	HP жылтыр 220 г
HP Laser фото қағазы, Жылтыр	Q6614A	A4	HP жылтыр 220 г
HP Laser фото қағазы, Жылтыр 4x6	Q8842A	101,6 x 152,4 мм	HP жылтыр 220 г
HP Laser фото қағазы, Жылтыр 10 см x 15 см	Q8843A	101,6 x 152,4 мм	HP жылтыр 220 г

 **ЕСКЕРІМ:** Америка Құрама Штаттарында HP брендті қағаздарының толық тізімін www.hp.com/go/paper торабында қараңыз.

Қағаз науасын конфигурациялау

Қағаз науасын лайықты қағаз түріне конфигурациялаңыз.

1. Қағазды 2 не 3-науаға салыңыз.
2. Науаны жапқаннан кейін басқару тақтасы қағаз өлшемі мен түрін конфигурациялауға нұсқау береді. Өлшемі мен түрін конфигурациялау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
3. Егер лайықты өлшем шықса, өлшемді қабылдау үшін **OK** батырмасын басыңыз немесе басқа қағаз түрін таңдау үшін ▲ ▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз.
4. Қағаз түрі нұсқауы шыққанда, лайықты қағаз түрін бөлектеу үшін ▲ ▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін оны таңдау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Драйвер параметрлерін конфигурациялау

Графикалық бағдарламалық құралыңыздан жылтыр қағазға басып шығару үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) пәрменін таңдаңыз.
2. HP Color LaserJet CP3525 сериялы принтерін таңдаңыз, содан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Printing Preferences** (Баспа таңдаулылары) батырмасын басыңыз.
3. **Paper type** (Қағаз түрі) ашылмалы тізімінен өнімнің басқару тақтасынан конфигурацияланғанмен бірдей қағаз түрін таңдаңыз.
4. Параметрлерді сақтау үшін **OK** батырмасын және басып шығару үшін **OK** батырмасын басыңыз. Баспа тапсырмасы қағазға конфигурацияланған науадан автоматты түрде басылып шығады.

Атмосфералық ықпалға мықты карталар мен сыртқы таңбаларды басып шығару

Берік, атмосфералық ықпалға мықты карталарды, таңбаларды немесе мәзірлерді HP қатты қағазымен басып шығаруға HP Color LaserJet CP3525 сериялы пайдалануыңызға болады. HP қатты қағазы - көп пайдаланылғанның немесе қолайсыз ауа райында болғанның өзінде бай, баспа түсі қанықтық пен анықтықты бойында ұстайтын атмосфералық ықпалға мықты, жыртылмайтын, жылтыратылған қағаз. Бұл қымбат және уақыт кететін қабатқа жол бермейді. Бұл шығарудың сапасын арттыру үшін сізге төмендегілерді орындау керек:


- Лайықты қағазды таңдаңыз. Төмендегі кестені қараңыз.
- Қағаз науасын дұрыстап конфигурациялаңыз. [Қағаз науасын конфигурациялау 118-бетте](#) сілтемесін қараңыз.
- Баспа драйверінен дұрыс параметрлерді таңдаңыз. [Драйвер параметрлерін конфигурациялау 118-бетте](#) сілтемесін қараңыз.

Қолданылатын қатты қағаз

HP қағаз аты	Өнім коды	Өнім өлшемі	Басқару тақтасы және баспа драйверінің параметрлері
HP LaserJet қатты қағазы	Q1298A	Letter	HP қатты қағазы
HP LaserJet қатты қағазы	Q1298B	A4	HP қатты қағазы

Дуплексті туралауды орнату

Кітапшалар сияқты дуплекстелген құжаттар үшін беттің алды мен артының тураланғанына көз жеткізу үшін басып шығару алдында науаға тіркеу орнатыңыз.


1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **БАСЫП ШЫҒАРУ САПАСЫ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. **ТІРКЕУДІ ОРНАТУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. Реттегіңіз келетін науаға арналған **<X> НАУАСЫН РЕТТЕУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
6. **ТЕКСЕРУ БЕТІН БАСЫП ШЫҒАРУ** параметрін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
7. Реттеуді аяқтау үшін сынақ бетіндегі нұсқауларды орындаңыз.

8 Баспа тапсырмалары


- [Баспа тапсырмасын тоқтату](#)
- [Windows принтер драйверінің мүмкіндіктерін пайдаланыңыз](#)

Баспа тапсырмасын тоқтату

Сіз баспаға сұратуды басқару панелін немесе бағдарламалық құралыңызды пайдалана отырып тоқтата аласыз. Баспа сұратуын желідегі компьютерден қалай тоқтатуға болатындығы жөніндегі нұсқауларды нақты желілік бағдарламалық құралға арналған онлайн Анықтамалығынан қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіз тоқтатқан барлық баспа тапсырмаларын алып тастау үшін біраз уақыт қажет етілуі мүмкін.

Ағымдағы баспа тапсырмасын басқару панелінен тоқтату

1. Басқару тақтасындағы  тоқтату батырмасын басыңыз.
2. **АҒЫМДАҒЫ ТАПСЫРМАДАН БАС ТАРТУ** опциясын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

Ағымдағы баспа тапсырмасын бағдарламалық құралдан тоқтату

Сіз баспа тапсырмасын жібергеніңізде экранға қысқа мезетке баспа тапсырмасын тоқтату мүмкіндігін беретін диалог терезесі шығарылады.

Бағдарламалық құралыңыздан бірнеше сұрау өнімге жіберілген болса, олар баспа кезегінде (мысалы, Windows Print Manager (Windows Баспаны Басқарушы бағдарламасында) күтіп тұруы тиіс. Баспа тапсырмасын компьютерден бас тарту жөніндегі нақты нұсқауларды бағдарламалық құрал құжаттамасынан қараңыз.

Баспа тапсырмасы баспа кезегінде немесе баспа буферінде күтуде болатын болса, тапсырманы осы жерден өшіріңіз.

1. **Windows XP, Windows Server 2003 және Windows Server 2008 (стандартты Бастау мәзірінің көрінісін пайдалану):** **Start** (Бастау), **Settings** (Параметрлер) батырмаларын басыңыз және содан кейін **Printers and Faxes** (Принтерлер мен факстар) батырмасын басыңыз.

—немесе—

Windows 2000, Windows XP, Windows Server 2003 және Windows Server 2008 (Классикалық Бастау мәзірінің көрінісін пайдалану): **Start** (Бастау), **Settings** (Параметрлер) батырмаларын басыңыз және содан кейін **Printers** (Принтерлер) батырмасын басыңыз.

—немесе—

Windows Vista Start (Бастау) мәзіріндегі **Control Panel** (Басқару панелі) тармағын нұқып, одан кейін **Hardware and Sound** (Аппараттық құралдар және Дыбыс) санатында **Printer** (Принтер) тармағын таңдаңыз.

2. Принтерлер тізімінде осы өнім атауын екі рет басып, баспа кезегін немесе буферін ашыңыз.
3. Тоқтатқыңыз келетін баспа тапсырмасын таңдап, **Delete** (Жою) батырмасын басыңыз.

Windows принтер драйверінің мүмкіндіктерін пайдаланыңыз

Принтер драйверін ашу

Мен қалайша	Орындау адымдары
Принтер драйверін аша аламын	Бағдарламалық құралдың File (Файл) мәзірінен Print (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз. Принтерді таңдаңыз және содан кейін Properties (Қасиеттері) немесе Preferences (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
Кез келген принтер опциясының анықтамасын ала аламын	Принтер драйверінің жоғарғы оң жақ бұрышындағы ? символын басыңыз және содан кейін принтер драйверіндегі кез келген құралды басыңыз. Құрал туралы ақпаратты қамтамасыз ететін жайылмалы хабарды көрсетеді. Немесе онлайн Анықтамасын ашу үшін Help (Анықтама) батырмасын басыңыз.

Басып шығару сілтемелерін пайдаланыңыз

Келесі тапсырмаларды орындау үшін принтер драйверлерін ашып, **Printing Shortcuts** (Басып шығару сілтемелері) жиекбелгісін басыңыз.

Мен қалайша	Орындау адымдары
Басып шығару сілтемелерін пайдалана аламын	Сілтемелердің бірін таңдап, содан кейін алдын ала белгіленген параметрлермен бірге тапсырманы басып шығару OK батырмасын басыңыз. ЕСКЕРІМ: Экранның оң жағындағы параметрлердің кез келгенін реттеудің алдында әрдайым сілтемені таңдаңыз. Егер сіз параметрлерді реттеп, сілтемені таңдасаңыз, барлық реттеулер жоғалып кетеді.
Бейімделген басып шығару сілтемесін құра аламын	а) Негіз ретінде қолда бар сілтемелерді таңдаңыз. ә) Жаңа сілтеме үшін басып шығару опциясын таңдаңыз. б) Save As (Түрінде сақтау) таңдаңыз, сілтеме атауын басып, OK батырмасын басыңыз. ЕСКЕРІМ: Экранның оң жағындағы параметрлердің кез келгенін реттеудің алдында әрдайым сілтемені таңдаңыз. Егер сіз параметрлерді реттеп, сілтемені таңдасаңыз, барлық реттеулер жоғалып кетеді.

Парақ және сапа опцияларын орнату

Келесі тапсырмаларды орындау үшін принтер драйверлерін ашып, **Paper/Quality** (Қағаз/Сапасы) жиекбелгісін басыңыз.

Мен қалайша	Орындау адымдары
Қағаз көлемін таңдаймын	Paper size (Қағаз көлемі) жайылмалы тізімнен көлемді таңдаймын.
Бейімделген қағаз көлемін таңдаймын	а) Custom (Бейімделген) батырмасын басыңыз. Custom Paper Size (Бейімделген қағаз көлемі) диалог терезесін

Мен қалайша	Орындау адымдары
	ашады. ә) Бейімделген көлемнің атауын басыңыз, мөлшерін белгілеңіз және OK басыңыз.
Қағаз көзін таңдаймын	Paper source (Қағаз көзі) жайылмалы тізімнен науаны таңдаңыз.
Қағаз түрін таңдаймын	Paper type (Қағаз түрі) ашылмалы тізімінен More... (Қосымша...) батырмасын басыңыз. Type is: (Түрі:) тармағына арналған опцияларды кеңейтіңіз. Қағазыңызды жақсы сипаттайтын қағаз түрлерінің санатын кеңейтіп, пайдаланылатын қағаз түрін таңдаңыз.
Түрлі қағазбен мұқабаны басып шығара аламын Түрлі қағазда бірінші немесе соңғы бетті басып шығарамын.	а) Special pages (Арнайы беттер) аумағында, Covers (Мұқабалар) немесе Print pages on different paper (Түрлі қағазбен бетті басып шығару) таңдаңыз және содан кейін Settings (Параметрлер) батырмасын басыңыз. ә) Таза немесе алдын-ала басылған беттерді, артқы мұқабаны немесе екі жағын да басып шығару үшін опцияны таңдаңыз. Немесе, түрлі қағазбен бірінші немесе соңғы бетті басып шығару үшін опцияны таңдаңыз. б) Paper source (Парақ көзі) және Paper type (Қағаз түрі) жайылмалы тізімнен опцияларды таңдап, одан кейін Add (Қосу) батырмасын басыңыз. в) OK басыңыз.
Басып шығарылған бейненің шешімін реттеймін	Print Quality (Басып шығару сапасы) аймағында бірінші жайылмалы тізімнен опцияны таңдаңыз. Әрбір опция туралы ақпаратты алу үшін онлайн Анықтамадан принтер драйверлерін көріңіз.
Басып шығарылған бетте жалтырақ деңгейін реттеймін.	Print Quality (Басып шығару сапасы) аймағында Gloss Level (Жалтырақ деңгейі) жайылмалы тізімнен опцияны таңдаңыз. ЕСКЕРІМ: Егер жылтыр түрді қағазды пайдалансаңыз, жылтыр деңгейін орнатудың орнына Paper type (Қағаз түрі) ашылмалы тізімінен сол түрді таңдаңыз.

Құжат әсерін орнату

Келесі тапсырмаларды орындау үшін принтер драйверлерін ашып, **Effects** (Әсерлер) жиекбелгісін басыңыз.

Мен қалайша	Орнату адымдары
Таңдалған қағаз көлемінен бетке сиғызу үшін масштабтаймын	Print document on (Құжатты басып шығару) батырмасын басыңыз және содан кейін жайылмалы тізімнен көлемін таңдаңыз.
Ақтуалды көлеміне пайыздық ара қатынаста қағазды масштабтай аламын	% of actual size (Қалыпты Өлшем %) батырмасын басыңыз және содан кейін пайызын басып немесе слайдер жолағын реттеңіз.
Су белгілерін басып шығара аламын	а) Watermarks (Су белгілері) жайылмалы тізімнен су белгісін таңдаңыз. ә) Су белгісін тек бірінші бетінде ғана басып шығару үшін First page only (Тек бірінші бетті ғана) таңдаңыз. Әйтпесе, су белгісі әрбір параққа басылып шығады.
Су белгілерін қоса немесе түзете аламын	а) Watermarks (Су белгілері) аймағында, Edit (Түзету) батырмасын басыңыз. Watermark Details (Су белгілерінің Жете ақпараты) диалог терезесі ашылады. ә) Су

Мен қалайша

Орнату адымдары

ЕСКЕРІМ: Принтер драйверін осында жұмыс істеуге арналған серверден гөрі компьютеріңізге орнату керек.

белгілерінің параметрлерін орнатып, содан кейін **OK** басыңыз.

Құжатты аяқтау опциясын орнату

Келесі тапсырманы орындау үшін принтер драйверін ашып, **Finishing** (Аяқтау) жиекбелгісін басыңыз.


Мен қалайша

Орындау адымдары


Екі жағына қолмен басып шығару (дуплекс)

ЕСКЕРІМ: Бұл ақпарат автоматты дуплексері жоқ өнімдерге қолданылады.


1. Қағаздың бетін төмен қаратып 1-науаға немесе бетін жоғары қаратып 2-науаға салыңыз.



2. Принтер драйверінде **Print on both sides (manually)** (Екі жағына басып шығару (қолмен)) құсбелгі көзін белгілеңіз. Егер құжаттың жоғарғы жиегінен түптейтін болсаңыз, **Flip pages up** (Беттерді жоғары қарай аудару) құсбелгі көзін белгілеңіз.
3. Тапсырманың бірінші жағын басып шығару үшін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Басып шығарылған жинақты шығару қалтасынан шығарып, оның басып шығарылған бетін жоғары қаратып 1-науаға салыңыз.




5. Тапсырманың екінші жағын басып шығару үшін **OK** батырмасын басыңыз.
-

Мен қалайша	Орындау адымдары
<p>Екі жағына автоматты түрде басып шығару (дуплекс)</p> <p>ЕСКЕРІМ: Бұл ақпарат автоматты дуплексері бар өнімдерге қолданылады.</p>	<p>1. Қағаздың бетін жоғары қаратып 2-науаға салыңыз.</p>  <p>2. Принтер драйверінде Print on both sides (Екі жағына басып шығару) құсбелгі көзін белгілеңіз. Егер құжаттың жоғарғы жиегінен түптейтін болсаңыз, Flip pages up (Беттерді жоғары қарай аудару) құсбелгі көзін белгілеңіз.</p> <p>3. Тапсырманы басып шығару үшін OK батырмасын басыңыз.</p>
Буклетті басып шығара аламын	а) Print on both sides (Екі жағына басып шығару) құсбелгі көзін белгілеңіз. ә) Booklet layout (Буклет жобасы) ашылмалы тізімінен Left binding (Сол жақтан түптеу) немесе Right binding (Оң жақтан түптеу) опциясын таңдаңыз. Pages per sheet (Бір парақтағы беттер саны) опциясы 2 pages per sheet (әр параққа 2 бет) параметріне автоматты түрде өзгереді.
Бір параққа көп бетті басып шығара аламын	а) Pages per sheet (Параққа бір бет) жайылмалы тізімнен парақ санын таңдаңыз. ә) Print page borders (Басып шығару Беттерінің Жиектері) және Page Order (Бет Кезегі) және Orientation (Бағыты) үшін дұрыс опцияларды таңдаңыз.
Парақ бағытын таңдай аламын	а) Orientation (Бағыт) аумағында Portrait (Кітаптық) немесе Landscape (Альбомдық) опциясын таңдаңыз. ә) Бет бейнесінің жоғарғы жағын төмен қаратып басып шығару үшін Rotate by 180 degrees (180 градусқа бұру) опциясын таңдаңыз.

Тапсырмаларды сақтау опциясын орнату

Келесі тапсырмаларды орындау үшін принтер драйверін ашып, одан соң **Job Storage** (Тапсырмаларды сақтау) жиекбелгісін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Тапсырманы сақтау мүмкіндігі туралы қосымша ақпарат алу үшін [Тапсырмаларды сақтау 69-бетте](#) және [Тапсырмаларды сақтау опциясын орнату 126-бетте](#) бөлімдерін қараңыз.

Мен қалайша	Орындау адымдары
Барлық көшірмелерді басып шығармас бұрын растау үшін бар көшірмені басып шығарыңыз	Job Storage Mode (Тапсырманы сақтау режимі) аймағында Proof and Hold (Растау және Ұстау) батырмасын басыңыз. Өнім тек бірінші көшірмені ғана басып шығарады. Қалған көшірмені басып шығаруға кеңес беретін хабар өнімнің басқару панеліне шығады.
Жеке тапсырманы өнімге уақытша сақтау және оны кейінірек басып шығару	а) Job Storage Mode (Тапсырманы сақтау режимі) аймағында Personal Job (Дербес тапсырма) батырмасын басыңыз. ә) Таңдаулы: Make Job Private (Тапсырманы жекелеу) аймағында PIN to print (Басып шығару үшін PIN)

Мен қалайша	Орындау адымдары
	батырмасын басыңыз және 4 санды жеке анықтау нөмірін (PIN) енгізіңіз.
Тапсырманы өнімде уақытша сақтаңыз ЕСКЕРІМ: Егер өнім сөндірілсе, бұл тапсырмалар жойылады.	Job Storage Mode (Тапсырманы сақтау режимі) аймағынан Quick Copy (Жылдам көшіру) таңдаңыз. Тапсырманың бір көшірмесі басып шығарылды, бірақ сіз өнімнің басқару панелінен қосымша көшірме басып шығара аласыз.
Тапсырманы өнімде уақытша сақтаңыз	Job Storage Mode (Тапсырманы сақтау режимі) аймағында Personal Job (Дербес тапсырма) батырмасын басыңыз.
Тұрақты сақталатын тапсырманы жеке етіп орнатыңыз, оны басып шығару әрекетін жасаған кез-келген адам PIN енгізуі тиіс болады	а) Job Storage Mode (Тапсырманы сақтау режимі) аймағында Personal Job (Дербес тапсырма) батырмасын басыңыз. ә) Make Job Private (Тапсырманы жеке қылу) аймағында PIN to print (Басып шығару үшін PIN) батырмасын басыңыз және 4 санды жеке анықтау нөмірін енгізіңіз (PIN).
Әлдекімнің сақталған тапсырманы басып шығаруы кезінде ескерту қабылдаңыз	Job Notification Options (Тапсырманы ескерту опциялары) аймағында Display Job ID when printing (Басып шығару кезінде Тапсырма ID көрсету) таңдаңыз.
Сақталған тапсырма үшін пайдаланушы атауын орнатыңыз	Windows стандартты пайдаланушы атауын қолдану үшін User Name (Пайдаланушы аты) аймағынан User name (Пайдаланушы атауы) таңдаңыз. Өртүрлі пайдаланушы атауларымен қамтамасыз ету үшін Custom (Бейімделген) батырмасын басыңыз және атауды теріңіз.
Сақталған тапсырма үшін атау орнату	а) Стандартты тапсырма атауын қолдану үшін Job Name (Тапсырма атауы) аймағында Automatic (Автоматты) батырмасын басыңыз. Тапсырма атауын орнату үшін Custom (Бейімделген) батырмасын басыңыз және атауды теріңіз. ә) If job name exists (Егер тапсырма атауы бар болса) жайылмалы тізімінен опцияны таңдаңыз. Қолда бар атаудың соңына сан қосу үшін Use Job Name + (1-99) (Тапсырма атауын пайдалану + (1-99)) таңдаңыз немесе сол атқа ие тапсырма орнына жазу үшін Replace Existing File (Қолда бар файлды алмастыру) таңдаңыз.

Түс опцияларын орнату

Келесі тапсырмаларды орындау үшін принтер драйверлерін ашып, **Color** (Түс) жиекбелгісін басыңыз.

Мен қалайша	Орындау адымдары
Түс параметрлерін қолмен реттей аламын	а) Color Options (Түс опциялары) аймағында, Manual (Қолмен) таңдаңыз және содан кейін Settings (Параметрлер) батырмасын басыңыз. ә) Сіз негізгі параметрлерді Бақылау Шегінен реттей аласыз және мәтінді, графиканы әрі фотосуреттерді баптай аласыз. Әр опция туралы ақпарат алу үшін Түсті басқару 132-бетте бөлімін қараңыз.

Мен қалайша	Орындау адымдары
Түрлі-түсті етіп басып шығаруды сөндіріңіз және тек сұр шәкілді ғана пайдаланыңыз.	Color Options (Түс опциялары) аймағында Print in Grayscale (Сұр шәкілмен басып шығару) параметрін таңдаңыз.
Түстер көрінетін жолды өзгерте аламын	Color Themes (Түс тақырыптары) аймағында ашылмалы тізімнен опцияны таңдаңыз. Әр опция туралы ақпарат алу үшін Түсті басқару 132-бетте бөлімін қараңыз.

Қолдау және өнім мәртебесінің ақпаратын алу

Келесі тапсырмаларды орындау үшін принтер драйверін ашып, **Services** (Қызметтер) батырмасын басыңыз.

Мен қалайша	Орындау адымдары
Өнімнің қолдау ақпаратын ала аламын және онлайн режимінде қамтамасыз етулерге тапсырыс бере аламын	Internet Services (Интернет Қызметтері) жайылмалы тізімнен қолдау опциясын таңдап, Go! (Өту!) батырмасын басыңыз.
Қамтамасыз етулердің деңгейі бар өнімнің мәртебесін тексере аламын	Device and Supplies Status (Құрал және Қамтамасыз ету мәртебесі) белгішесін басыңыз. HP енгізілген Веб сервердің Device Status (Құрал мәртебесі) ашылады.
Өнім басып шығарған түрлі түсті беттер мен тек қара беттердің саны туралы ақпаратты тауып алу	Print Color Usage Job Log (Басып шығаруға пайдаланылған түстер тапсырма журналы) белгішесін басыңыз. Пайдаланылған түстер тапсырма журналында басып шығарылған беттердің жалпы саны мен сол беттердің қаншасы түрлі түсті және қаншасы тек қара түсті екені берілген.

Кеңейтілген басып шығару опцияларын орнатыңыз

Келесі тапсырмаларды орындау үшін принтер драйверін ашып, **Advanced** (Кеңейтілген) жиекбелгісін басыңыз.

Мен қалайша	Орындау адымдары
Кеңейтілген басып шығару опцияларын таңдаймын	Кез келген бөлімде, Сіз параметрлерді өзгерте алатын жайылма тізімді іске қосу үшін ағымдағы параметрлерді таңдаңыз.
Басып шығарылатын көшірмелердің санын өзгерте аламын ЕСКЕРІМ: Егер сіз пайдаланатын бағдарламалық құрал жекелеген көшірмелерді басып шығару жолын қамтамасыз етсе Сіз драйверден көшірмелердің санын өзгерте аласыз.	Paper/Output (Қағаз/Шығысы) бөлімін ашыңыз және содан кейін басып шығарылатын көшірмелердің санын енгізіңіз. Егер Сіз 2 не одан көп көшірмені таңдасаңыз, парақтарды орналастыру опциясын таңдай аласыз.
Осы параметрлерді өзгерту барлық басып шығару тапсырмалары үшін көшірмелердің санына әсер етеді. Сіздің тапсырмаңыз басып шығарылғаннан кейін осы параметрлерді бастапқы мәнде қайта сақтаңыз.	
Түрлі-түсті мәтінді сұр шәкіліне қарағанда жақсы болатын қара етіп басып шығара аламын	а) Document Options (Құжат Опциясы) бөлімін ашыңыз және содан кейін Printer Features (Принтер мүмкіндіктері) бөлімін ашыңыз. ә) Print All Text as Black (Барлық мәтінді

Мен қалайша	Орындау адымдары
Басып шығарылатын әр парақтың тапсырысын өзгерте аламын	қара етіп басып шығару) жайылмалы тізімнен Enabled (Енгізілген) таңдаңыз. а) Document Options (Құжат Опциясы) бөлімін ашыңыз және содан кейін Layout Options (Буклет Опциялары) бөлімін ашыңыз. ә) Page Order (Қағазға тапсырыс беру) жайылмалы тізімнен құжатта тұрғандай дәл сол сияқты тапсырыспен басып шығару үшін Front to Back (Алдынан артқа қарай) таңдаңыз немесе парақты реверс тапсырысымен басып шығару үшін Back to Front (Артынан алдыға қарай) таңдаңыз.

9 Түсті пайдалану


- [Түсті басқару](#)
- [Түстерді сәйкестендіру](#)
- [Жетілдірілген түстерді пайдалану](#)

Түсті басқару

Принтер драйверіндегі Түс қойындысында параметрлерді өзгерту арқылы түсті басқару.

Автоматты

Түс опциясын **Автоматты** күйіне қою әдетте түсті құжаттар үшін барынша жақсы сапаны қамтамасыз етеді. **Автоматты** түс реттеуі құжаттағы әр элементтің бейтарап сұр түсінің, жартылай реңктерінің және жиектік жақсартуларының өңделуін оңтайландырады. Толығырақ ақпарат алу үшін өзіңіздің принтеріңіздің драйвері бойынша онлайн Анықтамалықты қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** **Automatic** (Автоматты) стандартты реттеу болып табылады және барлық түсті құжаттарды басып шығару үшін қолданылады.

Сұр шәкілде басып шығару


Құжатты сұр шәкілде басып шығару үшін принтер драйверінің **Print in Grayscale** (Сұр шәкілде басып шығару) опциясын таңдаңыз. Бұл опцияны фотокошірмесі жасалатын немесе факспен жіберілетін құжатты басып шығару үшін пайдалануға болады.

Сұр шәкілде басып шығару опциясы таңдалғанда өнім түсті картридждің пайдалануын азайтатын монохромды режимде басып шығарады.

Түсті пайдалануды шектеу

Бұл өнім **ТҮСТІ ПАЙДАЛАНУДЫ ШЕКТЕУ** параметрін қамтиды. Желі әкімшісі пайдаланушының түс тонерін сақтау үшін түрлі түспен басып шығаруын шектеуге осы параметрді пайдалана алады. Егер сіз түрлі түспен басып шығара алмасаңыз, желі әкімшісімен хабарласыңыз.

Түрлі түспен басып шығаруды шектеу

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **ЖҮЙЕ ОРНАТПАСЫ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. **ТҮСТІ ПАЙДАЛАНУДЫ ШЕКТЕУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. Келесінің бірін таңдаңыз:
 - **ТҮСТІ АЖЫРАТУ**. Бұл параметр барлық пайдаланушылардың түрлі түспен басып шығару мүмкіндіктерінен бас тартады.
 - **ТҮСТІ ҚОСУ** (стандартты) Бұл параметр барлық пайдаланушылардың түрлі түспен басып шығаруына мүмкіндік береді.
 - **ТҮСТІ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙДА**. Параметр желі әкімшісінің таңдаулы пайдаланушыларға және/немесе бағдарламаларға түрлі түсті пайдалануына рұқсат етуіне мүмкіндік береді. Түрлі түспен басып шығара алатын пайдаланушыларды және/немесе бағдарламаларды анықтау үшін енгізілген веб серверді пайдаланыңыз.
6. Сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Түрлі түсті пайдалануды шектеу және хабарлау туралы қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/coloraccess торабын қараңыз.

Қолмен түсті реттеу

Мәтіндердің, графиканың және фотосуреттердің бейтарап сұр түсінің, жартылай реңктерінің және жиектік жақсартуларының өңделуін реттеу үшін түстің **Manual** (Қолмен) реттелуін пайдаланыңыз. Қолмен реттелетін түс опцияларына кіру үшін **Color** (Түс) жиекбелгісінен **Manual** (Қолмен) тармағын және одан кейін **Settings** (Параметрлер) тармағын таңдаңыз.

Қолмен реттелетін түс опциялары

Мәтін, графика және фотосуреттер үшін **Neutral Grays** (Бейтарап Сұр түстер), **Halftone** (Жартылай реңк) және **Edge Control** (Жиектерді Түзету) опциялары үшін қолмен реттелетін түс опцияларын пайдаланыңыз.

HP Jetdirect не EIO баспа серверінің картасын немесе EIO қатты дискісін орнату


Бұл өнім сыртқы I/O (EIO) слотымен жабдықталған. Қосымша HP Jetdirect баспа серверін немесе сыртқы EIO қатты дискісін қол жетімді EIO слотына орнатуыңызға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл үлгі HP Jetdirect баспа серверінің картасын орнатуды көрсетеді.


1. Өнімді өшіріңіз.




2. Барлық қорек және интерфейстік кабельдерді ажыратыңыз.




3. EIO слотының қақпағын ұстап тұрған екі бұранданы босатып алыңыз, содан кейін қақпақты алыңыз. Сізге бұл бұрандалар мен қақпақ қайтадан қажет болмайды. Оларды тастай салуға болады.




4. Мықтылап HP Jetdirect баспа сервері картасын EIO слотына кіргізіңіз.



5. Баспа серверінің картасымен бірге келетін бұрандаларды салып тартып тастаңыз.



6. Қорек қабелі мен қалған интерфейстік кабельдерді қайта жалғап, өнімді қосыңыз.



7. Конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Желілік конфигурация мен күй ақпаратын қамтитын HP Jetdirect конфигурациялау бетін де басып шығару керек.

Егер ол басып шығарылмаса, өнімді өшіріңіз, содан кейін слотқа толық отырғанына көз жеткізу үшін баспа серверінің картасын шығарып, орнына қайта салыңыз.

8. Төмендегі қадамдардың біреуін орындаңыз:

- Сәйкес портты таңдаңыз. Нұсқауларды компьютердің немесе операциялық жүйенің құжаттарынан қараңыз.
- Осы кезде желіге орнатуды таңдай отырып, бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз.

Өнімді тазалау

Уақыт өте тонер мен қағаз қалдықтары өнімнің ішіне жиналады. Бұл басып шығару кезінде баспа сапасының ақаулықтарының тууына себепші болады. Өнімді тазалау осы ақаулықтарды жояды немесе азайтады.

Баспа картриджін тазалаған сайын немесе баспа сапасына қатысты ақаулықтар пайда болғанда қағаз жолы мен баспа картриджінің аумақтарын тазалаңыз. Мүмкіндігінше өнімді шаң мен қалдықтардан аулақ ұстаңыз.

Сыртын тазалаңыз

Құрылғының сыртындағы шаңды, дақтарды, жағылғандарды сүртіп тастау үшін жұмсақ, талшықсыз шүберекті пайдаланыңыз.

Төгілген тонерді тазалау

Егер тонерді киіміңізге не қолыңызға тигізіп алсаңыз, оларды *суық* сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді матаға отырғызып тастайды.

Термобекіткішті тазалау


Термобекіткішті тонерден және кейде жиналып қалатын қағаз қалдықтарынан таза ұстау үшін өнімнің тазалағыш бетін іске қосыңыз. Тонер мен қағаз қалдығының жиналуы баспа тапсырмаларының алдында не артында дақтардың пайда болуына себепші болуы мүмкін.

HP компаниясы баспа сапасына қатысты ақаулық орын алған кезде тазалағыш бетті пайдалануыңызды ұсынады.

Тазаланып жатқанда, өнімнің басқару тақтасына **CLEANING** (ТАЗАЛАНУДА) хабары шығады.

Тазалағыш беттің дұрыс жұмыс істеуі үшін көшіру құрылғысы жоғары сапалы қағазымен (жоғары сортты, ауыр не қатты қағаз емес) бетті басып шығарыңыз. Тапсырма аяқталғанда, бет басып шығарылады. Бетті тастай салыңыз.


Тазалағыш бетті жасау және пайдалану

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▲/▼ жоғары көрсеткісін не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **БАСЫП ШЫҒАРУ САПАСЫ** мәзірін бөлектеу үшін ▲/▼ жоғары көрсеткісін не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Егер өнімде екі жағына автоматты басып шығару болмаса, **ТАЗАЛАУ БЕТІН ЖАСАУ** опциясын бөлектеу үшін ▲/▼ жоғары көрсеткісін не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз. Егер өнімде екі жағына автоматты басып шығару болса, 5-қадамға өтіңіз.
5. **ТАЗАЛАУ БЕТІН ӨНДЕУ** опциясын бөлектеу үшін ▲/▼ жоғары не төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
6. Басып шығарылған бетті тастай салыңыз. Тапсырма аяқталды.

Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Бұл өнімнің микробағдарламалық жасақтамасында қашықтан жаңарту (RFU) мүмкіндігі бар. Өнімнің микробағдарламалық жасақтамасын жаңарту үшін осы ақпаратты пайдаланыңыз.

Микробағдарламалық жасақтаманың қазіргі нұсқасын анықтау

1. Мәзір батырмасын  басыңыз.
2. **АҚПАРАТ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
3. **БАСПА КОНФИГУРАЦИЯСЫ** опциясын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін басып шығару үшін **ОК** батырмасын басыңыз.


Ішкі бағдарламалық құралдың мерзімдік коды **Device Information** (Құрылғы жөніндегі ақпарат) бөліміндегі Конфигурациялау бетінде беріледі. Ішкі бағдарламалық құралдың мерзімдік кодының пішімі мынадай: ЖЖЖЖААКК ХХ.ХХХ.Х.

- Сандар тізбегінің бірінші бөлшегі күнді білдіреді. Оның ішінде, ЖЖЖЖ жылын, АА айын, ал КК күнін білдіреді. Мысалы, 20061125 деп басталатын енгізілген бағдарламалық құралдың мерзімдік коды 2006 жылдың 25 қарашасын білдіреді.
- Сандардың екінші жолы ондық бөлшек форматымен берілген ішкі бағдарламалық құрал нұсқасының нөмірі болып табылады.

HP веб-торабынан жаңа микробағдарламалық жасақтаманы жүктеу


Өнімге арналған енгізілген бағдарламалық құралдың ең соңғы нұсқасын табу үшін www.hp.com/go/cljcp3525_firmware торабына өтіңіз. Бұл бетте ішкі бағдарламалық құралдың жаңа нұсқасын көшіріп алу жөнінде нұсқаулар беріледі.

Жаңа микробағдарламалық жасақтаманы өнімге көшіру

 **ЕСКЕРІМ:** Өнім «дайын» қалпында тұрған кезде .RFU файл жаңартуын қабылдауы мүмкін.


Төмендегі жағдайлар файлды жіберуге қажетті уақытқа әсер етуі мүмкін.

- Жаңарту жіберетін хост компьютердің жылдамдығы.
- Жаңарту өңделердің алдында кезектегі .RFU тапсырмасының алдындағы тапсырмалар аяқталады.
- Егер енгізілген бағдарламалық құрал жүктелердің алдында өңдеу үзіліп кетсе, сізге енгізілген бағдарламалық құрал файлынан қайтадан жіберу керек.
- Егер енгізілген бағдарламалық құралды жаңарту кезінде электр тогында ақау болса, жаңарту үрдісі үзіліп, **Resend upgrade** (Жаңартуды қайта жіберу) хабары басқару тақтасының дисплейіне (тек ағылшын тілінде) шығады. Мұндай жағдайда сізге жаңартуды USB порты арқылы жіберу керек.

 **ЕСКЕРІМ:** Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту процессінде энергияға тәуелсіз оперативті сақтау құрылғысының (NVRAM) пішімі өзгереді. Бастапқы параметрлерден өзгерген мәзір параметрлері стандартты параметрлерге қайта оралуы мүмкін. Егер сізге стандарттыдан өзге параметрлер қажет болса, онда оларды қайта өзгертуіңіз қажет.

Енгізілген бағдарламалық құралды жаңарту үшін флэшпен орындалатын файлды пайдалану

Бұл өнімнің флэшке негізделген жады бар, сондықтан енгізілген бағдарламалық құралды жаңарту үшін флэштің енгізілген бағдарламалық құралының (.EXE) файлы пайдалануыңызға болады. Бұл файлды www.hp.com/go/cljcp3525_firmware торабынан жүктеңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл әдісті пайдалану үшін өнімді компьютеріңізге USB кабелі арқылы тікелей жалғап, осы өнімге арналған принтер драйверін компьютеріңізге орнатыңыз.

1. Конфигурациялау бетін басып шығарып, TCP/IP мекенжайын жазып алыңыз.
2. Компьютеріңізден .EXE файлы тауып, файлды ашу үшін екі рет басыңыз.
3. **Select Printer to Update** (Принтерді жаңартуға таңдау) ашылмалы тізімінен осы өнімді таңдаңыз. Жаңарту үрдісін бастау үшін **Start** (Бастау) батырмасын басыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Өнімді өшірмеңіз немесе осы үрдіс кезінде баспа тапсырмасын жіберіп жүрмеңіз.

4. Үрдіс аяқталғанда, күлімдеген бет белгішесі диалог терезесіне шығады. Диалог терезесін жабу үшін **Exit** (Шығу) батырмасын басыңыз.
5. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.
6. Басқа конфигурациялау бетін басып шығарып, тізімдегі жаңа енгізілген бағдарламалық құралдың мерзімдік кодын тексеріңіз.

FTP протоколын пайдаланып, микробағдарламалық жасақтаманы брайзер арқылы жүктеңіз.


1. Қолданып отырған Интернет браузеріңіз FTP тораптарындағы файл папкаларын қарауға бапталғандығын тексеріңіз. Бұл нұсқаулар Microsoft Internet Explorer бағдарламасына арналған.
 - a. Браузерді ашып, **Tools** (Құралдар) мәзірінен **Internet Options** (Интернет параметрлері) тармағын таңдаңыз.
 - b. **Advanced** (Кеңейтілген) жиекбілгесін шертіңіз.
 - c. **Enable folder view for FTP sites** (FTP тораптарындағы файл папкаларын көруді қосу) атаулы құсбелгі көзін белгілеңіз.
 - d. **OK** батырмасын басыңыз.
2. Конфигурациялау бетін басып шығарып, TCP/IP мекенжайын жазып алыңыз.
3. Браузер терезесін ашыңыз.
4. Браузердің адрес жолына
`ftp://<АДРЕС>`

теріңіз. Бұндағы <АДРЕС> өнімнің адресін білдіреді. Мысалы, егер TCP/IP адресі 192.168.0.90 болса,

ftp://192.168.0.90


теріңіз.

5. Өнімге арналған .RFU файлын табыңыз.
6. Шолушы терезесінде .RFU файлын **PORT** белгішесіне апарып тастаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Өнім өшіріледі, содан соң жаңарту үрдісін іске қосу үшін автоматты түрде қосылады. Жаңарту процессі аяқталған соң өнімнің басқару тақтасында **Дайын** хабары көрсетіледі.

FTP протоколын пайдаланып, میکробағдарламалық жасақтаманы желілік байланысы арқылы жаңарту

1. HP Jetdirect бетіндегі IP адресі қарап алыңыз. Конфигурация бетін басып шығару кезінде HP Jetdirect беті екінші болып басылып шығады.

 **ЕСКЕРІМ:** Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту алдында өнім Күту режимінде емес екенін тексеріп алыңыз. Сонымен қатар, басқару панелінің дисплейінде ешқандай қателік туралы хабардың жоғын тексеріп алыңыз.

2. **Start** (Бастау) мәзірінен **Run** (Іске қосу) батырмасын басыңыз. Содан соң, `cmd` пәрменін теріп, пәрмен терезесін ашыңыз.
3. Келесіні теріңіз: `ftp <TCP/IP ADDRESS>` (`ftp <TCP/IP МЕКЕНЖАЙЫ>`). Мысалы, егер TCP/IP мекенжайы 192.168.0.90 болса, `ftp://192.168.0.90` дегенді теріңіз.
4. Микробағдарламалық файлдың сақталған жеріне барыңыз.
5. Пернетақтада **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз.
6. Пайдаланушының аты қажет етілсе, **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз.
7. Күпия сөз қажет етілсе, **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз.
8. Пәрмен терезесінде `bin` теріңіз.
9. **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз. Пәрмен терезесінде **200 Types set to I, Using binary mode to transfer files** (200 Түрлері I-ге қойылған, Файлдарды жіберуге бинарлық режимді пайдалануда) хабары көрсетіледі.
10. `put` деп, одан кейін файлдың атын теріңіз. Мысалы, файл аты `cljcp3525.rfu` болса, `put cljcp3525.rfu` деп теріңіз.
11. Көшіру үрдісі басталып, өнімнің енгізілген бағдарламалық құралы жаңартылады. Оған бірнеше минут кетуі мүмкін. Енді өнімнің немесе компьютеріңіздің жұмысына араласпай, жаңарту үрдісінің аяқталуын күтіңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жаңарту процессі аяқталған соң, өнім өздігінен өшіріліп, қайта қосылады.

12. Пәрмен терезесінде келесіні теріңіз: `bye` - ftp пәрменінен шығу үшін.
13. Пәрмен терезесінде келесіні теріңіз: `exit` - Windows интерфейсіне оралу үшін.

HP Web Jetadmin пайдаланып, микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Өнімнің енгізілген бағдарламалық құралын жаңартуға HP Web Jetadmin құралын пайдалану әдісін үйреніп алу үшін www.hp.com/go/webjetadmin сайтына кіріңіз.

Microsoft Windows пәрмендері арқылы микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Микробағдарламалық жасақтаманы желілік байланыс арқылы жаңарту үшін келесі нұсқауларға еріңіз.

1. **Start** (Бастау) мәзірінен **Run** (Іске қосу) батырмасын басыңыз. Содан соң, `cmd` пәрменін теріп, пәрмен терезесін ашыңыз.

2. Келесіні теріңіз:

```
copy /B FILENAME> \\COMPUTERNAME>\SHARENAME>
```

,мұнда <FILENAME> .RFU файлының атын (оның ішінде, жолы), <COMPUTERNAME> өнім ортақ пайдаланылатын компьютердің атын, ал <SHARENAME> өнімнің ортақ атын білдіреді.

Мысалы:

```
C:\>copy /b C:\cljcp3525.rfu \\YOUR_SERVER\YOUR_COMPUTER
```

.



ЕСКЕРІМ: Егер файлдың атында немесе жолында бос аралық болса, сіз файлдың атын немесе жолды тырнақшаға жабуыңыз тиіс. Мысалы, келесіні теріңіз:

```
C:\>copy /b "C:\MY DOCUMENTS\cljcp3525.rfu" \\YOUR_SERVER\YOUR_COMPUTER
```

.

3. Пернетақтада **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз. Басқару тақтасы енгізілген бағдарламалық құралдың жаңарту барысын көрсететін хабарды шығарады. Жаңарту процессінің соңында басқару тақтасы **Дайын** хабарын көрсетеді. Компьютеріңіздің дисплейінде **One File Copied** (Бір файл көшірілді) хабары көрсетіледі.


HP Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасын жаңарту

Өнімдегі HP Jetdirect желілік интерфейсіңде өнімнің микробағдарламалық жасақтамасынан бөлек жаңартылатын микробағдарламалық жасақтама бар. Бұл процедураға компьютеріңізде HP Web Jetadmin жасақтамасының 7 немесе одан жаңалау нұсқасы орнатылған болуы керек.

[HP Web Jetadmin бағдарламалық құралын пайдалану 147-бетте](#) сілтемесін қараңыз. Келесі қадамдарды орындап, HP Web Jetadmin арқылы HP Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасын жаңартыңыз.

1. HP Web Jetadmin жасақтамасын ашыңыз.
2. Ашылмалы тізімдегі **Құрылғыны басқару** папкасын **Шарлау** тақтасынан ашыңыз. **Құрылғы тізімдері** папкасын шарлаңыз.
3. Сіз жаңартқыңыз келетін өнімді таңдаңыз.
4. **Құрылғы құралдары** ашылмалы тізімдегі **Jetdirect** енгізілген **бағдарламалық құралын жаңарту** опциясын таңдаңыз.
5. **Jetdirect** енгізілген **бағдарламалық құрал нұсқасы** тақырыбының астынан HP Jetdirect модель нөмірі мен ағымдағы енгізілген бағдарламалық құрал нұсқасы беріледі. Келесілерді ескеріңіз.
6. http://www.hp.com/go/wja_firmware торабына барыңыз.
7. HP Jetdirect моделінің нөмірлер тізімінен жазып алған модельдің нөмірін тауып алыңыз.

8. Модельге көрсетілген микробағдарламалық жасақтамасының қазіргі нұсқасын қарап, ол жазып алған нұсқадан жаңалау немесе ескілеу екенін тексеріңіз. Егер ол жаңалау болса, онда микробағдарламалық жасақтамасының сілтемесін шертіп, веб-бетінде берілген нұсқауларды орындау арқылы микробағдарламалық жасақтамасының файлын көшіріңіз. Бұл файл HP Web Jetadmin жасақтамасы жұмыс істеп тұрған компьютеріңіздегі келесі папкаға сақталу керек: <диск>:\PROGRAM FILES\HP WEB JETADMIN\DOC\PLUGINS\HPWJA\FIRMWARE\JETDIRECT.
9. HP Web Jetadmin жасақтамасында негізгі өнім тізіміне оралып, сандық жіберушіні қайтадан таңдаңыз.
10. **Құрылғы құралдары** ашылмалы тізімдегі **Jetdirect енгізілген бағдарламалық құралын жаңарту** опциясын қайтадан таңдаңыз.
11. HP Jetdirect енгізілген бағдарламалық құрал бетінде жаңа енгізілген бағдарламалық құрал нұсқасы **Jetdirect енгізілген бағдарламалық құралы HP Web Jetadmin бағдарламалық құралында қол жетімді** тақырыбының астынан беріледі. Jetdirect енгізілген бағдарламалық құралын жаңарту үшін **Енгізілген бағдарламалық құралды қазір жаңарту** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сондай-ақ, HP Jetdirect енгізілген бағдарламалық құралын жаңарту үшін FTP немесе HP Jetdirect енгізілген веб серверін пайдалануыңызға болады. Толық ақпарат алу үшін http://www.hp.com/go/wja_firmware торабына кіріңіз.

11 Мәселелерді шешу

- [Жалпы ақаулықтарды түзету](#)
- [Зауыттық параметрлерді қайтару](#)
- [Басқару панеліндегі хабарлардың түрі](#)
- [Басқару тақтасындағы хабарлар](#)
- [Кептелулер](#)
- [Қағаз қолдануға қатысты мәселелер](#)
- [Форматтаушы шамдарын түсіну](#)
- [Кескін сапасының мәселелерін шешу](#)
- [Өнімділік ақаулықтарын түзету](#)
- [Қосылу ақаулықтарын түзету](#)
- [Өнім бағдарламалық құралының мәселелері](#)
- [Жалпы кездесетін Windows жүйесіндегі мәселелер](#)
- [Macintosh ақаулықтарын түзету](#)

Жалпы ақаулықтарды түзету

Егер өнімнен дұрыс жауап келмесе, келесі тексеру тізімдегі қадамдарды орындаңыз. Егер өнім сол қадамнан өтпесе, келесі ақаулықтарды түзету ұсыныстарын орындаңыз. Егер орындаған қадам ақаулықты түзетсе, сіз тексеру тізімдегі қалған қадамдарды орындамай тоқтануыңызға болады.

Ақаулықтарды түзетуге арналған тексеру тізімі

1. Өнімнің Дайын шамы жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер ешқандай шам жанып тұрмаса, келесі қадамдарды орындаңыз:
 - a. Электр қорек кабелінің қосылған жерлерін тексеріңіз.
 - b. Өнімнің қосулы екенін тексеріңіз.
 - c. Желілік кернеу өнімнің қуат конфигурациясына дұрыс екенін тексеріңіз. (Кернеу талаптары жөнінде өнімнің артқы жағындағы белгіден қараңыз.) Егер сіз қуат қалыбын қолданып, оның кернеу талаптары ерекшеліктерге сай болмаса, өнімді тікелей қорек розеткасына қосыңыз. Егер ол қорек розеткасына қосылып тұрған болса, басқа розеткаға қосып көріңіз.
 - d. Егер осы әрекеттердің бірде біреуі көмектеспесе, HP Пайдаланушыға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.
2. Кабельді тексеріңіз.
 - a. Өнім мен компьютердің немесе желілік порттың арасындағы кабельдің қосылған жерлерін тексеріңіз. Қосылған жерлері мықты екенін тексеріңіз.
 - b. Мүмкін болса, кабельдің өзі сау екенін басқа кабельді қолдану арқылы тексеріңіз.
 - c. Желілік байланысты тексеріңіз. [Желілік ақаулықтарды түзету 222-бетте](#) қараңыз.
3. Басқару панелінің дисплейінде басқа хабарлардың бар-жоғын қараңыз. Егер қате туралы хабар шықса, [Басқару тақтасындағы хабарлар 176-бетте](#) қараңыз.
4. Сіз қолданып отырған қағазыңыз ерекшеліктерге сай келетінін тексеріңіз.
5. Конфигурация бетін басып шығарыңыз. [Ақпараттық беттер 140-бетте](#) қараңыз. Егер өнім желіге қосылған болса, HP Jetdirect беті де басылып шығады.
 - a. Егер бет басылып шықпаса, кемінде бір науада қағаздың бар екенін тексеріңіз.
 - b. Егер қағаз кептеліп қалса, [Кептелулер 197-бетте](#) қараңыз.
6. Егер конфигурация беті басылып шықса, келесіні тексеріңіз.
 - a. Егер бет дұрыс басылып шықпаса, онда ақаулық өнімнің аппараттық құрылғысында болуы керек. HP Пайдаланушыға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.
 - b. Егер бет дұрыс басылып шықса, онда өнімнің ақпараттық құрылғысы жұмыс істеп тұрғаны. Проблема пайдаланып отырған компьютеріңізде, принтер драйверінде немесе бағдарламалық жасақта.
7. Келесінің бірін таңдаңыз:

Windows: Start (Бастау) мәзіріндегі **Settings** (Параметрлер) тармағын нұқып, одан кейін **Printers** (Принтерлер) немесе **Printers and Faxes** (Принтерлер мен Факстар) тармағын таңдаңыз. Өнімнің атын қос нұқыңыз.

–немесе–


Mac OS X: Print Center (Басып Шығару Орталығы) немесе **Printer Setup Utility** (Принтерді орнату утилитасы) тармағын ашып, өнімнің жолын қос нұқыңыз.

8. Өнімге арналған принтер драйверін орнатылғанын анықтаңыз. Бағдарламалық жасақты қарап, өнімге арналған принтер драйверін орнатылғанына көз жеткізіңіз.
9. Жұмыс істеп тұрған бөтен бағдарламалық жасақтамадан қысқа құжатты басып шығарыңыз. Егер басылып шықса, онда ақаулық сіз пайдаланып отырған бағдарламалық жасақтамада болуы мүмкін. Егер басылып шықпаса, келесі қадамдарды орындаңыз:
 - a. Тапсырманы өнімнің бағдарламалық жасақтамасы орнатылған басқа бір компьютерден басып шығарып көріңіз.
 - b. Егер сіз өнімді желіге қосқан болсаңыз, онда ол өнімді компьютерге тікелей USB кабелімен қосыңыз. Өнімді тиісті портқа бағыттаңыз немесе сіз қолданып отырған жаңа қосылудың түрін таңдап, бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз.

Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар


Тапсырманы басып шығару уақытына әсер ететін бірнеше жайт бар:

- Өнімнің бір минутта шығаратын бет санымен (бет/мин) өлшенетін ең жоғарғы жылдамдығы
- Арнайы қағаз пайдалану үшін (мысалы: диапозитив, қалың қағаз және өзгекртілмелі өлшемді қағаз)
- Өнімнің өңдеу және жүктеу уақыты
- Графика құрамының күрделілігі мен көлемі
- Пайдаланып отырған компьютеріңіздің жылдамдығы
- USB байланысы
- Принтердің I/O конфигурациясы
- Өнімде орнатылған жад көлемі
- Желілік операциялық жүйесі мен конфигурациясы (егер қатысы бар болса)
- Сіз пайдаланып отырған принтер драйвері.

 **ЕСКЕРІМ:** Қосымша жад өнімнің құрмалас графиканы өңдеу мүмкіндігін жетілдіріп, жүктеу уақытын азайтатын болса да, ол өнімнің ең жоғарғы жылдамдығын (бет/мин) арттыра алмайды.

Зауыттық параметрлерді қайтару


ЫСЫРУЛАР мәзірі арқылы зауыттық параметрлерді қайтарыңыз.

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **ЫСЫРУЛАР** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. **ЗАУЫТТЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРДІ ҚАЙТАРУ** опциясын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін өнімнің бастапқы зауыттық параметрлерін ысыру үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Толығырақ ақпарат алу үшін [Мәзірді қайтарады 44-бетте](#) сілтемесін қараңыз.

Басқару панеліндегі хабарлардың түрі

Басқару панеліндегі хабарлардың төрт түрі өнімнің қалпын немесе мәселелерін көрсете алады.

Хабар түрі	Сипаттамасы
Қалпы туралы хабары	Қалпы туралы хабарлар өнімнің қазіргі қалпын көрсетеді. Олар өнімнің қалыпты жұмыс істегенін көрсетіп, оларды өшіруді қажет етпейді. Өнімнің қалпы өзгерген кезді, оларда өзгереді. Әрқашан өнімнің тапсырмалары аяқталып, ешқандай ескерту хабарлары болмай, жұмысқа дайын болып және желіге қосылып тұрған кезде, Ready (Дайын) деген қалпы туралы хабар көрсетіледі.
Ескерту хабарлары	Ескерту хабарлары деректер немесе баспа қателері туралы хабарлайды. Бұл хабарлар Ready (Дайын) немесе қалпы туралы хабарларымен ауысып тұрады және OK басылғанынша өзгермейді. Кейбір ескерту хабарларды өшіруге болады. Егер CLEARABLE WARNINGS (ӨШІРІЛЕТІН ХАБАРЛАР) өнімнің ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ мәзірінде JOB (ТАПСЫРМА) дегенге қойылған болса, келесі баспа тапсырмалары бұл хабарларды өшіреді.
Қате туралы хабарлар	Қате хабарлар іс-әрекет, мысалы қағазды салу немесе кептелген қағазды алып тастау, қажет екендігін хабарлайды. Кейбір қате туралы хабарлар өздігінен жалғастырылады. Егер AUTO-CONTINUE (ӨЗДІГІНЕН ЖАЛҒАСТЫРУ) мәзірлерді қойылған болса, өздігінен жалғастырылатын хабар 10 секундке шығып өшкеннен кейін өнім қалыпты жұмысын жалғастырады. ЕСКЕРІМ: Өздігінен жалғастырылатын қате туралы хабардың 10 секундке шыққан кезінде кез келген бір батырманы бассаңыз, сол хабар өшіріліп, батырманың функциясы орындалады. Мысалы,  батырмасын бассаңыз, баспа жұмысы тоқтатылып, баспа тапсырмасын жою мүмкіндігі ұсынылады.
Аса маңызды қате туралы хабарлар	Аса маңызды қате туралы хабарлар өнімнің істен шығуын хабарлайды. Осындай хабарлардың кейбіреуін өнімді өшіріп, қайта қосу арқылы өшіруге болады. Бұл хабарларға AUTO-CONTINUE (ӨЗДІГІНЕН ЖАЛҒАСТЫРУ) параметрі әсер етпейді. Егер аса маңызды қате туралы хабар өшірілмесе, онда өнімге техникалық қызмет көрсету қажет.

Басқару тақтасындағы хабарлар

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<X> USB сақтау құралы басталуда	USB сақтау құрылғысы параметрлерінің біреуі іске қосылуда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
<X> USB САҚТАУ ҚҰРАЛЫ ШЫҒАРЫЛҒАН	USB сақтау керек-жарағы ажыратылған.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріңіз. 2. USB сақтау керек-жарағын қайта жалғаңыз. 3. Өнімді қосыңыз.
<X> USB САҚТАУ ҚҰРАЛЫ ІСТЕМЕЙДІ	USB сақтау құралындағы параметр дұрыс істемейді.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріңіз. 2. USB сақтау керек-жарағын ажыратып, жаңа USB сақтау керек-жарағымен ауыстырыңыз.
<X> КАРТА СЛОТЫ ІСТЕМЕЙДІ	<X> слотындағы шағын флэш картасы дұрыс істемейді.	Картаны көрсетілген слоттан алып, жаңа картамен ауыстырыңыз.
<X> НАУА [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] Өлшемін немесе түрін өзгерту үшін ОК батырмасын басыңыз Параметрлерді қабылдау үшін ↶ батырмасын басыңыз	Бұл хабар науаның ағымдағы түрі мен өлшемін конфигурациялауды білдіреді.	Өлшемін не түрін өзгерту үшін OK батырмасын басыңыз. Параметрлерді қабылдау үшін ↶ артқа көрсеткісін басыңыз.
<X> НАУА [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] БОС	Көрсетілген науа бос және ағымдағы тапсырма осы науадан басып шығаруды қажет етпейді.	Науаны қолайлы уақытта қайта толтырыңыз.
<X> НАУА АШЫҚ	Көрсетілген науа ашық немесе толық жабылмаған.	Науаны жабыңыз.
<X>-НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРУ	Көрсетілген науа жүктелмей таңдалғанда және басқа қағаз науалары пайдаланылуға қол жетімді болмағанда осы хабар шығады.	Науаға сұралған қағазды салып, жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз.
<X>-НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРУ Басқа науаны пайдалану үшін ОК батырмасын басыңыз	Көрсетілген науа жүктелмей таңдалғанда және басқа қағаз науалары пайдаланылуға қол жетімді болғанда осы хабар шығады.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Лайықты қағазды науаға салыңыз. 2. Нұсқау берілгенде салынған қағаздың өлшемі мен түрін растаңыз. 3. Әйтпесе, басқа науаны таңдау үшін OK батырмасын басыңыз.
<X> НАУАНЫҢ КӨТЕРІЛУІН КҮТУДЕ	Көрсетілген науа қағазды беру үшін оны көтеруде.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
<X> НАУА ӨЛШЕМІ = <Өлшемі> Науаға баспа құралы өндірімесі қажет	Өнім HP ашықхат баспа құралы өндірімесінің осы науаға салынуын қажет ететін кіші қағаз өлшемімен басып шығаруға орнатылған.	Осы өлшемдегі қағазды пайдалану үшін қағазды салардың алдында баспа құралы өндірімесін орнатыңыз. Науаларды салу 90-бетте сілтемесін қараңыз.
<X> науасын салу немесе жабу	Көрсетілген науа ашық, бірақ ол басқа науадан қағаздың берілуіне кедергі жасауда.	Басып шығаруды жалғастыру үшін науаны жабыңыз.
<X> НАУА ТОЛЫП КЕТКЕН	Науа жинақ биіктігінің белгісінен асып тұр.	Қағаз жинағы науадағы шектеуден аспауы үшін керегінше қағазды алыңыз.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Артық қағазды шығарып алу		
<XX> БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮКТЕЛУДЕ Электр қорегін өшірмеңіз	Бағдарламалар мен қаріптерді өнімнің файл жүйесіне сақтауға болады және олар өнім қосылған кезде RAM ішіне жүктеледі. XX саны жүктеліп жатқан ағымдағы бағдарламаны көрсететін реттік санды белгілейді.	Ешқандай әрекет қажет емес. Өнімді өшірмеңіз.
<XX> НАУАДА ӨЛШЕМНІҢ СӘЙКЕССІЗДІГІ БАЙҚАЛДЫ	Тізімде берілген науадағы қағаз сол науаға көрсетілген өлшемге сәйкес келмейді.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Лайықты қағазды салыңыз. 2. Қағаздың дұрыс салынғанын тексеріңіз. 3. Егер хабар кетпесе, www.hp.com/support/cljcp3525 бойынша HP қолдау орталығымен хабарласыңыз.
<ЕСЕПТІ> басып шығару	Өнім ішкі бетті басып шығаруда. Бет аяқталғанда, өнім онлайн Дайын күйіне оралады.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
<ТҮРЛІ ТҮСТІ> КАРТРИДЖГЕ ТАПСЫРЫС БЕРУ	Көрсетілген баспа картриджі өлшеулі қызмет мерзімінің соңына жақындады. Жабдықты ауыстыру қажет болғанға дейін, басып шығару жалғаса береді.	Алмастыратын баспа картриджіне тапсырыс беріңіз.
<ТҮРЛІ ТҮСТІ> КАРТРИДЖГЕ ТАПСЫРЫС БЕРУ XXXX БЕТТЕН АЗ	Көрсетілген картридж пайдалану мерзімінің соңына жақындады. Қалған өлшеулі беттер осы өнімнің журнал бетінің қамтылуына негізделеді.	Алмастыратын картриджге тапсырыс беріңіз.
<ТҮРЛІ ТҮСТІ> КАРТРИДЖДІ АУЫСТЫРУ	Өнім жабдық деңгейінің өлшеулі қызмет мерзімінің соңына жеткен уақытын көрсетеді. Нақты қалған қызмет мерзімі өлшенгеннен басқаша болуы мүмкін. Баспа сапасы лайықсыз деңгейге келгенде орнату үшін алмастыратын жабдығыңыз қол жетімді болсын. Баспа сапасы лайықсыз деңгейге келгенге дейін жабдықты ауыстырудың қажеті жоқ. HP жабдығы өлшеулі қызмет мерзімінің соңына жеткенде, HP компаниясының сол жабдықтың Жоғары қорғау кепілдігінің мерзімі аяқталады. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі арқылы басып шығаруды жалғастыру үшін өнімді конфигурациялауыңызға болады. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі туралы қосымша ақпарат алу үшін Жүйені орнату мәзірі 27-бетте бөлімін қараңыз.	Көрсетілген түрлі түсті картриджді ауыстырыңыз. Баспа картридждерін ауыстыру 153-бетте Немесе ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі арқылы басып шығаруды жалғастыру үшін өнімді конфигурациялаңыз. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі туралы қосымша ақпарат алу үшін Жүйені орнату мәзірі 27-бетте бөлімін қараңыз.
<ТҮРЛІ ТҮСТІ> КАРТРИДЖДІ ОРНАТУ	Баспа картриджі алынған немесе дұрыс салынбаған.	Басып шығаруды жалғастыру үшін баспа картриджін ауыстырыңыз немесе дұрыстап салыңыз. Баспа картридждерін ауыстыру 153-бетте сілтемесін қараңыз.
<Түрлі түсті> қозғалтқышты бұру Шығу үшін ⊗ батырмасын басыңыз	Құрамдасты тексеру орындалуда; таңдалған құрамдас <түрлі түсті> картридж қозғалтқышы болып табылады.	Бұл тексеруді тоқтатуға дайын болған кезде ⊗ тоқтату батырмасын басыңыз.
<ТҮРЛІ ТҮСТІ> СЛОТЫНДАҒЫ ДҰРЫС ЕМЕС КАРТРИДЖ	Баспа картриджіне көрсетілген слотта түсі сәйкес емес картридж бар. Солдан оңға	Баспа картриджін слоттан алып, түсі сәйкес картриджді орнатыңыз.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
	<p>қарай баспа картридждерін мына ретпен орнату керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сары • Ашық қызыл • Көгілдір • Қара 	
10.32.00 РҰҚСАТСЫЗ ЖАБДЫҚ ПАЙДАЛАНЫЛУДА	Өнім HP емес жабдығын пайдалануда.	Егер сіз шынайы HP жабдығын сатып алғандығыңызға сенімді болсаңыз www.hp.com/go/antcounterfeit торабына өтіңіз. HP емес немесе рұқсат етілмеген жабдықтарды пайдалану нәтижесінде қажет етілген өнімді жөндеуге кепілдік берілмейді. HP компаниясы белгілі бір мүмкіндіктердің ұқыптылығын немесе қол жетімділігін қамтамасыз ете алмайды.
10.90.XY <ТҮРЛІ ТҮСТІ> КАРТРИДЖДІ АЛМАСТЫРУ	Тонер қоры дұрыс жұмыс істемейді.	Баспа картриджін ауыстырыңыз.
10.91.99 БАСПА КАРТРИДЖІНІҢ ҚАТЕЛІГІ	Көгілдір, ашық қызыл немесе сары баспа картридждерінің біреуі ақаулы, ауыстыруды қажет етеді.	Ақаулы картриджді ауыстырғаннан кейін өшіріп, жалғастыру үшін қайта қосыңыз.
10.XX.YY ЖАБДЫҚ ЖАДЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ	Өнім кем дегенде бір баспа картриджінің жад тегін оқи немесе жаза алмайды немесе жад тегі баспа картриджінде жоқ.	Баспа картриджін орнына салыңыз немесе жаңа баспа картриджін салыңыз.
	<p>XX мәндері</p> <ul style="list-style-type: none"> • 00 = Жад тегінің жад қателігі • 10 = Жад тегі жоқ <p>YY мәндері</p> <ul style="list-style-type: none"> • 00 = Қара • 01 = Көгілдір • 02 = Ашық қызыл • 03 = Сары 	
11.XX Ішкі сағат қателігі Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	Өнімнің нақты уақыт сағатында қателік пайда болды.	Өнім өшіріліп, қайта қосылғанда, уақыт пен күнді басқару тақтасынан орнатыңыз. Басқару тақтасын пайдалану 12-бетте сілтемесін қараңыз. Егер қате кетпесе, сізге форматтаушыны ауыстыру керек.
13.XX.YY 1-НАУАДАҒЫ КЕПТЕЛУ	Кептелу 1-науада орын алды.	Кептелуді тазалау бойынша нұсқаулар алу үшін 1-науадағы кептелуді тазалау 205-бетте бөлімін қараңыз.
13.XX.YY 3-науадағы кептелу	Кептелу көрсетілген науада орын алды.	Кептелуді тазалау бойынша нұсқаулар алу үшін 2-науадағы кептелуді тазалау 206-бетте немесе Тандаулы 500 парақты қағаз және ауыр баспа құралы

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		науасындағы кептелуді тазалау (3-науа) 207-бетте бөлімін қараңыз.
13.XX.YY ЖОҒАРҒЫ ШЫҒАРУ ҚАЛТАСЫНЫҢ ҮСТІНДЕГІ КЕПТЕЛУ	Шығару аумағында кептелу орын алды.	Кептелуді тазалау бойынша нұсқаулар алу үшін Шығару қалтасы аумағындағы кептелуді тазалау 204-бетте бөлімін қараңыз.
13.XX.YY ОҢ ЖАҚ ЕСІКТЕГІ КЕПТЕЛУ	Артқы есік ішіндегі дуплекстеу және әперу аумағында кептелу орын алды.	Кептелуді тазалау бойынша нұсқаулар алу үшін Оң жақтағы есіктегі кептелуді тазалау 199-бетте бөлімін қараңыз.
13.XX.YY ОҢ ЖАҚ ЕСІКТЕГІ КЕПТЕЛУЛЕР	Термобекіткіш аумағында кептелу орын алды.	ЕСКЕРТУ: Өнім жұмыс істеп тұрған кезде термобекіткіш ыстық болуы мүмкін. Ұстар алдында, термобекіткіштің салқындағанын күтіңіз. Кептелуді тазалау бойынша нұсқаулар алу үшін Оң жақтағы есіктегі кептелуді тазалау 199-бетте бөлімін қараңыз.
13.XX.YY ТЕРМОБЕКІТКІШ АУМАҒЫНДАҒЫ КЕПТЕЛУ	Термобекіткіш аумағында кептелу орын алды.	ЕСКЕРТУ: Өнім жұмыс істеп тұрған кезде термобекіткіш ыстық болуы мүмкін. Ұстар алдында, термобекіткіштің салқындағанын күтіңіз. Кептелуді тазалау бойынша нұсқаулар алу үшін Оң жақтағы есіктегі кептелуді тазалау 199-бетте бөлімін қараңыз.
13.XX.YY ТЕРМОБЕКІТКІШ ОРАМАСЫНДАҒЫ КЕПТЕЛУ	Термобекіткіште кептелу орын алды.	ЕСКЕРТУ: Өнім жұмыс істеп тұрған кезде термобекіткіш ыстық болуы мүмкін. Ұстар алдында, термобекіткіштің салқындағанын күтіңіз. Кептелуді тазалау бойынша нұсқаулар алу үшін Оң жақтағы есіктегі кептелуді тазалау 199-бетте бөлімін қараңыз. Мұндай кептелуге болашақта жол бермеу үшін ЖЕҢІЛ БАСПА ҚҰРАЛЫ баспаны оңтайландыру режимін ҚОСУЛЫ мәніне орнатыңыз. Баспа сапасының мәзірі 23-бетте сілтемесін қараңыз.
13.XX.YY ТӨМЕНГІ ОҢ ЖАҚ ЕСІКТЕГІ КЕПТЕЛУ	Төменгі оң жақ есікте (3-науа) кептелу орын алды.	Кептелуді тазалау бойынша нұсқаулар алу үшін Төменгі оң жақ есіктегі кептелуді тазалау (3-науа) 208-бетте бөлімін қараңыз.
1-НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРУ Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	Көрсетілген науа тапсырмада көрсетілгеннен басқа түр мен өлшем үшін салынып конфигурацияланған.	<ol style="list-style-type: none"> Егер лайықты қағаз салынса, ОК батырмасын басыңыз. Әйтпесе лайықты емес қағазды алып, науаға көрсетілген қағазды салыңыз. Нұсқау берілгенде салынған қағаздың өлшемі мен түрін растаңыз.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		<p>4. Қағаз бағыттағыштарының дұрыс орында тұрғанына көз жеткізіңіз.</p> <p>5. Басқа науаны пайдалану үшін қағазды науадан алып, OK батырмасын басыңыз.</p>
<p>20 ЖЕТКІЛІКСІЗ ЖАД</p> <p>Жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз</p>	<p>Өнім қол жетімді жадына симайтын көп деректер алды. Сіз өте көп макрос, бағдарламалық қаріптер немесе құрамды графика жіберген болуыңыз мүмкін.</p>	<p>Берілген деректерді басып шығару үшін OK батырмасын басыңыз (кейбір деректердің жоғалып қалуы мүмкін), содан кейін баспа тапсырмасын жеңілдетіңіз немесе қосымша жад орнатыңыз.</p>
<p>22 ЕІО X БУФЕРІ ТОЛЫП КЕТТІ</p> <p>Жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз</p>	<p>Көрсетілген (x) слотындағы ЕІО картасына тым көп деректер жіберілген. Қате байланыс протоколы пайдаланылған болуы мүмкін.</p>	<p>Жіберілген деректерді басып шығару үшін OK батырмасын басыңыз. (Кейбір деректер жоғалып кетуі мүмкін.)</p> <p>Хост конфигурациясын тексеріңіз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)</p>
<p>22 USB I/O БУФЕРІ ТОЛЫП КЕТТІ</p> <p>Жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз</p>	<p>Өнімнің USB буфері толып кеткен.</p>	<p>Жіберілген деректерді басып шығару үшін OK батырмасын басыңыз. (Кейбір деректер жоғалып кетуі мүмкін.)</p> <p>Хост конфигурациясын тексеріңіз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)</p> <p>Егер хабар кетпесе, www.hp.com/support/cljcp3525 бойынша HP қолдау орталығымен хабарласыңыз.</p>
<p>22 ЕНГІЗІЛГЕН I/O БУФЕРІ ТОЛЫП КЕТТІ</p> <p>Жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз</p>	<p>Енгізілген HP Jetdirect баспа серверіне тым көп дерек жіберілген.</p>	<p>Жіберілген деректерді басып шығару үшін OK батырмасын басыңыз. (Кейбір деректер жоғалып кетуі мүмкін.)</p> <p>Хост конфигурациясын тексеріңіз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)</p>
<p>3-НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРУ</p> <p>Науаға баспа құралы ендірімесі қажет</p> <p>Басқа науаны пайдалану үшін OK батырмасын басыңыз</p>	<p>HP ашықхат баспа құралын 3-науаға салуды талап ететін 4 x 6 дюйм немесе 100 x 150 мм өлшемді қағазына басып шығарған кезде осы хабар шығады.</p>	<p>HP ашықхат баспа құралы ендірімесін 3-науаға орнатып, сұралған қағазды салыңыз.</p>
<p>40 ЕІО X ЖІБЕРУІ НАШАР БОЛДЫ</p> <p>Жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз</p>	<p>Көрсетілген слоттағы өнім мен ЕІО картасы арасындағы байланыс үзіліп кеткен.</p>	<p>Қателік хабарын өшіру және басып шығаруды жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз.</p>

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		ЕІО картасын қайта орнатып көріңіз.
40 ЕНГІЗІЛГЕН І/О ЖІБЕРУІ НАШАР БОЛДЫ Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.	Қателік хабарын өшіру үшін ОК батырмасын басыңыз. (Деректер жоғалып кетеді.)
41.3 <X> НАУАСЫНДАҒЫ КҮТПЕГЕН ӨЛШЕМ <X>-НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРУ Басқа науаны пайдалану үшін ОК батырмасын басыңыз	Өнім күткеннен басқа қағаз өлшемін анықтады. Басқа науаға қағаз салынған болған жағдайда ғана басқа науаны пайдалануға берілетін нұсқау шығады.	Науаға өлшемі мен түрі көрсетілген қағаз салыңыз немесе басқа науаны пайдаланыңыз.
41.5 <X> НАУАСЫНДАҒЫ КҮТПЕГЕН ТҮРІ <X>-НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРУ Басқа науаны пайдалану үшін ОК батырмасын басыңыз	Өнім күткеннен басқа қағаз түрін анықтады.	Науаға өлшемі мен түрі көрсетілген қағаз салыңыз немесе қол жетімді болған кезде басқа науаны пайдаланыңыз. Басқа науаға қағаз салынған болған жағдайда ғана басқа науаны пайдалануға берілетін нұсқау шығады.
41.7 ҚАТЕЛІГІ Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.	Басқа қағазды пайдаланып көріңіз. Егер қателік өшірілмесе, өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.
48.01 ЖІБЕРУ БІРЛІГІ ҚАТЕЛІГІ	Басып шығару кезінде тасымал белдігі орнынан жылжып кеткен.	Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. Егер хабар кетпесе, www.hp.com/support/cljcp3525 бойынша HP қолдау орталығымен хабарласыңыз.
49.XXXX ҚАТЕЛІГІ Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз	Ішкі бағдарламалық құралда қателік пайда болды.	Бұл қателік бүлінген баспа тапсырмаларымен, бағдарламалық құралдар мәселелерімен, өнімге тән емес принтер драйверлерімен, нашар сапалы USB немесе желілік кабельдермен, нашар желі байланыстарымен немесе дұрыс емес конфигурациялармен жарамсыз ішкі бағдарламалық құрал әрекеттерімен немесе қолданылмайтын керек-жарақтармен туындалған болуы мүмкін. 1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 2. Егер қателік қайта шықса, қателіктің нашар интерфейстік кабель, нашар USB порты немесе жарамсыз желілік конфигурация параметрі сияқты желілік жалғау қабілетіне қатысты мәселемен туындаған болуы мүмкін. Желі мәселелерін шешу туралы қосымша ақпарат алу үшін Қосылу ақаулықтарын түзету 222-бетте бөлімін қараңыз. 3. Егер қателік қайта шықса, қателіктің жарамсыз принтер драйвері сияқты баспа тапсырмасымен,

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		бағдарламалық құралға қатысты мәселемен немесе басып шығарылып жатқан файлға қатысты мәселемен туындаған болуы мүмкін. Баспа тапсырмасы мәселелерін шешу туралы қосымша ақпарат алу үшін Жалпы ақаулықтарды түзету 172-бетте бөлімін қараңыз.
		<p>4. Егер қателік қайта шықса, өнімнің ішкі бағдарламалық құралын жаңарту қателікті жоюға көмектесуі мүмкін. Ішкі бағдарламалық құралды жаңарту туралы қосымша ақпарат алу үшін Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту 166-бетте бөлімін қараңыз.</p> <p>5. Егер алдыңғы қолданбалы қадамдарды орындағаннан кейін қателік кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсетуші провайдермен хабарласыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)</p>
50.X ТЕРМОБЕКІТКІШ ҚАТЕЛІГІ	Термобекіткіш қателігі пайда болды.	<p>Сізде лайықты термобекіткіштің бар екеніне көз жеткізіңіз. Термобекіткішті орнына салыңыз. Өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз.</p> <p>Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)</p>
51.XY ҚАТЕЛІГІ	Принтер қателігі пайда болды.	Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.
51.XY ҚАТЕЛІГІ		
Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз		
52.XY ҚАТЕЛІГІ	Принтер қателігі пайда болды.	Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.
Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз		
54.XX ҚАТЕЛІГІ	Қателік өнімнің өшіріліп-қосылуын талап етеді.	Өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз.
Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз		Егер хабар кетпесе, www.hp.com/support/cljcp3525 бойынша HP қолдау орталығымен хабарласыңыз.
55.XX.YY DC КОНТРОЛЛЕР ҚАТЕЛІГІ	Баспа механизмінің форматтаушымен байланысы жоқ.	Өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз.
Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз		Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)
56.X ҚАТЕЛІГІ Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз	Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.	Өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)
57.XX ҚАТЕЛІГІ Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз	Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.	Өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)
58.XX ҚАТЕЛІГІ Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз	Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.	Өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)
59.BO ТАЗАЛАУ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ ТОНЕР ЖИНАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН АУЫСТЫРУ	Бұл хабар төмендегі себептердің біреуі үшін шығады: <ul style="list-style-type: none">● Тазалау қозғалтқышы тұрып қалған.● Тонер жинау құрылғысы толы.● Тонер жинау құрылғысының жоғарғы жағындағы ожау бітелген.	Тонер жинау құрылғысын ауыстырыңыз. Тонер жинау құрылғысын ауыстыру 156-бетте сілтемесін қараңыз.
59.XY ҚАТЕЛІГІ Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз	Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.	Өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)
60.X ҚАТЕЛІГІ Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз	X арқылы көрсетілген науа дұрыс көтермеуде.	Өнімнің басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
	X мәндері <ul style="list-style-type: none">2 = 2-науа3 = 3-науа	
62 ЖҮЙЕ ЖОҚ Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз	Өнімнің ішкі ақаулығы бар.	Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)
66.XY.ZZ ҚЫЗМЕТ ҚАТЕЛІГІ Кабельдерді тексеріңіз. Содан кейін, өшіріп, қайта қосыңыз	Сыртқы қағаз қолдану реттеуішінде ақаулық пайда болды.	Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)
68.X ЖАД ҚАТЕЛІГІ. ПАРАМЕТРЛЕР ӨЗГЕРТІЛДІ Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	Бір немесе бірнеше өнім параметрлері жарамсыз және зауыттық стандартты параметрлеріне ысырылды. Басып шығарудың жалғасуы мүмкін, бірақ тұрақты сақтау кезінде қандай да бір қателік пайда болса, кейбір күтпеген функциялардың шығуы мүмкін.	Хабарды өшіру үшін OK батырмасын басыңыз. Егер хабар өшірілмесе, өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)
68.X ТҰРАҚТЫ ЖАДҚА ЖАЗУ МҮМКІН БОЛМАДЫ Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	Өнімнің NVRAM жадына жазылмай жатыр. Басып шығарудың жалғасуы мүмкін, бірақ тұрақты сақтау кезінде қандай да бір қателік пайда болса, кейбір күтпеген функциялардың шығуы мүмкін.	Хабарды өшіру үшін OK батырмасын басыңыз. Егер хабар өшірілмесе, өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)
	X мәндері <ul style="list-style-type: none">0 = Ішкі жад1 = Алынбалы диск	
68.X ТҰРАҚТЫ ЖАД ТОЛЫ Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	Өнімнің NVRAM жады толы. NVRAM жадына сақталған кейбір параметрлер зауыттық стандартты мәндеріне ысырылған болуы мүмкін. Басып шығарудың жалғасуы мүмкін, бірақ тұрақты сақтау кезінде қандай да бір қателік пайда болса, кейбір күтпеген функциялардың шығуы мүмкін.	Хабарды өшіру үшін OK батырмасын басыңыз. Егер хабар өшірілмесе, өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз. Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
	<p>X мәндері</p> <ul style="list-style-type: none"> 0 = Ішкі жад 1 = Алынбалы диск 	
<p>69.X ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.	<p>Өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз.</p> <p>Егер бұл хабар кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз. (HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 бөліміне кіріңіз.)</p>
<p>79.XXXX ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	Өнімнің ішкі қателігі пайда болды.	<p>Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. Тұтынушыларды қолдау 242-бетте сілтемесін қараңыз.</p>
8X.YYYY EIO ҚАТЕЛІГІ	Бұл хабар ағылшын тілінде ғана шығады. Ол X слотындағы EIO картасының ақаулы екенін көрсетеді.	EIO картасын ауыстырыңыз.
8X.YYYY ЕНГІЗІЛГЕН JETDIRECT ҚАТЕЛІГІ	Бұл хабар ағылшын тілінде ғана шығады. Ол енгізілген HP Jetdirect картасының ақаулы екенін көрсетеді.	HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. Тұтынушыларды қолдау 242-бетте сілтемесін қараңыз.
EIO <X> ДИСК АЙНАЛУДА	<X> слотындағы EIO диск құрылғысы табағында айналып тұр. Дискті қажет ететін тапсырмалар күте тұруы керек.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
EIO <X> ДИСКІСІ БАСТАЛУДА	Көрсетілген EIO диск құрылғысы іске қосылуда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
EIO <X> ДИСКІСІ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ	<X> слотындағы EIO дискі дұрыс жұмыс істеп тұрған жоқ.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріңіз. 2. Дискіні көрсетілген слоттан алып тастаңыз. 3. Жаңа дискімен ауыстырыңыз. 4. Өнімді қосыңыз.
EIO БАСТАЛМАДЫ	Бұл файл сақтау құрамдасы пайдаланылудың алдында басталуы тиіс.	Құрамдасты бастау үшін енгізілген веб серверін немесе HP Web Jetadmin құралын пайдаланыңыз.
EIO ЖАЗУДАН ҚОРҒАЛҒАН	Файл жүйесінің құрылғысы қорғалған және оған ешқандай жаңа файл жазылмайды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз		
EIO ҚҰРЫЛҒЫСЫ АҚАУЛЫҒЫ	Көрсетілген құрылғы істен шықты.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз		
EIO ФАЙЛ ӘРЕКЕТІ ІСКЕ АСПАДЫ	RJL файл жүйесінің пәрмені логикаға келмейтін әрекетті орындауға талпынды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз		

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
ЕІО ФАЙЛ ЖҮЙЕСІ ТОЛЫҚ Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз	PJL файл жүйесінің пәрмені файл жүйесіне бір нәрсені сақтай алмады, себебі файл жүйесі толы болды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
HP ЕМЕС ЖАБДЫҒЫ ПАЙДАЛАНЫЛУДА	HP емес жабдығы пайдаланылуда.	HP жабдығы ауыстырылғанда, пайдаланушы HP емес жабдықтарын пайдалануға рұқсат берді. HP емес немесе рұқсат етілмеген жабдықтарды пайдалану нәтижесінде қажет етілген өнімді жөндеуге кепілдік берілмейді. HP компаниясы белгілі бір мүмкіндіктердің ұқыптылығын немесе қол жетімділігін қамтамасыз ете алмайды.
HP ЕМЕС ЖАБДЫҚ ОРНАТЫЛҒАН	Өнім HP емес жабдығын пайдалануда.	Егер сіз шынайы HP жабдығын сатып алғаныңызға сенімді болсаңыз www.hp.com/go/anticounterfeit торабына өтіңіз. HP емес немесе рұқсат етілмеген жабдықтарды пайдалану нәтижесінде қажет етілген өнімді жөндеуге кепілдік берілмейді. HP компаниясы белгілі бір мүмкіндіктердің ұқыптылығын немесе қол жетімділігін қамтамасыз ете алмайды.
HP КОДТАЛҒАН ЖЕТЕГІ АЖЫРАТЫЛҒАН	Диск басқа өнімге шифрланған.	Дискіні салыңыз немесе қосымша ақпаратты енгізілген веб серверінен қараңыз.
РАМ ДИСК ЖАЗЫЛУДАН ҚОРҒАЛҒАН Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз	Файл жүйесінің құрылғысы қорғалған және оған ешқандай жаңа файл жазылмайды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
РАМ ДИСК ҚҰРЫЛҒЫСЫ АҚАУЛЫҒЫ Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз	Көрсетілген құрылғы істен шықты.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
РАМ ДИСК ФАЙЛ ЖҮЙЕСІ ТОЛЫҚ Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз	PJL файл жүйесінің пәрмені файл жүйесіне бір нәрсені сақтай алмады, себебі файл жүйесі толы болды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
РАМ ДИСКІСІ БАСТАЛМАДЫ	Бұл файл сақтау құрамдасы пайдаланылудың алдында басталуы тиіс.	Құрамдасты бастау үшін енгізілген веб серверін немесе HP Web Jetadmin құралын пайдаланыңыз.
РАМ ДИСКІСІНІҢ ФАЙЛ ӘРЕКЕТІ СӘТСІЗ Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз	PJL файл жүйесінің пәрмені логикаға келмейтін әрекетті орындауға талпынды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
ROM ДИСК ЖАЗУДАН ҚОРҒАЛҒАН Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз	Файл жүйесінің құрылғысы қорғалған және оған ешқандай жаңа файл жазылмайды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
ROM ДИСК ҚҰРЫЛҒЫСЫ АҚАУЛЫҒЫ Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз	Көрсетілген құрылғы істен шықты.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
ROM ДИСК ФАЙЛ ӘРЕКЕТІ СӘТСІЗ Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз	PJL файл жүйесінің пәрмені логикаға келмейтін әрекетті орындауға талпынды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
ROM ДИСК ФАЙЛ ЖҮЙЕСІ ТОЛЫҚ Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз	PJL файл жүйесінің пәрмені файл жүйесіне бір нәрсені сақтай алмады, себебі файл жүйесі толы болды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
USB КЕРЕК-ЖАРАҒЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ	Жалғанған USB керек-жарағы тым көп электр қуатын тартқанда, осы хабар шығады. Осылай болғанда, АСС порты ажыратылып, басып шығару тоқтайды.	Басып шығару жалғасады. USB құрылғысын алу керек.
USB САҚТАУ ҚҰРАЛЫ БАСТАЛМАҒАН	Бұл файл сақтау құрамдасы пайдаланылудың алдында басталуы тиіс.	Құрамдасты бастау үшін енгізілген веб серверін немесе HP Web Jetadmin құралын пайдаланыңыз.
USB САҚТАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ ЖАЗУДАН ҚОРҒАЛҒАН	Файл жүйесінің құрылғысы қорғалған және оған ешқандай жаңа файл жазылмайды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз		
USB САҚТАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ ҚАТЕЛІГІ	Көрсетілген құрылғы істен шықты.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз		
USB САҚТАУ ФАЙЛ ӘРЕКЕТІ СӘТсіз	RJL файл жүйесінің пәрмені логикаға келмейтін әрекетті орындауға талпынды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз		
USB САҚТАУ ФАЙЛ ЖҮЙЕСІ ТОЛЫ	RJL файл жүйесінің пәрмені файл жүйесіне бір нәрсені сақтай алмады, себебі файл жүйесі толы болды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз		
X НАУАДА ТҮР СӘЙКЕССІЗДІГІ БАЙҚАЛДЫ	Көрсетілген науа конфигурацияланған түрге сәйкес келмейтін қағаз түрін қамтиды.	Осы жағдай шешілмейінше, көрсетілген науа пайдаланылмайды. Баспа операциясы басқа науалардан жалғаса алады. <ol style="list-style-type: none"> 1. Көрсетілген науаға лайықты қағазды салыңыз. 2. Қағаз түрінің конфигурациясын тексеріңіз.
Барлық баспа картридждерін шығарып алу	Өнім жеткізу құрылғысының жинағын тексеруде.	Тексеру жүргізу үшін барлық баспа картридждерін алыңыз. Тексеруден бас тарту үшін  тоқтату батырмасын басыңыз.
Шығу үшін  батырмасын басыңыз		
Бас тартылатын тапсырма жоқ	Сіз  тоқтату батырмасын бастыңыз, бірақ өнім қандай да бір тапсырманы белсенді өңдеп жатқан жоқ.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Бас тартылуда...	Өнім ағымдағы тапсырмадан бас тартуда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Бастауда	Өнім іске қосылуда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ. Дисплейге Дайын хабары шыққанша, күте тұрыңыз.
БАСЫП ШЫҒАРУ ТОҚТАТЫЛДЫ	Уақыт Басып шығару/Тоқтату сынағында өтіп кетті.	Жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз.
Жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз		
Дайын	Өнім қосылған және деректерге дайын. Ешқандай күй немесе өнімге қатысу хабарлары дисплейде күтуде емес.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Дайын	Өнім қосылған және дайын тұр.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
IP МЕКЕНЖАЙЫ		

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Дайын диагностикалау режимі Шығу үшін ⊗ батырмасын басыңыз	Өнім Диагностикалау режимінде.	Диагностикалау режимін тоқтату үшін ⊗ Тоқтату батырмасын басыңыз.
ДЕРЕКТЕР АЛЫНДЫ Соңғы бетті басып шығару үшін ОК батырмасын басыңыз	Өнім соңғы бетті басып шығару пәрменін күтуде.	Соңғы бетті басып шығару үшін ОК батырмасын басыңыз.
ДИСК САНИТАРЛЫҚ ӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ <X>% АЯҚТАЛДЫ Электр қорегін өшірмеңіз	Қатты диск тазалануда.	Желі әкімшісімен хабарласыңыз.
ДИСК ТАЗАРТЫЛУДА <X>% АЯҚТАЛДЫ Электр қорегін өшірмеңіз	Өнім қатты дискіні немесе шағын флэш дискісін тазалауда.	Электр қорегін өшірмеңіз. Тазалау аяқталғанда, өнім автоматты түрде қайта іске қосылады. Өнім функцияларын пайдалану мүмкін емес.
Дуплексті тапсырма өңделуде Тапсырма аяқталғанша қағазға тиіспеңіз	Дуплексті тапсырманы басып шығару кезінде қағаз шығару қалтасына уақытша келеді. Тапсырма аяқталғанша, беттерді алып тастауға талпынбаңыз.	Қағаз шығару қалтасына уақытша келген кезде оны ұстамаңыз. Тапсырма аяқталғанда хабар өшіп қалады.
Дұрыс емес	PIN коды дұрыс емес.	Дұрыс PIN кодын енгізу үшін ▲ жоғары көрсеткі мен ▼ төмен көрсеткі батырмаларын пайдаланыңыз.
Ешқандай тапсырма сақталмады	Пайдаланушы ТАПСЫРМАНЫ ТАБУ мәзіріне кіріп, алынатын тапсырмалар болмағанда көрсетіледі.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ЖАБДЫҚТАРҒА ТАПСЫРЫС БЕРУ	Бірнеше жабдық пайдалану мерзімінің соңына жетуге жақын тұр.	Қажетті жабдықтарға тапсырыс беріңіз.
ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	Кем дегенде екі жабдыққа қалған беттер төменгі шегіне жеткен. Жабдыққа тапсырыс беру қажет болғанда, өнім басып шығаруды тоқтатуға қойылды.	Жабдық өлшеулі пайдалану мерзімінің соңына жеткенше, басып шығаруды жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз. Немесе ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі арқылы басып шығаруды жалғастыру үшін өнімді конфигурациялаңыз. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі туралы қосымша ақпарат алу үшін Жүйені орнату мәзірі 27-бетте бөлімін қараңыз.
ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ Күйі үшін ОК батырмасын басыңыз	Екі не одан көп жабдық пайдалану мерзімінің соңында тұр. Нақты қалған қызмет мерзімі өлшенгеннен басқаша болуы мүмкін. Баспа сапасы лайықсыз деңгейге келгенде орнату үшін алмастыратын жабдығыңыз қол жетімді болсын. Баспа сапасы лайықсыз деңгейге келгенге дейін жабдықты ауыстырудың қажеті жоқ. HP жабдығы өлшеулі қызмет мерзімінің соңына жеткенде, HP компаниясының сол жабдықтың Жоғары қорғау кепілдігінің мерзімі аяқталады. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі арқылы басып шығаруды жалғастыру үшін өнімді конфигурациялауыңызға болады. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі туралы	Ауыстыруды қажет ететін жабдықтарды көру үшін ОК батырмасын басыңыз. Немесе ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі арқылы басып шығаруды жалғастыру үшін өнімді конфигурациялаңыз. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі туралы қосымша ақпарат алу үшін Жүйені орнату мәзірі 27-бетте бөлімін қараңыз.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
	қосымша ақпарат алу үшін Жүйені орнату мәзірі 27-бетте бөлімін қараңыз.	
ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ - АУЫСТЫРУ ПАЙДАЛАНЫЛУДА	<p>Өнім жабдық деңгейінің өлшеулі қызмет мерзімінің соңына жеткен уақытын көрсетеді. Нақты қалған қызмет мерзімі өлшенгеннен басқаша болуы мүмкін. Баспа сапасы лайықсыз деңгейге келгенде орнату үшін алмастыратын жабдығыңыз қол жетімді болсын. Баспа сапасы лайықсыз деңгейге келгенге дейін жабдықты ауыстырудың қажеті жоқ. HP жабдығын өлшеулі қызмет мерзімінің соңына жеткенде, HP компаниясының сол жабдықтың Жоғары қорғау кепілдігінің мерзімі аяқталады. Ауыстыру арқылы басып шығаруды жалғастыруға болады (ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзір тармағын қараңыз).</p> <p>ЕСКЕРІМ: Ауыстыру режимінде басып шығару нәтижесінде лайықсыз баспа сапасына әкеледі.</p>	Өр жабдық туралы ақпарат алу үшін ЖАБДЫҚТЫҢ КҮЙІ мәзірін ашыңыз. Толық ақпарат алу үшін OK батырмасын басыңыз.
ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ - Қара түсті ғана пайдалану	<p>Түс жабдығының деңгейі өлшеулі қызмет мерзімінің соңына жеткенде, тек қара түсті пайдаланып басып шығаруға өнімді конфигурациялауыңызға болады. Дегенмен, түс жабдығы лайықты баспа сапасын көрсете алуы мүмкін. Түрлі түсті етіп басып шығару үшін түс жабдығын ауыстырыңыз немесе басқару тақтасындағы ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі арқылы принтерді қайта конфигурациялаңыз. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі туралы қосымша ақпарат алу үшін Жүйені орнату мәзірі 27-бетте бөлімін қараңыз.</p> <p>Жабдықтың қалған қызмет мерзімі жабдықтағы тонер деңгейінің төмен екенін анықтауға қолданылады. Жабдықтың қалған қызмет мерзімі тек шамамен берілген және басып шығарылатын құжаттардың түріне және басқа жағдайларға байланысты өзгеріп отырады.</p>	Қара түспен басып шығаруды жалғастыруға ешқандай пайдаланушы енгізіуі қажет етілмейді. Түрлі түсті етіп басып шығаруды жалғастыру үшін түс жабдығын ауыстырыңыз немесе басқару тақтасындағы ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі арқылы принтерді қайта конфигурациялаңыз. Жабдықтарға тапсырыс беру туралы қосымша ақпарат алу үшін Жабдықтар мен қосымша керек-жарақтар 229-бетте бөлімін қараңыз. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі туралы қосымша ақпарат алу үшін Жүйені орнату мәзірі 27-бетте бөлімін қараңыз.
ЖАБДЫҚТЫ ОРНАТУ Күйі үшін OK батырмасын басыңыз	Ауыстыруды қажет ететін жабдықтарды анықтау үшін OK батырмасын басыңыз. Арнайы жабдық туралы ақпарат алу үшін OK батырмасы екінші рет басыңыз.	Жабдық элементін салыңыз немесе орнатылған жабдық элементінің толық отырғанына көз жеткізіңіз.
Жасалуда...	Тазалағыш бет шығуда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ТАЗАЛАҒЫШ БЕТ		
Жаңарту орындалуда <X:YYY> % аяқталды	Өнім ішкі бағдарламалық құралды жаңартуда.	Жаңарту аяқталғанша күте тұрыңыз.
Электр қорегін өшірмеңіз		
Жеке тапсырмалар жойылуда	Өнім жеке сақталған тапсырманы жоюда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Жетілдіруді алу	Енгізілген бағдарламалық құралды жаңарту орындалуда.	Өнім Дайын күйіне оралғанша, өнімді өшірмеңіз.
Жетілдіруді қайта жіберу	Енгізілген бағдарламалық құралды жаңарту сәтті аяқталмады.	Қайтадан жаңартып көріңіз.
Жинау санауын ысыру	Сіз жаңа жабдық элементінің санауышын ысыратын опцияны таңдадыңыз.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Жойылуда...	Өнім сақталған тапсырманы жоюда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ЖЫЛЖЫМАЛЫ СОЛЕНОИД Шығу үшін  батырмасын басыңыз	Соленоид құрамдас сынағының бір бөлігі ретінде жылжиды.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ЖЫЛЖЫМАЛЫ СОЛЕНОИД ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛТҚЫШ Шығу үшін  батырмасын басыңыз	Соленоид және қозғалтқыш құрамдас сынағының бір бөлігі ретінде жылжиды.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ЖЫЛЫТУДА	Өнім Күту режимінен шығуда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Зауыттық параметрлер қайтарылуда	Өнім зауыттық параметрлерді қалпына келтіруде.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Калибрлеуде...	Калибрлеу кезінде көрсетеді.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
КАЛИБРЛЕУДІ ЫСЫРУ АЯҚТАЛМАҒАН Өңделуде...	Барлық тапсырмалар өңделгенде калибрлеу ысыруы орын алады.	Ысыруды ертерек бастау үшін  Тоқтату батырмасын басу арқылы барлық тапсырмалардан бас тартыңыз.
КАРТА СЛОТЫ БАСТАЛМАҒАН	Бұл файл сақтау құрамдасы пайдаланылудың алдында басталуы тиіс.	Құрамдасты бастау үшін енгізілген веб серверін немесе HP Web Jetadmin құралын пайдаланыңыз.
КАРТА СЛОТЫ ЖАЗУДАН ҚОРҒАЛҒАН Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз	Файл жүйесінің құрылғысы қорғалған және оған ешқандай жаңа файл жазылмайды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
КАРТА СЛОТЫ ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ АҚАУЛЫҒЫ Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз	Көрсетілген құрылғы істен шықты.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
КАРТА СЛОТЫ ФАЙЛЫНЫҢ ӘРЕКЕТІ СӘТсіз БОЛДЫ Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз	PJL файл жүйесінің пәрмені логикаға келмейтін әрекетті орындауға талпынды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
КАРТА СЛОТЫ ФАЙЛЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ ТОЛЫ Тазалау үшін OK батырмасын басыңыз	PJL файл жүйесінің пәрмені файл жүйесіне бір нәрсені сақтай алмады, себебі файл жүйесі толы болды.	Өшіру үшін OK батырмасын басыңыз.
КАРТРИДЖДЕР ҚАТЕ ОРЫНДАРДА	Екі не одан көп баспа картриджінің слоттарындағы баспа картридждері сәйкес емес. Солдан оңға қарай баспа картридждерін мына ретпен орнату керек: <ul style="list-style-type: none">● Сары● Ашық қызыл	Әр слотқа сәйкес түсті картриджді орнатыңыз.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
	<ul style="list-style-type: none"> Көгілдір Қара 	
Кем дегенде бір баспа картриджді шығарып алу Шығу үшін <input type="checkbox"/> батырмасын басыңыз	Өнім баспа картридждің қозғалтқышын тексеруде.	Тексеру жүргізу үшін кем дегенде бір баспа картриджді алыңыз. Тексеруден бас тарту үшін <input type="checkbox"/> тоқтату батырмасын басыңыз.
КҮНІ/УАҚЫТЫ = ЖЖЖЖ/АААА/КК САҒ:МИН Өзгерту үшін ОК батырмасын басыңыз Өткізіп жіберу үшін <input type="checkbox"/> батырмасын басыңыз	Ағымдағы күн мен уақыт өнімге орнатылған.	Күн мен уақытты орнату үшін ОК батырмасын басыңыз немесе орнатуды өтіп кету үшін <input type="checkbox"/> тоқтату батырмасын басыңыз.
Күте тұрыңыз	Өнім деректерді өшіруде.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
КҮТКЕН ЖЕТЕКТІҢ БОЛМАУЫ	Өнім сыртқы қатты дискіні таба алмайды.	Қатты дискіні салыңыз немесе қосымша ақпаратты енгізілген веб серверінен қараңыз.
Күту режимі қосылған	Өнім күту режимінде. Батырманы басу, басып шығарылатын деректерді алу немесе қателік күйі бұл хабарды өшіреді.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ҚАҒАЗ ЖОЛЫН ТАЗАЛАУ	Өнім кептелген қағазды шығаруға тырысуда.	Дисплейдің төменгі жағынан орындалу барысын тексеріңіз.
ҚАҒАЗ ЖОЛЫ ТЕКСЕРІЛУДЕ	Өнім ықтимал қағаз кептелуін тексеруде.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Қайтарылуда...	Өнім параметрлерді қалпына келтіруде. Бұл хабар ТҮС МӨНДЕРІН ҚАЙТАРУ сияқты қалпына келтіру әрекеті орындалу кезінде шығады.	Үрдіс аяқталғанша күтіңіз.
ҚАРИПТЕР/ДЕРЕКТЕРІН ЖҮКТЕУГЕ ЖАД ЖЕТКІЛІКСІЗ	Өнімде көрсетілген орыннан деректерді (мысалы, қаріптерді немесе макростарды) жүктеуге жад жеткілікті емес.	Бұл ақпаратсыз жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз. Егер хабар кетпесе, тағы жад қосыңыз.
Қатынасу мүмкін болмады МӘЗІРЛЕР КІЛТТЕЛГЕН	Таңдауға талпынған басқару тақтасының мәзірі қазір кілттеулі.	Өнімді басқаратын адаммен ақылдасыңыз.
Қозғалтқышты бұру Шығу үшін <input type="checkbox"/> батырмасын басыңыз	Өнім құрамдасты тексеруде және таңдалған құрамдас қозғалтқыш болып табылады.	Бұл тексеруді тоқтатуға дайын болған кезде <input type="checkbox"/> тоқтату батырмасын басыңыз.
ҚОЛДАУСЫЗ ЖЕТЕК ОРНАТЫЛҒАН	Қолданбайтын қатты диск орнатылған.	Өнімді өшіріп, қатты дискіні алыңыз, содан кейін өнімді қосыңыз.
ҚОЛМЕН ӘПЕРУ <ТҮРІ> <ӨЛШЕМІ>	1-науа жүктелмей таңдалғанда және басқа қағаз науалары пайдаланылуға қол жетімді болғанда осы хабар шығады.	Науаға сұралған қағазды салыңыз. Егер қағаз науада болса, хабардан шығу үшін ? анықтама батырмасын басыңыз, содан кейін басып шығару үшін ОК батырмасын басыңыз. Басқа науаны пайдалану үшін 1-науадан қағазды алып, хабардан шығу үшін ? анықтама батырмасын басыңыз, содан кейін ОК батырмасын басыңыз.
ҚОЛМЕН ӘПЕРУ <ТҮРІ> <ӨЛШЕМІ> Басқа науаны пайдалану үшін ОК батырмасын басыңыз	Көрсетілген тапсырма қолмен беруді қажет етеді.	Науаға сұралған қағазды салыңыз. Егер қағаз науада болса, хабардан шығу үшін ? анықтама батырмасын басыңыз, содан кейін басып шығару үшін ОК батырмасын

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		басыңыз. Басқа науаны пайдалану үшін 1-науадан қағазды алып, хабардан шығу үшін ? анықтама батырмасын басыңыз, содан кейін OK батырмасын басыңыз.
ҚОЛМЕН ӘПЕРУ <ТҮРІ> <ӨЛШЕМІ> Жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз	1-науа жүктелмей таңдалғанда және басқа қағаз науалары пайдаланылуға қол жетімді болғанда осы хабар шығады.	Науаға сұралған қағазды салыңыз. Хабарды назарға алмау үшін басқа науадағы қол жетімді қағаз түрін және өлшемін пайдалану үшін OK батырмасын басыңыз.
ҚОСЫМША НАУА БАЙЛАНЫСЫ НАШАР	Қосымша науа қосылмаған.	1. Өнімді өшіріңіз. 2. Қосымша науаны алып, қайта салыңыз. Егер қателік кетпесе, HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсететін провайдермен хабарласыңыз. HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/support/cljcp3525 торабына өтіңіз
Механизмді салқындату	Өнім салқындауда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Оқиғалар журналы бос	Журналға ешқандай өнім оқиғалары тіркелмеген.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ОҚИҒАЛАР ЖУРНАЛЫ ТАЗАРТЫЛУДА	Оқиғаларды тіркеу журналы өшірілгенде, осы хабар шығады. Оқиғаларды тіркеу журналы өшірілгендіктен, өнім мәзірлерден шығады.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Орындалуда... ҚАҒАЗ ЖОЛЫН ТЕКСЕРУ	Өнім қағаз жолын тексеруде.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Орындалуда... ТҮРЛІ ТҮСТІ ЖОЛДЫ ТЕКСЕРУ	Түс жолағын тексеру орындалуда.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ОҢ ЖАҚ ЕСІКТІ ЖАБУ	Өнімнің оң жағындағы есік ашық.	1. Есікті жабыңыз. 2. Егер хабар кетпесе, www.hp.com/support/cljcp3525 бойынша HP қолдау орталығымен хабарласыңыз.
Өшірілуде...	Өнім өшірілуде.	Өнім өшкенше, күте тұрыңыз.
Өңделуде...	Өнім тапсырманы өңдеу үстінде, бірақ беттерді өлі алмай жатыр. Қағаз қозғалысы басталғанда, бұл хабар тапсырманың қай науадан басып шығарылып жатқанын көрсететін хабармен ауыстырылады.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Өңделуде... ТАЗАЛАҒЫШ БЕТ	Өнім тазалағыш бетті өңдеуде.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Өңделуде... <X> науадан	Өнім тапсырманы белгіленген науадан белсенді түрде өңдеуде.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Өңделуде... <Y> <X> көшірмесі	Өнім тексерілген көшірмелерді өңдеуде немесе басып шығаруда. Хабар Y жалпы	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
	көшірмелердің X көшірмесінің өңделіп жатқанын көрсетеді.	
Паузада Дайын режиміне оралу үшін ⊗ батырмасын басыңыз	Өнім кідіріс жасайды және дисплейде аяқталмай қалған қателік хабары жоқ. Жад толғанша, I/O деректерді ала береді.	⊗ тоқтату батырмасын басыңыз.
ПРИНТЕРДІҢ ҚАЙТА БАСТАЛУЫН КҮТІҢІЗ	Бұл хабар әр-түрлі себептерден шығуы мүмкін: Өнімнің жүктелуі алдында RAM ДИСК параметрлері өзгертілді. Өнім сыртқы құрылғы режимдерін өзгерткен соң, өшіріліп-қосылады. Пайдаланушы Диагностикалаудан шықты. Жаңа форматтаушы ескі механизммен орнатылған немесе жаңа механизм ескі форматтаушымен орнатылған.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ПРИНТЕР ТЕКСЕРІЛУДЕ	Өнім ішкі тексеру жүргізуде.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
РҰҚСАТ БЕРІЛМЕГЕН ЖАБДЫҚ ПАЙДАЛАНЫЛУДА	Өнім HP емес жабдығын пайдалануда.	Егер сіз шынайы HP жабдығын сатып алғаныңызға сенімді болсаңыз www.hp.com/go/anticonterfeit торабына етіңіз. HP емес немесе рұқсат етілмеген жабдықтарды пайдалану нәтижесінде қажет етілген өнімді жөндеуге кепілдік берілмейді. HP компаниясы белгілі бір мүмкіндіктердің ұқыптылығын немесе қол жетімділігін қамтамасыз ете алмайды.
СТАНДАРТТЫ ЖОҒАРҒЫ ҚАЛТА ТОЛЫ Қалтадан қағаздың барлығын алып тастау	Шығару қалтасы толған.	Қалтаны босатып, басып шығаруды жалғастырыңыз.
Сұраныс қабылданды. Күте тұрыңыз.	Өнім ішкі бетті басып шығару сұрауын қабылдады, бірақ ішкі бетті басып шығарудан бұрын ағымдағы тапсырманың басып шығарылуы аяқталу тиіс.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ТАЗАЛАУДА...	Өнім автоматты тазалау жұмысын орындауда. Тазалау аяқталғаннан кейін басып шығару жалғасады.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ТАПСЫРМАНЫ КӨШІРУ МҮМКІН ЕМЕС	Өнімнің жады осы тапсырманың бірнеше түпнұсқа баспаларын шығаруға жеткілікті емес. Бір көшірме басып шығарылады.	Өнімге тағы жад қосыңыз. Жадты орнату 158-бетте сілтемесін қараңыз.
ТАПСЫРМАНЫ САҚТАУ МҮМКІН ЕМЕС	Жад немесе конфигурация ақаулығы себебінен тапсырманы сақтау мүмкін емес.	Қосымша жад құралын өнімге орнатыңыз.
ТАҢДАЛҒАН ЖЕКЕЛІК ЖОҚ Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	Баспа тапсырмасы, бұл өнім үшін қол жетімді емес өнім тілін (жекелік) сұрады. Тапсырма басып шығарылмайды және жадтан өшіріледі.	Басқа принтердің тіліне арналған принтердің драйверін пайдалану арқылы тапсырманы басып шығарыңыз немесе өнімге сұралған тілді қосыңыз (мүмкін болса). Бар жекеліктердің тізімін көру үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз. (Ақпараттық беттер 140-бетте сілтемесін қараңыз.)
ТЕРМОБЕКІТКІШ ЖИНАҒЫНА ТАПСЫРЫС БЕРУ	Термобекіткіштің пайдалану мерзімі аяқталуға жақын. Өнім дайын және көрсетілген беттердің есептеулі санына	Алмастыратын термобекіткіш жинағына тапсырыс беріңіз.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
XXXX БЕТТЕН АЗ	жалғастырады. Жабдықты ауыстыру қажет болғанға дейін, басып шығару жалғаса береді.	
ТЕРМОБЕКІТКІШ ЖИНАҒЫН АУЫСТЫРУ	Термобекіткіш қызмет мерзімінің соңына жақындады. Басып шығару жалғасады.	<p>ЕСКЕРТУ: Өнім жұмыс істеп тұрған кезде термобекіткіш ыстық болуы мүмкін. Ұстар алдында, термобекіткіштің салқындағанын күтіңіз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оң жақтағы есікті ашыңыз. 2. Термобекіткіштің екі жағындағы көк тұтқалардан ұстап, оны шығару үшін өзіңізге тіке тартыңыз. 3. Жаңа термобекіткішті орнатыңыз. 4. Оң жақтағы есікті жабыңыз.
ТЕРМОБЕКІТКІШ ЖИНАҒЫН АУЫСТЫРУ Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз	ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі АЗАЙҒАНДА ТОҚТАТУ параметріне қойылған. Термобекіткіш жинағы төменгі шегіне жетті.	<p>ЕСКЕРТУ: Өнім жұмыс істеп тұрған кезде термобекіткіш ыстық болуы мүмкін. Ұстар алдында, термобекіткіштің салқындағанын күтіңіз.</p> <p>Термобекіткіш пайдаланылу мерзімінің соңына жеткенше, басып шығаруды жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз немесе термобекіткішті қазір ауыстырыңыз.</p> <p>Термобекіткішті ауыстыру</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оң жақтағы есікті ашыңыз. 2. Термобекіткіштің жан-жақтарындағы көк тұтқалардан ұстап, шығару үшін оны тіке тартыңыз. 3. Жаңа термобекіткішті орнатыңыз. 4. Оң жақтағы есікті жабыңыз.
ТЕРМОБЕКІТКІШТІ ОРНАТУ	Термобекіткіш алынған немесе дұрыс орнатылмаған.	<p>ЕСКЕРТУ: Өнім жұмыс істеп тұрған кезде термобекіткіш ыстық болуы мүмкін. Ұстар алдында, термобекіткіштің салқындағанын күтіңіз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оң жақтағы есікті ашыңыз. 2. Термобекіткішті орнатыңыз немесе реттеңіз. 3. Оң жақтағы есікті жабыңыз.
ТОНЕР ЖИНАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРУ	Тонер жинау құрылғысы толуға жақын.	Алмастыратын тонер жинау құрылғысына қазір тапсырыс беріңіз. Басып шығару жалғасады.
ТОНЕР ЖИНАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН АУЫСТЫРУ	Тонер жинау құрылғысы есептелген сыйымдылыққа жеткен.	Тонер жинау құрылғысын ауыстырыңыз немесе сіз тонер жинау құрылғысының есептелген сыйымдылықтан асырып жұмыс істегенін қаласаңыз, ТАУСЫЛҒАНДЫҒЫН ЕЛЕМЕУ 2 мәзіріндегі ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ пайдалану үшін принтерді қайта

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		<p>конфигурациялаңыз. ЖАБДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ мәзірі туралы қосымша ақпарат алу үшін Жүйені орнату мәзірі 27-бетте бөлімін қараңыз.</p> <p>Бұл опция тонер жинау құрылғысының шамадан тыс толып кету қаупі себебінен ұсынылмайды, нәтижесінде өнімге техникалық қызмет көрсету қажет болуы мүмкін.</p>
<p>ТОНЕР ЖИНАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН АУЫСТЫРУ</p> <p>Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз</p>	Тонер жинау құрылғысы есептелген сыйымдылыққа жетіп қалды.	<p>Жаңа тонер жинау құрылғысына қазір тапсырыс беріңіз.</p> <p>Басып шығаруды жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңызға болады. Жалғастыру туралы нұсқау шығып тұрғанша, сіз басып шығаруды жалғастыра аласыз.</p>
Тұрақты сақтау басталуда	Тұрақты сақтаудың басталғанын көрсету үшін өнім қосылғанда көрсетіледі.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
ТҮРЛІ ТҮСТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ШЕКТЕЛГЕН	Бұл хабар түрлі түсті басып шығару өнім үшін ажыратылғанда немесе ол белгілі бір пайдаланушы не баспа тапсырмасы үшін ажыратылғанда шығады.	Түрлі түсті басып шығаруды өнім үшін қосу үшін ТҮСТІ ПАЙДАЛАНУДЫ ШЕКТЕУ мәзіріндегі ЖҮЙЕ ОРНАТПАСЫ параметрді өзгертіңіз. Түрлі түспен басып шығаруды шектеу 132-бетте сілтемесін қараңыз.
ҮЙЛЕСІМСІЗ <ТҮРЛІ ТҮСТІ> КАРТРИДЖ	Көрсетілген түрлі түсті баспа картриджі бұл өніммен үйлеспейді.	Баспа картриджін осы өнімге арналған картриджбен ауыстырыңыз.
ҮЙЛЕСІМСІЗ ЖАБДЫҚ	Бұл өнімге арналмаған баспа картридждері немесе басқа жабдық элементтері орнатылған. Өнім осы орнатылған жабдықтармен басып шығара алмайды.	Осы өнімге арналған жабдықтарды орнатыңыз.
ҮЙЛЕСІМСІЗ ТЕРМОБЕКІТКІШ	Лайықты емес термобекіткіш орнатылды.	<p>ЕСКЕРТУ: Өнім жұмыс істеп тұрған кезде термобекіткіш ыстық болуы мүмкін. Ұстар алдында, термобекіткіштің салқындағанын күтіңіз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оң жақтағы есікті ашыңыз. 2. Үйлесімсіз термобекіткішті алыңыз. 3. Лайықты термобекіткішті орнатыңыз. 4. Оң жақтағы есікті жабыңыз.
x науасына қол жетімді емес әрекет Науа өлшемі КЕЗ КЕЛГЕН ӨЛШЕМДЕ/ КЕЗ КЕЛГЕН ТАҢДАУДА бола алмайды	Өлшем КЕЗ КЕЛГЕН ӨЛШЕМ немесе КЕЗ КЕЛГЕН ТАҢДАУ мәніне қойылғанда дуплексті тіркеу қол жетімсіз болады.	Науаны арнайы өлшемге конфигурациялап, сол науаны тіркеңіз.
x слотындағы [FS] DIMM картасындағы қолдаусыз деректер	Көрсетілген файл жүйесіне арналған DIMM жадындағы деректері өнім қолдайтын түрге жатпайды. [FS] ROM немесе Флэш файл жүйесі болуы мүмкін.	Хабарды өшіру үшін ОК батырмасын басыңыз.
Тазалау үшін ОК батырмасын басыңыз		DIMM модулін ауыстырыңыз. Жадты орнату 158-бетте бөлімін қараңыз.

Кесте 11-1 Басқару тақтасындағы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
ШЫҚҚАН ПАРАҚТАРДЫ ҚОЛМЕН САЛЫҢЫЗ Содан кейін екінші жағын басып шығару үшін ОК батырмасын басыңыз	Өнім қолмен дуплекстеу тапсырмасының бірінші жағын басып шығарды және екінші жағын басып шығару үшін пайдаланушының шығару жинағын салуын күтуде.	<ol style="list-style-type: none">1. Бір бағытты ұстай отырып, құжатты шығару қалтасынан алыңыз.2. Құжатты басып шығарылған жағын үстіге қаратып аударыңыз.3. Құжатты 1-науаға салыңыз.4. Басып шығару үшін ОК батырмасын басыңыз.
Шынайы HP жабдығы орнатылған	Сіз HP компаниясы шығарған бірнеше жаңа баспа картриджін орнаттыңыз.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
Шынайы HP картриджі орнатылған	Сіз HP компаниясы шығарған жаңа баспа картриджін орнаттыңыз.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.

Кептелулер

Кептелудің әдеттегі себептері

Өнімде кептелген қағаз бар.

Себеп	Шешім
Қағаз ерекшеліктерге сай келмейді.	Тек HP ерекшеліктеріне сай келетін қағазды пайдаланыңыз. Қолдаулы қағаз және баспа құралдарының өлшемдері 83-бетте сілтемесін қараңыз.
Құрам бөлік дұрыс орнатылмаған.	Тасымал таспасы мен тасымал доңғалақшасының дұрыс орнатылуын тексеріңіз.
Өнімнен немесе көшірілген қағазды пайдаланып отырсыз.	Басылып шыққан немесе көшірілген қағазды қайта қолданбаңыз.
Кіріс науасы дұрыс салынбаған.	Кіріс науасынан артық қағазды алып тастаңыз. Салынған қағаздардың биіктігі науаның ең жоғарғы белгісінен аспайтынын тексеріңіз. Науаларды салу 90-бетте сілтемесін қараңыз.
Қағаз қисайып кеткен.	Кіріс науасының бағыттағыштары дұрыс реттелмеген. Оларды қағазды орнында тығыз, бірақ майыстырмай ұстайтындай дәлдеңіз.
Қағаз бір біріне жабысып немесе бумаланып қалған.	Қағазды шығарып, түзетіп, 180° бұрыңыз немесе аударыңыз. Қағазды кіріс науасына қайта салыңыз.
Қағаз шығыс қалтасына түспей тұрып, алынған.	Өнімнің параметрлерін қайтарыңыз. Қағаз шығыс қалтасына толық түспейінше алмаңыз.
Сіз екі-жақтық басып шығару кезінде парақтың екінші беті басылып үлгірмей, оны алып тастадыңыз.	Өнімнің параметрлерін қайтарып, құжатты қайта басып шығарыңыз. Қағаз шығыс қалтасына толық түспейінше алмаңыз.
Қағаздың күйі нашар.	Қағазды ауыстырыңыз.
Ішкі науа біліктері қағаз алмауда.	Егер қағаз 220 г/м ² салмағынан ауырлау болса, оның науадан алынбауы мүмкін. Біліктер тозған. Біліктерді ауыстырыңыз.
Қағаздың жиектері дерекі немесе кетілген.	Қағазды ауыстырыңыз.
Қағаз тесілген немесе мыжылған.	Тесілген немесе мыжылған қағаздардың бір бірінен бөлінуі қиын. Парақтарды 1-Науадан біреуден беріңіз.
Қағаз дұрыс сақталмаған.	Науалардағы қағаздарды ауыстырыңыз. Қағаз жағдайы бақыланатын ортада, шынайы қапшығында сақталу керек.
Өнімнің барлық орауыш материалдары алынбаған.	Орауыш таспасының, картонның және пластикалық тасымал құлыптарының өнімнен алынғанын тексеріңіз.
HP ашықхат баспа құралының ендіrmесі 3-науаға орнатылған және сіз 4 x 6 дюйм (10 x 15 см) қағазына басып шығармай жатырсыз.	Өлшемі 4 x 6 дюйм (10 x 15 см) қағазға басып шығарған кезде әрдайым HP ашықхат баспа құралының ендіrmесін пайдаланыңыз, бірақ басқа өлшемдермен басып шығарған кезде оны алып тастаңыз.
Немесе	
HP ашықхат баспа құралының ендіrmесі 3-науаға орнатылмаған және сіз 4 x 6 дюйм (10 x 15 см) қағазына басып шығарып жатырсыз.	


Егер өнімдегі қағаз кептеле беретін болса, HP тұтынушыларды қолдау орталығымен немесе өкілетті HP қызмет көрсетуші провайдерімен хабарласыңыз.

Кептелу орындары

Кептелу орындарын анықтау үшін осы суретті пайдаланыңыз. Бұған қосымша, басқару тақтасына кептелген қағаздың орнын сізге көрсетеді және оны тазалау әдісін көрсететін нұсқаулар шығады.

ЕСКЕРІМ: Кептелуді тазалауға қажет болуы мүмкін өнімнің ішкі аумақтарында жасыл тұтқалар немесе жасыл жапсырмалар болады.

Сурет 11-1 Кептелу орындары



1	Шығару қалтасы аумағы
2	Дуплекстеу аумағы
3	1-науа аумағы
4	Қосымша 500 парақты және ауыр баспа құралы науасы (3-науа)
5	2-науаның қағаз алу аумағы
6	Термобекіткіштің аумағы

Кептелуді тазалау

Кептелу орын алған кезде хабар басқару тақтасының дисплейіне шығып, кептелу орнын сипаттайды. Төмендегі кестеде кептелуді тазалауға арналған іс рәсімдеріне сілтеме беретін хабарлар берілген.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Электр тогының соғу қаупін болдырмау үшін өнімнің ішіне қол салмас бұрын алқаларды, білезіктерді не басқа да металл заттарды алып қойыңыз.

Кептелу түрі	Іс рәсімі
13.XX.YY ОҢ ЖАҚ ЕСІКТЕГІ КЕПТЕЛУ	Оң жақтағы есіктегі кептелуді тазалау 199-бетте сілтемесін қараңыз.
13.XX.YY ОҢ ЖАҚ ЕСІКТЕГІ КЕПТЕЛУЛЕР	
13.XX.YY ТЕРМОБЕКІТКІШ АУМАҒЫНДАҒЫ КЕПТЕЛУ	


Кептелу түрі	Іс рәсімі
13.XX.YY ТЕРМОБЕКІТКІШ ОРАМАСЫНДАҒЫ КЕПТЕЛУ	
13.XX.YY ЖОҒАРҒЫ ШЫҒАРУ ҚАЛТАСЫНЫҢ ҮСТІНДЕГІ КЕПТЕЛУ	Шығару қалтасы аумағындағы кептелуді тазалау 204-бетте сілтемесін қараңыз.
13.XX.YY 1-НАУАДАҒЫ КЕПТЕЛУ	1-науадағы кептелуді тазалау 205-бетте сілтемесін қараңыз.
13.XX.YY 2-НАУАДАҒЫ КЕПТЕЛУ	2-науадағы кептелуді тазалау 206-бетте сілтемесін қараңыз.
13.XX.YY 3-НАУАДАҒЫ КЕПТЕЛУ	Таңдаулы 500 парақты қағаз және ауыр баспа құралы науасындағы кептелуді тазалау (3-науа) 207-бетте сілтемесін қараңыз.
13.XX.YY ТӨМЕНГІ АРТҚЫ ЕСІКТЕГІ КЕПТЕЛУ	Төменгі оң жақ есіктегі кептелуді тазалау (3-науа) 208-бетте сілтемесін қараңыз.

Оң жақтағы есіктегі кептелуді тазалау


△ **ЕСКЕРТУ:** Өнім жұмыс істеп тұрған кезде термобекіткіш ыстық болуы мүмкін. Ұстар алдында, термобекіткіштің салқындағанын күтіңіз.

💡 **КЕҢЕС:** Бұл іс рәсімінің анимациясын көру үшін мына веб торапқа өтіңіз: www.hp.com/go/cljcp3525-right-door-jams.


1. Оң жақтағы есікті ашыңыз.




2. Егер қағаз шығару қалтасына кірген жерінде кептеліп қалса, қағазды шығару үшін төмен қарай ақырын тартыңыз.




3. Егер оң жақтағы есіктің ішінде кептеліп қалса, қағазды шығару үшін ақырын тартыңыз.




4. Оң жақтағы есіктің ішкі жағындағы қағаз беретін қақпақты көтеріңіз. Егер кептелген қағаз бар болса, қағазды шығару үшін оны ақырын тіке тартыңыз.




5. Қағаз беретін қақпақты жабыңыз.




6. Желімді аумақтан қағазды ақырын тартыңыз.



7. 2-науаның білік аумағынан қағазды іздеңіз. Артқы жақтың төменгі бөлігіндегі кептелуге өткізетін есікті босату үшін екі ақ тұтқаны басыңыз. Кептелген қағазды шығарып, есікті жабыңыз.



8. Егер қағаз термобекіткіштің төменгі жағынан кірген жерден көрінсе, оны шығару үшін ақырын төмен қарай тартыңыз.




△ **ЕСКЕРТУ:** Тасымалдаушы білік тұрған жердегі біліктерге тиіспеңіз. Дақтар баспа сапасына әсер етуі мүмкін.

9. Қағаз көрінбейтін термобекіткіштің ішінде кептеліп қалуы мүмкін. Ішіндегі кептелген қағазды тексеру үшін термобекіткішті шығарып алыңыз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Өнім жұмыс істеп тұрған кезде термобекіткіш ыстық болуы мүмкін. Ұстар алдында, термобекіткіштің салқындағанын күтіңіз.

- a. Термобекіткіштің тұтқаларынан ұстап, ақырын көтеріңіз, содан кейін термобекіткішті шығару үшін оны тіке тартыңыз.




- b. Кептелген қағазды шығаратын есікті ашыңыз. Егер қағаз термобекіткіштің ішінде кептеліп қалса, оны шығару үшін тіке ақырын тартыңыз. Егер қағаз жыртылып кетсе, қағаздың барлық қиындыларын алып тастаңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Термобекіткіштің корпусы салқындағанның өзінде, ішіндегі біліктер әлі ыстық болуы мүмкін. Термобекіткіштің біліктері салқындағанша, оларға тиіспеңіз.




1	Кептелген қағазды шығаратын есікті ашыңыз.
2	Кептелген қағазды алып тастаңыз.

- c. Кептелген қағазды шығаратын есікті жауып, термобекіткішті өнімге толық салыңыз.



10. Оң жақтағы есікті жабыңыз.



Шығару қалтасы аумағындағы кептелуді тазалау

💡 **КЕҢЕС:** Бұл іс рәсімінің анимациясын көру үшін мына веб торапқа өтіңіз: www.hp.com/go/cljcp3525-output-jams.

1. Егер қағаз шығару қалтасынан көрініп тұрса, шығыңқы жиегінен ұстап, оны тартыңыз.




2. Егер кептелген қағаз дуплексті шығару аумағында көрініп тұрса, оны шығару үшін ақырын тартыңыз.




1-науадағы кептелуді тазалау

💡 **КЕҢЕС:** Бұл іс рәсімінің анимациясын көру үшін мына веб-торапқа өтіңіз: www.hp.com/go/cjcp3525-tray1-jams.


1. Егер кептелген қағаз 1-науадан көрінсе, қағазды тіке ақырын тарту арқылы кептелген қағаздан тазалаңыз. Хабарды өшіру үшін **OK** батырмасын басыңыз.




2. Егер қағазды шығара алмасаңыз немесе 1-науадан ешқандай кептелген қағаз көрінбесе, 1-науаны жауып, артқы есікті ашыңыз.




3. Егер қағаз артқы есіктің ішінен көрінсе, оны шығару үшін артқы жағынан ақырын тартыңыз.



4. Желімді аумақтан қағазды ақырын тартыңыз.



5. Оң жақтағы есікті жабыңыз.




2-науадағы кептелуді тазалау


△ **ЕСКЕРТУ:** Қағаз кептелген кезде науаны ашу қағаздың жыртылып, қағаз қалдықтарының науада қалып кетуіне себеп болуы мүмкін, одан кейін басқа қағаздың кептелуі мүмкін. Науаны ашардың алдында кептелген қағазды тазалап алуды ұмытпаңыз.

💡 **КЕҢЕС:** Бұл іс рәсімінің анимациясын көру үшін мына веб торапқа өтіңіз: www.hp.com/go/cljcp3525-tray2-jams.

1. 2-науаны ашып, қағаз жинағының дұрыс тұрғанына көз жеткізіңіз. Кептелген немесе бүлінген парақтарды шығарып алыңыз.




2. Науаны жабыңыз.




Таңдаулы 500 парақты қағаз және ауыр баспа құралы науасындағы кептелуді тазалау (3-науа)

КЕҢЕС: Бұл іс рәсімінің анимациясын көру үшін мына веб торапқа өтіңіз: www.hp.com/go/cljcp3525-tray3-jams.

1. 3-науаны ашып, қағаз жинағының дұрыс тұрғанына көз жеткізіңіз. Бүлінген немесе кептелген парақтарды шығарып алыңыз.




2. 3-науаны жабыңыз.





Төменгі оң жақ есіктегі кептелуді тазалау (3-науа)

💡 **КЕҢЕС:** Бұл іс рәсімінің анимациясын көру үшін мына веб торапқа өтіңіз: www.hp.com/go/cljcp3525-lower-right-door-jams.


1. Төменгі оң жақ есікті ашыңыз.



2. Егер қағаз көрініп тұрса, кептелген қағазды шығару үшін жоғары не төмен абайлап тартыңыз.




3. Төменгі оң жақ есікті ашыңыз.



Кептелу орнын басу



Бұл өнім кептелген беттерді қайта басып шығаратын кептелуді тазалау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Келесі опцияларды таңдауыңызға болады:

- **АВТО** — Өнім жеткілікті жад болған кезде кептелген парақ беттерін қайта басып шығаруға әрекеттенеді. Бұл әдепкі параметр болып табылады.
- **ӨШІРУЛІ** — Өнім кептелген парақ беттерін қайта басып шығаруға әрекеттенбейді. Ең соңғы беттерді сақтауға ешқандай жад қолданылмайтындығынан, өнімділігі оңтайлы болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл опцияны пайдаланған кезде өнімдегі қағаз таусылып қалса және парақтардың екі беті де басылып шығып жатқан болса, кейбір беттер жоғалуы мүмкін.

- **ҚОСУЛЫ** — Өнім кептелген беттерді әрқашанда қайта басып шығарады. Соңғы бірнеше беттерді сақтауға қосымша жад бөлінеді. Бұл жалпы өнімділікке әсер етуі мүмкін.

Кептелу орнын басу функциясын қолдану

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
3. **ЖҮЙЕ ОРНАТПАСЫ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
4. **КЕПТЕЛУ ОРНЫН БАСУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
5. Лайықты параметрді бөлектеу үшін ▼/▲ төмен не жоғары көрсеткісін басыңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
6. **Дайын** күйіне оралу үшін **Мәзір** батырмасын  басыңыз.

Қағаз қолдануға қатысты мәселелер

HP LaserJet Printer Family Print Media Guide (HP LaserJet принтерлер тобының баспа құралының нұсқаулығы) ішінде көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келетін қағазды ғана пайдаланыңыз. Науаға салынатын қағаз түріне сәйкестендіру үшін басқару тақтасынан қағаз түрін әрдайым конфигурациялаңыз.

Өнім бірнеше парақ береді

Өнім бірнеше парақ береді

Себеп	Шешім
Кіріс науасы толып кеткен. Науаны ашып, қағаз жинағының максималды жинақ биіктігі белгісінен төмен екенін тексеріңіз.	Кіріс науасынан артық қағазды алып тастаңыз.
Баспа қағазы бір-бірімен жабысып шығуда.	Қағазды алып, оны бүгіңіз, оны 180 градусқа бұрыңыз немесе аударып, науаға қайта салыңыз. ЕСКЕРІМ: Қағаздың бетін желдеткішпен үрлемеңіз. Желдеткіш статикалық электр тогын туғызып, қағаздың бір біріне жабысуына себеп болады.
Қағаз өнімнің ерекшеліктеріне сай келмейді.	Осы өнім үшін HP қағаз ерекшеліктеріне сай келетін қағазды ғана пайдаланыңыз.
Науалар дұрыс реттелмеген.	Қағаз бағыттағыштарының пайдаланылып отырған қағаз өлшеміне сай екеніне көз жеткізіңіз.

Өнім сәйкес емес бет өлшемін береді

Өнім сәйкес емес бет өлшемін береді

Себеп	Шешім
Сәйкес өлшемдегі қағаз кіріс науасына салынбайды.	Кіріс науасына сәйкес өлшемдегі қағазды салыңыз.
Бағдарламалық құралда немесе принтер драйверінде сәйкес өлшемдегі қағаз таңдалмайды.	Бағдарламалық құрал мен принтер драйверіндегі параметрлердің дұрыс екеніне көз жеткізіңіз, себебі бағдарламалық құрал параметрлері принтер драйверлері мен басқару тақтасының параметрлерінен басым болады, ал принтер драйверінің параметрлері басқару тақтасының параметрлерінен басым болады. Толық ақпарат алу үшін Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту 55-бетте немесе Macintosh жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту 63-бетте қараңыз.
Өнімнің басқару тақтасынан сәйкес өлшемдегі қағаз науаға таңдалмайды.	Басқару тақтасынан науаға сәйкес өлшемдегі қағазды таңдаңыз.
Қағаз өлшемі кіріс науасына дұрыс конфигурацияланбаған.	Науа қай қағаз өлшеміне конфигурацияланғанын анықтау үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз немесе басқару тақтасын пайдаланыңыз.
Науадағы бағыттағыштар қағазға қарама-қарсы тұрған жоқ.	Қағаз бағыттағыштарының қағазға тиіп тұрғанын тексеріңіз.

Өнім сәйкес емес науадан тартады

Өнім сәйкес емес науадан тартады

Себеп	Шешім
Сіз басқа өнімге арналған драйверді пайдаланудасыз.	Осы өнімге арналған драйверді пайдаланыңыз.
Көрсетілген науа бос.	Қағазды көрсетілген науаға салыңыз.
Қағаз өлшемі кіріс науасына дұрыс конфигурацияланбаған.	Науа қай қағаз өлшеміне конфигурацияланғанын анықтау үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз немесе басқару тақтасын пайдаланыңыз.
Науадағы бағыттағыштар қағазға қарама-қарсы тұрған жоқ.	Бағыттағыштардың қағазға тиіп тұруын тексеріңіз.

Қағаз автоматты түрде берілмейді

Қағаз автоматты түрде берілмейді

Себеп	Шешім
Бағдарламалық құралда қолмен беру таңдалады.	1-науаға қағаз салыңыз немесе қағаз салынса, ✓ құсбелгі батырмасын басыңыз.
Өлшемі сәйкес қағаз салынбаған.	Өлшемі сәйкес қағазды салыңыз.
Кіріс науасы бос.	Қағазды кіріс науасына салыңыз.
Алдыңғы кептелген қағаз толық алынбаған.	Өнімді ашып, қағаз жолынан қағазды алып тастаңыз.
Қағаз өлшемі кіріс науасына дұрыс конфигурацияланбаған.	Науа қай қағаз өлшеміне конфигурацияланғанын анықтау үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз немесе басқару тақтасын пайдаланыңыз.
Науадағы бағыттағыштар қағазға қарама-қарсы тұрған жоқ.	Арқты және қағаз енін реттейтін бағыттағыштардың қағазға тиіп тұрғанын тексеріңіз.
Қолмен беру нұсқасы ALWAYS (ӘРҚАШАН) мәніне қойылған. Науаға қағаз салынғанның өзінде өнім әрқашан қолмен беруге нұсқау береді.	Науаны ашып, баспа құралын қайта салыңыз, содан кейін науаны жабыңыз. Немесе науа бос болған кезде өнімнің қолмен беруге нұсқау беруі үшін қолмен беру нұсқаулы параметрін UNLESS LOADED (САЛЫНҒАНША) мәніне өзгертіңіз.
Өнімдегі USE REQUESTED TRAY (СҰРАЛҒАН НАУАНЫ ПАЙДАЛАНУ) параметрі EXCLUSIVELY (ЕРЕКШЕ) мәніне қойылған және сұралған науа бос. Өнім басқа науаны пайдаланбайды.	Сұралған науаға салыңыз. Немесе параметрді EXCLUSIVELY (ЕРЕКШЕ) мәнінен FIRST (БІРІНШІ) мәніне CONFIGURE DEVICE (ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ) мәзірінен өзгертіңіз. Көрсетілген науаға ешқандай қағаз салынбаған жағдайда өнім басқа науаларды пайдалана алады.

Қағаз 2 не 3-науалардан берілмейді

Қағаз 2 не 3-науалардан берілмейді

Себеп	Шешім
Өлшемі сәйкес қағаз салынбаған.	Өлшемі сәйкес қағазды салыңыз.

Қағаз 2 не 3-науалардан берілмейді

Себеп	Шешім
Кіріс науасы бос.	Қағазды кіріс науасына салыңыз.
Кіріс науасына арналған сәйкес қағаз түрі өнімнің басқару тақтасынан таңдалмаған.	Өнімнің басқару тақтасынан кіріс науасына сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.
Алдыңғы кептелген қағаз толық алынбаған.	Өнімді ашып, қағаз жолынан қағазды алып тастаңыз. Термобекіткіш аумағынан кептелген қағазды жақындап тексеріңіз.
Қосымша науалардың ешқайсысы кіріс науасының опциялары ретінде шықпайды.	Қосымша науалар орнатылған кезде ғана қол жетімді болып шығады. Қосымша науалардың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. Принтер драйверінің қосымша науаларды тану үшін конфигурацияланғанын тексеріңіз.
Қосымша науа дұрыс орнатылмаған.	Қосымша науаның орнатылғанына көз жеткізу үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Ондай болмаған жағдайда науаның өнімге дұрыс салынғанын тексеріңіз.
Қағаз өлшемі кіріс науасына дұрыс конфигурацияланбаған.	Науа қай қағаз өлшеміне конфигурацияланғанын анықтау үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз немесе басқару тақтасын пайдаланыңыз.
Науадағы бағыттағыштар қағазға қарама-қарсы тұрған жоқ.	Бағыттағыштардың қағазға тиіп тұруын тексеріңіз.

Мөлдір үлдірлер немесе жылтыр қағаз берілмейді

Мөлдір үлдірлер немесе жылтыр қағаз берілмейді

Себеп	Шешім
Сәйкес қағаз түрі бағдарламалық құралды немесе принтер драйверінде көрсетілмейді.	Сәйкес қағаз түрінің бағдарламалық құралда немесе принтер драйверінде таңдалғанын тексеріңіз.
Кіріс науасы толып кеткен.	Кіріс науасынан артық қағазды алып тастаңыз. Науаға арналған жинақтың максималды биіктік белгілерінен асырмаңыз.
Басқа кіріс науасындағы қағаз өлшемі мөлдір үлдірлердікімен бірдей және өнім басқа науаны стандартты деп санап, оған ауысуда.	Мөлдір үлдірлері немесе жылтыр қағазы бар кіріс науасының бағдарламалық құралда немесе принтер драйверінде таңдалғанына көз жеткізіңіз. Науаны салынған қағаз түріне сай конфигурациялау үшін өнімнің басқару тақтасын пайдаланыңыз.
Мөлдір үлдірлері немесе жылтыр қағазы бар науа түріне сай дұрыс конфигурацияланбаған.	Мөлдір үлдірлері немесе жылтыр қағазы бар кіріс науасының бағдарламалық құралда немесе принтер драйверінде таңдалғанына көз жеткізіңіз. Науаны салынған қағаз түріне сай конфигурациялау үшін өнімнің басқару тақтасын пайдаланыңыз.
Мөлдір үлдірлердің немесе жылтыр қағаздың қолданылатын қағаз ерекшеліктеріне сай келмеуі мүмкін.	Осы өнім үшін HP қағаз ерекшеліктеріне сай келетін қағазды ғана пайдаланыңыз.
Ылғалдылығы жоғары орталар жылтыр қағаздардың берілмеуіне немесе бірнеше парақтың берілуіне себеп болуы мүмкін.	Ылғалдылығы жоғары жағдайларда жылтыр қағазды басып шығаруға жол бермеңіз. Жылтыр қағазға басып шығару кезінде қағазды орамасынан алу және оны бірнеше сағатқа қалдыру оның өнімге берілуін жақсартуы мүмкін. Дегенмен, қағазды ылғалды ортада қалдыру да көпіршіктің шығуына себеп болуы мүмкін.

Конверттер кептеле береді немесе өнімге кірмейді

Конверттер кептеле береді немесе өнімге кірмейді

Себеп	Шешім
Конверттер қолданылмайтын науаға салынған. Тек 1-науа конверттерді бере алады.	Конверттерді 1-науаға салыңыз.
Конверттер қайырылған немесе бүлінген.	Басқа конверттерді пайдаланып көріңіз. Конверттерді бақыланатын қоршаған ортада сақтаңыз.
Конверттер жабысып қалуда, себебі құрамындағы ылғал тым жоғары.	Басқа конверттерді пайдаланып көріңіз. Конверттерді бақыланатын қоршаған ортада сақтаңыз.
Конверттің бағыты дұрыс емес.	Конверттің дұрыс салынғанын тексеріңіз.
Бұл өнім пайдаланылып жатқан конверттерді қолдамайды.	<i>HP LaserJet Printer Family Print Media Guide</i> (HP LaserJet принтерлер тобының баспа құралы нұсқаулығы) нұсқаулығын қараңыз.
1-науа конверттерден басқа өлшемге конфигурацияланған.	1-науа өлшемін конверттерге сай конфигурациялаңыз.

Нәтижесі қайырылған не мыжылған

Нәтижесі қайырылған не мыжылған

Себеп	Шешім
Қағаз өнімнің ерекшеліктеріне сай келмейді.	Осы өнім үшін HP қағаз ерекшеліктеріне сай келетін қағазды ғана пайдаланыңыз.
Қағаз бүлінген немесе нашар.	Кіріс науасынан қағазды алып, күйі жақсы қағазды салыңыз.
Өнімнің жылдамдығын кеміту керек.	Толық жылдамдықты 10 бет/мин (40 бет/мин орнына) және 3/4 жылдамдықты 7,5 бет/мин (30 бет/мин орнына) кеміту үшін Баспа сапасы мәзіріндегі PAPER CURL (ҚАҒАЗ ҚАЙЫРЫЛУЫ) опциясын REDUCED (АЗАЙТЫЛҒАН) мәніне қойыңыз.
Өнім ылғалдылығы жоғары ортада жұмыс істейді.	Баспа ортасының ылғалдылық ерекшеліктерімен сай екенін тексеріңіз.
Сіз үлкен, тұтас толтырылған аумақтарды басып шығарудасыз.	Үлкен, тұтас толтырылған аумақтар шамадан тыс қайырылуына себеп болуы мүмкін. Басқа үлгіні пайдаланып көріңіз.
Пайдаланылған қағаз дұрыс сақталмаған және ылғалды сіңіріп алған болуы мүмкін.	Қағазды шығарып, оны таза, ашылмаған орауыштағы қағазбен ауыстырыңыз.
Қағаздың кесілген жиектері нашар.	Қағазды алып, оны бүгіңіз, оны 180 градусқа бұрыңыз немесе оны кіріс науасына аударып қайта салыңыз. Қағаздың бетін желдеткішпен үрлемеңіз. Егер ақау кетпесе, қағазды ауыстырыңыз.
Арнайы қағаз түрі науа үшін конфигурацияланбаған немесе бағдарламалық құралда таңдалмаған.	Бағдарламалық құралды қағазға конфигурациялаңыз (бағдарламалық құрал құжаттарын қараңыз). Науаны қағазға конфигурациялап, Науаларды салу 90-бетте бөлімін қараңыз.
Қағаз баспа тапсырмасы үшін пайдаланылған.	Қағазды қайта пайдаланбаңыз.


Өнім дуплекстемейді немесе дұрыс дуплекстемейді

Өнім дуплекстемейді (2 жақты тапсырмаларды басып шығармайды) немесе дұрыс дуплекстемейді

Себеп	Шешім
Сіз қолданылмайтын қағазға дуплекстемекшісіз.	Қағаздың дуплексті басып шығаруға қолданылатынын тексеріңіз.
Принтер дуплексті басып шығаруға қойылмаған.	Дуплексті басып шығаруды қосу үшін принтер драйверін баптаңыз.
Бірінші бет алдын ала басып шығарылған бланкілердің немесе фирмалық бланкінің артына басып шығарылуда.	Алдын ала басып шығарылған бланкілер мен фирмалық бланкілерді 1-науаға басып шығарылатын жағын төмен, жоғарғы жағын өнімге қаратып салыңыз. 2 және 3-науалар үшін қағаздың басып шығарылатын жағын жоғары қаратып, өнімнің оң жағына беттің жоғарғы жағын салыңыз.
Өнімнің моделі автоматты 2 жағына басып шығаруды қолдамайды.	HP Color LaserJet CP3525 және HP Color LaserJet CP3525n модельдері автоматты 2 жағына басып шығаруды қолдамайды.
Өнім конфигурациясы дуплекстеуге қойылмаған.	Windows жүйесінде автоматты конфигурация мүмкіндігін іске қосыңыз: <ol style="list-style-type: none">Start (Бастау) батырмасын басып, Settings (Параметрлер) тармағын көрсетіңіз, содан кейін Printers (Принтерлер) (Windows 2000 үшін) немесе Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар) (Windows XP үшін) батырмасын басыңыз.HP өнім белгішесін тінтуірдің оң жақ батырмасымен басыңыз, содан кейін Properties (Сипаттар) немесе Printing Preferences (Баспа таңдаулылары) тармағын таңдаңыз.Алдымен Device Settings (Құрылғы параметрлері) жиекбелгісін шертіңіз.Installable Options (Орнатылатын опциялар) астындағы Automatic Configuration (Автоматты конфигурация) тізімінің Update Now (Қазір жаңарту) тармағын таңдаңыз.

Форматтаушы шамдарын түсіну

Форматтаушыдағы үш ЖД өнімнің дұрыс істеп тұрғанын көрсетеді.




1	HP Jetdirect ЖД-тары
2	Ырғақты ЖД

HP Jetdirect ЖД-тары

Енгізілген HP Jetdirect баспа серверінің екі ЖД бар. Сары ЖД желі жұмысын, ал жасыл ЖД байланыс мәртебесін көрсетеді. Жыпылықтап тұрған сары ЖД жел трафигін көрсетеді. Егер жасыл ЖД өшірулі болса, байланыс сәтсіз болды.

Байланыс ақаулықтары үшін желілік кабель жалғауларының барлығын тексеріңіз. Бұған қосымша, өнімнің басқару тақтасындағы мәзірлер арқылы енгізілген баспа серверіндегі байланыс параметрлерін қолмен конфигурациялап көруіңізге болады.

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
3. **I/O** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
4. **ЕНГІЗІЛГЕН JETDIRECT МӘЗІРІ** опциясын бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
5. **СІЛТЕМЕ ЖЫЛДАМДЫҒЫ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
6. Лайықты байланыс жылдамдығын таңдап, **ОК** батырмасын басыңыз.

Ырғақты ЖД

Ырғақты ЖД форматтаушының дұрыс істеп тұрғанын көрсетеді. Өнім қосылғаннан кейін іске қосылғанда, ЖД жылдам жыпылықтап, өшіп қалады. Өнім іске қосылу ретін аяқтағанда, ырғақты ЖД импульсы қосылып өшеді.

Егер ырғақты ЖД өшірулі болса, форматтаушыда ақау болуы мүмкін. HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсетуші провайдермен хабарласыңыз. HP қолдау анықтамалығын қараңыз немесе www.hp.com/go/cljcp3525_firmware бөліміне кіріңіз.

Кескін сапасының мәселелерін шешу

Баспа сапасына байланысты ақаулықтардың көбісін келесі нұсқауларды орындау арқылы алдын алуыңызға болады.

- Науаларды дұрыс парақ түріне баптаңыз. [Науаларды конфигурациялау 105-бетте](#) қараңыз.
- HP ерекшеліктеріне сай қағазды пайдаланыңыз. [Қағаз және баспа құралы 81-бетте](#) қараңыз.
- Өнімді қажеті бойынша тазалап тұрыңыз. [Өнімді тазалау 165-бетте](#) қараңыз.
- Шынайы HP жабдықтарын пайдаланыңыз. Барлық жабдықты тексеру үшін Жабдықтар күйі бетін басып шығарыңыз.

Баспа сапасына қатысты мәселелерді шешуге қосымша көмек алу үшін төмендегі веб тораптарын қараңыз:

- www.hp.com/go/printquality/cljcp3525
- www.hp.com/go/cljcp3525_manuals. Ақ қағаздар бөлімінде баспа сапасына қатысты ақауларды жою құжатына арналған сілтемені басыңыз.

Баспа сапасына қатысты мәселелер үлгілері


Кейбір баспа сапасына қатысты мәселелер сәйкес келмейтін қағазды пайдаланудан туындайды.

- HP қағаз ерекшеліктеріне сай келетін қағазды пайдаланыңыз.
- Қағаздың беті тым бұдырлы. HP қағаз ерекшеліктеріне сай келетін қағазды пайдаланыңыз.
- Принтер драйверінің параметрі немесе қағаз науасының параметрі дұрыс болмауы мүмкін. Өнімнің басқару тақтасынан қағаз науасын конфигурациялағыныңызға және пайдаланып отырған қағазға сәйкес драйвер параметрін де таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.
- Баспа режимі дұрыс қойылмауы мүмкін немесе қағаздың ұсынылған ерекшеліктерге сай келмеуі мүмкін.
- Пайдаланылып отырған мөлдір үлдірлер дұрыс тонер сәйкестігіне арналмаған. HP Color LaserJet өнімдеріне арналған мөлдір үлдірлерді ғана пайдаланыңыз.
- Қағаздың ылғалдығы біркелкі емес, тым жоғары немесе тым төмен. Басқа жердегі немесе ашылмаған қағаз бумасындағы қағазды қолданыңыз.
- Қағаз бетінің кейбір жерлеріне тонер бекітілмейді. Басқа жердегі немесе ашылмаған қағаз бумасындағы қағазды қолданыңыз.
- Фирмалық бланкіңіз қалың қағазға басылған. Жұқалау, ксерографикалық қағазды қолданыңыз. Егер ол мәселені шешпесе, пайдаланылған қағаздың осы өнімге арналған ерекшеліктерге сай келуін тексеру үшін бланкіңізді басып шығарушымен хабарласыңыз.
- Бірнеше оңтайлы баспа режимдерін баспа сапасына қатысты мәселелерді қарастыру үшін пайдалануға болады. [Баспа сапасының мәзірі 23-бетте](#) сілтемесін қараңыз.

Қайталанбалы ақаулықтарға арналған сызғыш

Егер ақаулықтары бетте үнемі қайталанып тұрса, ақаулықтың себебін анықтау үшін осы сызғышты пайдаланыңыз. Сызғыштың жоғарғы жағын бірінші ақаулыққа қойыңыз. Келесі кездесетін ақаулықтың жанындағы белгі ауыстыруды қажет ететін құрамдасты көрсетеді.


Сурет 11-2 Қайталанбалы ақаулықтарға арналған сызғыш



Ақаулықтар арасындағы арақашықтық	Ақаулықтың пайда болуына себепші өнімнің құрамдастары
27 мм	Баспа картриджі
32 мм	Баспа картриджі
44 мм	Баспа механизмі
49 мм	Баспа механизмі
50 мм	Баспа механизмі
66 мм	Баспа механизмі
76 мм	Баспа картриджі
77 мм	Термобекіткіш
78 мм	Термобекіткіш
80 мм	Баспа механизмі
92 мм	Баспа механизмі
105 мм	Баспа механизмі

Жоғарғы мөлдір үлдір ақаулықтары

Жоғарғы мөлдір үлдірлер басқа қағаз түрі көрсетуі мүмкін бейне сапасына қатысты мәселелердің кез келгенін және мөлдір үлдірлерге тән ақаулықтарды көрсетеді. Бұған қоса, мөлдір үлдірлер баспа жолында иілгіш болып келеді, олар қағаз қолдану құрамдастарымен белгіленеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Мөлдір үлдірлерді қолданудың алдында оларды кемінде 30 секундқа салқындатып алыңыз.

- Принтер драйверінің **Paper** (Қағаз) жиекбелгісінен қағаз түрі ретінде **Transparency** (Мөлдір үлдір) тармағын таңдаңыз. Сондай-ақ, мөлдір үлдірлер үшін науаның дұрыс конфигурацияланғанына көз жеткізіңіз.
- Мөлдір үлдірлердің өнімнің ерекшеліктеріне сай екенін тексеріңіз.
- Мөлдір үлдірлерді жиегінен ұстаңыз. Мөлдір үлдірлердің беттеріндегі тері майы, нүктелер мен дақтардың пайда болуына себеп болады.
- Тұтас беттердегі кішкентай, кездейсоқ қара жерлер мөлдір үлдірлердің шығару науасында жабысып қалуына себеп болуы мүмкін. Тапсырманы аз көлеммен басып шығарып көріңіз.
- Егер таңдалған түстер басып шығару кезінде қажет болмаса, бағдарламалық құралда немесе принтер драйверінде басқа түстерді таңдаңыз.
- Егер сіз шағылдыратын кодоскопты пайдаланып отырсаңыз, оның орнына стандартты кодоскопты пайдаланыңыз.

Ортаға байланысты баспа сапасы ақаулықтары

Егер өнім тым ылғал немесе тым құрғақ ортада жұмыс істеп тұрса, сол орта ерекшеліктеріне сай келетінін тексеріңіз. [Қоршаған ортаның ерекшеліктері 246-бетте](#) қараңыз.

Кептелуге байланысты баспа сапасының ақаулықтары

- Қағаз жолының барлық қағаздан тазаланғанына көз жеткізіңіз.
- Егер өнімде қағаздың кептелгеніне көп уақыт өтпесе, өнімді тазалау үшін екі не үш бетті басып шығарыңыз.
- Қағаз термобекіткіш арқылы өтпейді, нәтижесінде бейнеге қатысты ақаулықтардың кейінгі құжаттарда пайда болуына себеп болады. Өнімді тазалау үшін екі-үш бетті басып шығарыңыз.


Бейне сапасын оңтайландыру және жақсарту

Төмендегі іс рәсімдерін көптеген бейне сапасына қатысты мәселелерді шешуге пайдалануға болады.

Егер төмендегі іс рәсімдері баспа сапасын жақсартпаса, www.hp.com/support/cljcp3525 торабына өтіңіз.


Өнімді калибрлеу

Калибрлеу баспа сапасын оңтайландыратын өнім функциясы болып табылады. Егер сіз бейне сапасына қатысты мәселелерді кездестірсеңіз, өнімді калибрлеңіз.

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **БАСЫП ШЫҒАРУ САПАСЫ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. **ҚАЗІР ТОЛЫҚ КАЛИБРЛЕҢІЗ** параметрін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

Баспа сапасының ақауларын жою беттері

Баспа сапасына қатысты мәселелерді диагностикалауға және шешуге көмектесу үшін енгізілген баспа сапасының ақауларын жою беттерін пайдаланыңыз.

1. **Мәзір** батырмасын  басыңыз.
2. **ДИАГНОСТИКАЛАУ** мәзірін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **PQ АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ** параметрін бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басыңыз, содан кейін беттерді басып шығару үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Баспа сапасының ақауларын жою беттерін басып шығарғаннан кейін өнім **Дайын** күйіне оралады. Басылып шығатын беттердегі нұсқауларды орындаңыз.

Бейне тіркеуін орнату

Егер сізде беттегі мәтінді туралаумен мәселе туындаса, бейне тіркеуін орнату үшін **ТІРКЕУДІ ОРНАТУ** мәзірін пайдаланыңыз. Нұсқауларды [Дуплексті туралауды орнату 120-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

Ашық жолдарға қатысты мәселелерді шешу

Егер сізде бейнедегі ашық жолдармен мәселе туындаса, жабдықтар мәртебесі бетін басып шығару үшін **АҚПАРАТ** мәзірін пайдаланыңыз. Егер картридждердің ешқайсысы өлшеулі қызмет мерзімінің соңына жетпесе, картридждерді өнімнен алып, оларды қайта салыңыз. Өнім ашық жолдарды жоюы мүмкін тазалау механизмін іске қосады.

Өнімділік ақаулықтарын түзету

Мәселе	Себеп	Шешім
Беттер басылып шығады, бірақ толығынан таза.	Құжат құрамында таза беттер болуы мүмкін.	Басып отырған құжатыңызды беттердің барлығында да болуын қадағалаңыз.
	Өнім ақаулы болуы мүмкін.	Өнімді тексеру үшін, Конфигурациялау бетін басып шығарыңыз.
Беттер тым баяу басылып шығарылады.	Қалыңдау қағаз басып шығару операциясын баяулатуы мүмкін.	Өзге түрлі қағазды қолданып көріңіз.
	Құрастырмалы беттер баяу басылуы мүмкін.	Ең жақсы баспа сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті термобекіту баяу баспа жылдамдығын қажет етуі мүмкін.
Беттер басылып шығарылмады.	Өнім қағазды дұрыс тартпай тұруы мүмкін.	Қағаздың науаға дұрыс салынғандығына көз жеткізіңіз.
	Қағаз өнімнің ішінде кептелді.	Кептелуді тазартыңыз. Қараңыз Кептелулер 197-бетте .
	USB кабелі ақаулы немесе дұрыс жалғанбаған болуы мүмкін.	<ul style="list-style-type: none">• USB кабелін екі жағынан да ажыратып, қайта жалғаңыз.• Соңғы басылған тапсырманы басып шығарып көріңіз.• Өзге USB кабелін пайдаланып көріңіз.
	Компьютеріңізде өзге құрылғылар қосылған.	Өнім USB портын ортақ пайдаланбауы мүмкін. Сізде өнімдікіне ұқсас портқа жалғанған ішкі қатқыл диск немесе желілік меңзерлі ауыстырғыш орнатылған жағдайда өзге құрылғы кедергі жасауы мүмкін. Өнімді жалғап, пайдалану үшін Сіз өзге құрылғыны ажыратуыңыз немесе компьютердің екі портын пайдалануыңыз керек.

Қосылу ақаулықтарын түзету

Тікелей жалғау ақаулықтарын түзету

Егер сіз өнімді компьютерге тікелей қоссаңыз, кабельді тексеріңіз.

- Кабель компьютерге және өнімге жалғанғандығын тексеріңіз.
- Кабельдің 2 метрден ұзын емес екендігін тексеріңіз. Қажет болса, кабельді ауыстырыңыз.
- Кабельдің дұрыс жұмыс істейтінін басқа бір өнімге қосып тексеріңіз. Қажет болса, кабельді ауыстырыңыз.

Желілік ақаулықтарды түзету

Өнім желімен байланысып тұрғанын анықтау үшін келесіні тексеріңіз. Бастар алдында конфигурация бетін басып шығарыңыз. [Ақпараттық беттер 140-бетте](#) қараңыз.

1. Жұмыс компьютердің немесе файл серверінің және өнімнің арасында физикалық байланыс ақаулығы бар ма?

Желілік кабелдің, байланыстардың және маршрутизатордың конфигурациялары дұрыс екенін тексеріңіз. Желілік кабельдің ұзындықтары желінің ерекшеліктеріне сай екенін тексеріңіз.

2. Желілік кабельдер дұрыс жалғанды ма?

Өнім желіге тиісті порт және кабель арқылы жалғанғанын тексеріңіз. Әр кабельдің жалғанған жері мықты және дұрыс екенін тексеріңіз. Егер ақаулық шешілмесе, концентраторға немесе трансверге басқа кабельді немесе портты қолданып көріңіз. Өнімнің артқы жағындағы портқа қосатын жердегі сарғыш түсті жұмыс шамы және жасыл түсті мәртебе шамы жанып тұру керек.

3. Байланыс жылдамдығы мен дуплекс параметрлері дұрыс қойылған ба?

Hewlett-Packard бұл параметрді автоматты режимде қалдыруды ұсынады (стандартты параметр). [Сілтеме жылдамдығы және дуплекстеу параметрлері 78-бетте](#) дегенді қараңыз.

4. Өнімнің байланысын «ping» пәрменімен тексере аласыз ба?

Пәрмен жолын ашып, компьютеріңізден өнімнің байланысын тексеріңіз. Мысалы:

```
ping 192.168.45.39
```

Ping пәрмені айналып қайту уақытын көрсететініне көз жеткізіңіз.

Егер өнімнің байланысы өтіп тұрса, онда компьютеріңіздегі өнімнің IP адрес конфигурациясы дұрыс екенін тексеріңіз. Егер ол дұрыс болса, өнімді жойып, қайта қосыңыз.

Егер ping пәрмені байланыса алмаса, желілік концентраторлардың қосулы екенін тексеріңіз. Содан соң, желілік теңшеулердің, өнімнің және компьютердің конфигурациялары сол желіге бапталғанын тексеріңіз.

5. Желіге ешқандай бағдарламалық жасақтар қосылған жоқ па?

Оларға желіде қолдау көрсетілетінін және олар дұрыс принтер драйверлерімен орнатылғанын тексеріңіз.

6. Басқа пайдаланушылар басып шығара ала ма?

Ақаулық жұмыс компьютеріңізге байланысты болуы мүмкін. Жұмыс компьютеріңіздің желілік драйверлерін, принтер драйверлерін және бағытты өзгерту мүмкіндігін тексеріңіз (Novell NetWare жасақтамасында ұсталады).

7. Егер басқа пайдаланушылар басып шығара алса, олар дәл сол желілік операциялық жүйені қолданып отыр ма?

Жүйеңіздегі желілік операциялық жүйеңіздің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

8. Протокол қосулы ма?

Конфигурация бетінен протоколыңыздың қалпын тексеріңіз. Сонымен қатар, сіз енгізілген веб-серверді пайдаланып басқа протоколдардың міртебесін тексере аласыз.

[Енгізілген веб сервері 144-бетте](#) қараңыз.

9. Өнім HP Web Jetadmin немесе басқа басқару бағдарламалық құралында көріне ме?

- Желінің конфигурациясы бетінде желілік параметрлерді тексеріңіз.
- Өнімнің басқару панелінен (басқару панелдері бар өнімдерге арналған) желілік параметрлерін растаңыз.

Өнім бағдарламалық құралының мәселелері

Мәселе	Шешімі
Өнімнің принтер драйвері Printer (Принтер) папкасында көрінбейді	<ul style="list-style-type: none">Өнім бағдарламалық құралын қайта орнатыңыз. ЕСКЕРІМ: Қосылған барлық қосымшаларды өшіріңіз. Жүйелік науада белгішесі бар кез келген қосымшаларды жабу үшін белгішеге оң жақ батырманы әкеп басып, Close (Жабу) немесе Disable (Өшіру) тармағын таңдаңыз.USB кабелін компьютердің өзге USB портына жалғап көріңіз.
Бағдарламалық құралын орнату барысында экранға қателік жөнінде хабар шығарылды	<ul style="list-style-type: none">Өнім бағдарламалық құралын қайта орнатыңыз. ЕСКЕРІМ: Қосылған барлық қосымшаларды жабыңыз. Жүйелік науада белгішесі бар кез келген қосымшаларды өшіру үшін белгішеге оң жақ батырманы әкеп басып, Close (Жабу) немесе Disable (Өшіру) тармағын таңдаңыз.Өнім бағдарламалық құралын орнататын жетектегі бос орын мөлшерін тексеріңіз. Қажетті жағдайда, өзіңіз қалайтын орынды босатып, бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз.Қажетті жағдайда, Диск Дефрагменттаушысын іске қосып, бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз.
Өнім Өзір режимінде, бірақ ештеңе басылып шығарылмайды	<ul style="list-style-type: none">Конфигурациялау бетін басып шығарып, өнімнің жұмыс істеуін тексеріңіз.Барлық кабельдердің дұрыс жалғанып, ерекшеліктерге сәйкес екендігін тексеріңіз. Олардың қатарына USB кабелі мен қорек кабельдері жатады. Жаңа кабель жалғап көріңіз.

Жалпы кездесетін Windows жүйесіндегі мәселелер

Қателік туралы хабарлама:

"General Protection FaultException OE" («Жалпы қорғаныстың бұзылуыЕрекшелік OE»)

«Spool32»

"Illegal Operation" («Заңсыз операция»)

Себеп	Шешім
	<p>Барлық бағдарламаларды жауып, Windows қайтадан қосып, әрекетті қайталаңыз.</p> <p>Принтердің басқа драйверін таңдаңыз. Егер өнімнің PCL 6 принтер драйвері таңдалса, бағдарламалық құралдан жүзеге асыруға болатын PCL 5 не HP ашықхат 3-деңгейлі эмуляциялық принтер драйверіне ауысыңыз.</p> <p>Temp шағын каталогындағы барлық уақытша файлдарды жойыңыз. AUTOEXEC.BAT файлын ашып, «Set Temp =» операторын іздеу арқылы каталогтың атауын анықтаңыз. Осы оператордан кейінгі атау Temp каталогы болып табылады. Ол әдепкі мән бойынша C:\TEMP болады, бірақ қайтадан анықталуы мүмкін.</p> <p>Windows қателік туралы хабарламалар жайлы қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге келген Microsoft Windows құжаттамасын қараңыз.</p>

Macintosh ақаулықтарын түзету

Бұл бөлімде Mac OS X жүйесін пайдалану кезінде кездесуі мүмкін ақаулар берілген.

Кесте 11-2 Mac OS X жүйесінің ақаулары

Принтер драйвері Баспа орталығы немесе Принтер баптаулары утилитасында берілмеген.

Себеп	Шешім
Өнімнің бағдарламалық құралы орнатылмаған болар немесе дұрыс орнатылмаған.	Өнімнің PPD файлының төмендегі қатты диск папкасында екеніне көз жеткізіңіз: <code>Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/ <lang>.lproj</code> , мұндағы <lang> - пайдаланылатын екі әріпті тіл коды. Қажет болса, бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.
PostScript Принтер ерекшелігі (PPD) файлында ақаулық бар.	Төмендегі қатты диск папкасынан PPD файлын жойыңыз: <code>Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/ <lang>.lproj</code> , мұндағы <lang> - пайдаланылатын екі әріпті тіл коды. Бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

Өнім аты, IP мекенжай немесе Rendezvous/Bonjour хосты аты Баспа орталығы немесе Принтер баптаулары утилитасындағы өнімдер тізімінде жоқ.

Себеп	Шешім
Өнім дайын болмауы мүмкін.	Кабельдердің дұрыс жалғанғанын, өнімнің қосылып және дайын шамы жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер сіз USB немесе Ethernet концентраторы арқылы қосылсаңыз, онда компьютерге тікелей немесе басқа порт арқылы қосылып көріңіз.
Қате байланыс түрі таңдалған болуы мүмкін.	Өнім мен компьютердің арасындағы байланыс түріне байланысты USB, IP баспасы немесе Rendezvous/Bonjour атының таңдалғанына көз жеткізіңіз.
Қате өнім аты, IP мекенжайы немесе Rendezvous/Bonjour хост аты пайдаланылуда.	Өнім атын, IP мекенжайын немесе Rendezvous хост атын тексеру үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Конфигурациялау бетіндегі атының, IP мекенжайының немесе Rendezvous хост атының Баспа орталығы немесе Принтер баптаулары утилитасындағы өнімнің атына, IP мекенжайына немесе Rendezvous хост атына сәйкес келетінін тексеріңіз.
Интерфейс кабелі ақаулы немесе сапасы төмен болуы мүмкін.	Интерфейс кабелін ауыстырыңыз. Жоғары сапалы кабельді пайдаланыңыз.

Принтер драйвері Баспа орталығы немесе Принтер баптаулары утилитасындағы таңдалған өнімді автоматты түрде баптамайды.

Себеп	Шешім
Өнім дайын болмауы мүмкін.	Кабельдердің дұрыс жалғанғанын, өнімнің қосылып және дайын шамы жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер сіз USB немесе Ethernet

Кесте 11-2 Mac OS X жүйесінің ақаулары (жалғасы)

Принтер драйвері Баспа орталығы немесе Принтер баптаулары утилитасындағы таңдалған өнімді автоматты түрде баптамайды.

Себеп	Шешім
Өнімнің бағдарламалық құралы орнатылмаған болар немесе дұрыс орнатылмаған.	концентраторы арқылы қосылсаңыз, онда компьютерге тікелей немесе басқа порт арқылы қосылып көріңіз. Өнімнің PPD файлының төмендегі қатты диск папкасында екеніне көз жеткізіңіз: <code>Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj</code> , мұндағы <lang> - пайдаланылатын екі әріпті тіл коды. Қажет болса, бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.
PostScript Принтер ерекшелігі (PPD) файлында ақаулық бар.	Төмендегі қатты диск папкасынан PPD файлын жойыңыз: <code>Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj</code> , мұндағы <lang> - пайдаланылатын екі әріпті тіл коды. Бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.
Интерфейс кабелі ақаулы немесе сапасы төмен болуы мүмкін.	Интерфейс кабелін ауыстырыңыз. Жоғары сапалы кабельді пайдаланыңыз.

Баспа тапсырмасы сіз қалаған өнімге жіберілмеген.

Себеп	Шешім
Баспа кезегі тоқтатылған болуы мүмкін.	Баспа кезегін қайта бастаңыз. Print monitor (Баспаны қадағалау) тармағын ашып, Start Jobs (Тапсырмаларды бастау) батырмасын басыңыз.
Қате өнім аты немесе IP мекенжайы пайдаланылуда. Басып шығару тапсырмаңызды дәл сондай немесе ұқсас аты, IP мекенжайы немесе Rendezvous хост аты бар өнім қабылдаған болуы мүмкін.	Өнім атын, IP мекенжайын немесе Rendezvous хост атын тексеру үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Конфигурациялау бетіндегі атының, IP мекенжайының немесе Rendezvous хост атының Баспа орталығы немесе Принтер баптаулары утилитасындағы өнімнің атына, IP мекенжайына немесе Rendezvous хост атына сәйкес келетінін тексеріңіз.

Инкапсуляцияланған PostScript (EPS) файлы қате қаріптермен басылып шығады.

Себеп	Шешім
Бұл ақаулық кейбір бағдарламалық жасақтамаларда болады.	<ul style="list-style-type: none">Басып шығару алдында өнімге EPS файлында берілген қаріптерді жүктеп көріңіз.Файлды екілік код пішімінің орнына ASCII пішімінде жіберіңіз.

Кесте 11-2 Mac OS X жүйесінің ақаулары (жалғасы)

Үшінші тарап USB картасынан басып шығара алмайсыз.

Себеп	Шешім
Бұл қателік USB өнімдерінің бағдарламалық құралы орнатылмаған кезде шығады.	Үшінші тарап USB картасын қосқан кезде, Apple USB Адаптер картасын қолдау бағдарламалық құралы қажет болуы мүмкін. Бұл бағдарламалық жасақтаманың ең жаңа нұсқасы Apple веб-торабында бар.

USB кабелі арқылы қосылғанғанда, драйвер таңдалғаннан кейін өнім Баспа орталығы немесе Принтер баптаулары утилитасында көрсетілмейді.

Себеп	Шешім
Бұл ақаулық бағдарламалық құралдың немесе аппараттық құралдың құрам бөлігінің кесірінен туындады.	<p>Бағдарламалық құралдың ақауларын жою</p> <ul style="list-style-type: none">• Сіздің Macintosh жүйеңіз USB мүмкіндігін қолдайтынын анықтаңыз.• Macintosh операциялық жүйесінің Mac OS X v10.1 немесе кейінгі нұсқасы екенін тексеріңіз.• Macintosh жүйеңізде тиісті Apple компаниясының USB бағдарламалық құралы бар екенін тексеріңіз. <p>Аппараттық құралдың ақауларын жою</p> <ul style="list-style-type: none">• Өнімнің қосулы екенін тексеріңіз.• USB кабелінің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.• Тиісті жоғары жылдамдықты USB кабелін пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.• Тізбектен қуат алатын USB құрылғыларының тым көп емес екенін тексеріңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді тікелей хост компьютеріндегі USB портына қосыңыз.• Тізбекке екеуден артық қуатсыз USB концентраторлары жалғанбағанын тексеріңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді тікелей хост компьютеріндегі USB портына қосыңыз. <p>ЕСКЕРІМ: iMac пернетақтасы қуатсыз USB хабы болып табылады.</p>

А Жабдықтар мен қосымша керек-жарақтар

- Бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру
- Бөлшек нөмірлері

Бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру

Бөлшектерге, жабдықтар мен керек-жарақтарға тапсырыс беруге кейбір әдістер қол жетімді.

Жабдықтар мен қағазға тапсырыс беру	www.hp.com/go/suresupply
Шынайы HP бөлшектеріне не керек-жарақтарына тапсырыс беру	www.hp.com/buy/parts
Қызмет көрсету орталығы немесе қолдау көрсетуші провайдерлер арқылы тапсырыс беру	HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсетуші провайдермен хабарласыңыз.
HP бағдарламалық құралы арқылы тапсырыс беру	HP Easy Printer Care 141-бетте Енгізілген веб сервері 144-бетте

Бөлшек нөмірлері

Тапсырыс беру туралы ақпарат және керек-жарақтардың қол жетімділігі өнімнің пайдалану мерзімінде өзгеруі мүмкін.

Керек-жарақтар

Тармақ	Сипаттама	Бөлшек нөмірі
HP Color LaserJet 1 x 500 парақты әпергіш	500 парақты және ауыр баспа құралы наусы.	CE522A
HP ашықхат баспа құралы ендімесі	HP Color LaserJet 1 x 500 қағаз әпергішімен бірге келетінге арналған алмастыратын ендірме.	CC497A

Баспа картридждері және тонер жинау құрылғысы

Тармақ	Сипаттама ¹	Бөлшек нөмірі
HP Color LaserJet қара түс баспа картриджі	Стандартты қара түс картриджі	CE250A
HP Color LaserJet қара түс баспа картриджі	Жоғары сыйымдылықты қара түс картриджі	CE250X
HP Color LaserJet көгілдір түс баспа картриджі	Көгілдір түс картриджі	CE251A
HP Color LaserJet сары түс баспа картриджі	Сары түс картриджі	CE252A
HP Color LaserJet ашық қызыл түс баспа картриджі	Ашық қызыл түс картриджі	CE253A
Тонер жинау құрылғысы	Қағазға ерімеген тонерге арналған ыдыс.	CE254A

¹ Толық ақпарат алу үшін www.hp.com/go/learnaboutsupplies бетіне өтіңіз.

Жад

Тармақ	Сипаттама	Бөлшек нөмірі
200 істікшелі DDR2 SODIMM x64 жад модульдері	128 Мб	CC409AX
	256 Мб	CC410AX
	512 Мб	CC411AX
	1 Гб	CC412AX
Өнімнің үлкен және құрмалас тапсырмаларды басып шығару қабілетін арттырады.		
HP шифрланған жұмыс тиімділігі жоғары қатты дискілері	EIO керек-жарақ слотына орнатылатын EIO шифрланған қатты дискісі 63 мм (2,5 дюйм)	J8019A

Кабельдер мен интерфейстер

Тармақ	Сипаттама	Бөлшек нөмірі
Жетілдірілген I/O (EIO) картасы	HP Jetdirect 635n IPv6/IPsec баспа сервері	J7961G
USB кабелі	2 метрлік стандартты USB үйлесімді құрылғы қосқышы	C6518A

Техникалық қызмет көрсету жинағы

Тармақ	Сипаттама	Бөлшек нөмірі
Термобекіткіш жинағы	110 Вольтті алмастыратын термобекіткіш	CE484A
	220 Вольтті алмастыратын термобекіткіш	CE506A

В Қызмет және қолдау

- [Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі](#)
- [Баспа картриджінің шектеулі кепілдігі жөніндегі мәлімдеме](#)
- [HP Color LaserJet термобекіткіш жинағына шектеулі кепілдік беру туралы мәлімдеме](#)
- [Соңғы Пайдаланушының Лицензиялық Келісімі](#)
- [Пайдаланушының орындайтын жөндеудің кепілдік қызметі](#)
- [Тұтынушыларды қолдау](#)

Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі

HP ӨНІМІ	ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ
HP Color LaserJet CP3525, CP3525n, CP3525dn, CP3525x	Бір жылдық орындағы кепілдік

HP компаниясы сізге, соңғы пайдаланушыға сатып алынған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP аппараттық құралдары мен керек-жарақтарының материалдары мен дайындалу сапасы жағынан ақаулы еместігіне кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP ақаулы болып шыққан өнімдерді өз ұйғарымына сәйкес жөндеп немесе ауыстырып береді. Ауыстырылған өнімдер жаңа немесе жаңа өнімдер сияқты жұмыс істейтін болуы мүмкін.

HP компаниясы сізге сатып алынған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP бағдарламалық құралының дұрыс орнатылған немесе пайдаланылған кезде материалдары мен дайындалу сапасындағы ақаулықтарға байланысты бағдарламалау нұсқауларын орындамай қоймайтынына кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP компаниясы осындай ақаулықтардың салдарынан бағдарламалау нұсқауларын орындамаған бағдарламалық құралды ауыстырып береді.

HP компаниясы HP өнімдерінің үздіксіз және қатесіз жұмыс істейтініне кепілдік бермейді. Егер HP компаниясы қажетті мерзімде кепілдіктегі шартқа байланысты өнімін жөндеп немесе ауыстырып бере алмаса, сіз өнімді қайтарысымен оның құнын қайтарып алуға құқылысыз.

HP өнімдерінің құрамында жұмысы жағынан жаңасымен тең зауытта қалпына келтірілген бөлшектердің болуы мүмкін немесе олар қосымша пайдаланған болуы мүмкін.

Кепілдік (а) дұрыс немесе талаптарға сәйкес жөндемеу немесе тексеру, (ә) HP компаниясының бағдарламалық құралын, интерфейсін немесе қосалқы бөлшектерін пайдаланбау, (б) рұқсатсыз өзгерту немесе дұрыс пайдаланбау, (в) өнімді қоршаған орта талаптарына сәйкес пайдаланбау немесе (г) тиісті орында дайындамау немесе жөндемеу нәтижесінде туындаған ақаулықтарды қамтымайды.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН КЕПІЛДІКТЕР ЕРЕКШЕ БОЛЫП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТҮСІНІКТІ НЕМЕСЕ ТҰСПАЛДЫ ТҮРДЕ АЙТЫЛМАЙДЫ. HP КОМПАНИЯСЫ ТАУАРДЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ, ҚАНАФАТТАНАРЛЫҚ САПА МЕН БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТҰСПАЛДЫ КЕПІЛДІКТЕРДЕН НЕМЕСЕ ШАРТТАРДАН НАҚТЫ ТҮРДЕ БАС ТАРТАДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін. Бұл кепілдік сізге нақты заңды құқықтар береді және елге/аймаққа, штатқа немесе облысқа қарай сіздің басқа да құқықтарыңыздың болуы мүмкін.

HP компаниясының шектеулі кепілдігі HP компаниясының осы өнімге қолдау көрсететін және HP компаниясы осы өнімді сататын кез келген елде/аймақта немесе мекенде жарамды. Сіздегі кепілдік қызметінің деңгейі жергілікті стандарттарға сәйкес өзгеруі мүмкін. HP компаниясы заңдық немесе реттеуші себептері бойынша жұмыс істеуге қабілетсіз елде/аймақта өнімді пайдалану үшін оның пішінін, мақсатын немесе функциясын өзгертпейді.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША БҰЛ КЕПІЛДІК МӘЛІМДЕМЕСІНДЕ АТАЛҒАН ӨТЕМАҚЫЛАР ТЕК СІЗГЕ ТӨЛЕНЕТІН ӨТЕМАҚЫЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДАН БӨЛЕК ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА HP КОМПАНИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ КЕЛІСІМ ШАРТТЫ, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ

БҰЗЫЛУЫН НЕМЕСЕ БАСҚАЛАРДЫ НЕГІЗГЕ АЛА ОТЫРЫП, ЖОҒАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ, ӘДЕЙІ, БАЙҚАУСЫЗДА, ЖАНАМА ЗАҚЫМ (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОҒАЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ МӘЛІМЕТ) НЕМЕСЕ БАСҚА ЗАҚЫМ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТПАЙДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШАРАЛАРДАН БӨЛЕК, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗҒА ТЫЙЫМ САЛМАЙДЫ, ОЛАРДЫ ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

Баспа картриджінің шектеулі кепілдігі жөніндегі мәлімдеме

Осы HP баспа картриджіне оның материалдарының және өндірістік ақаулықтарының жоқтығына кепілдік беріледі.

Осы кепілдікпен (а) қайтадан толтырылған, жаңартылған, қалпына келтірілген немесе тағы басқа жолмен қолдан жасалған, (b) дұрыс пайдаланбаудан, дұрыс сақтамаудан немесе принтер үшін жарияланған талаптарға сай келмейтін ортада пайдаланудан шыққан проблемалары болған немесе (с) әдеттегідей пайдаланудан соң тозып қалған картридждер қамтылмайды.

Кепілдік қызметін алу үшін, өнімді сатып алған жерге қайтарыңыз (проблеманың жазбаша түсіндірмесімен және қағазға басып шығарылған беттердің үлгілерімен бірге) немесе HP Тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз. HP өз ұйғарымы бойынша ақаулы болып шыққан өнімдерді ауыстырып береді немесе олардың құнын қайтарып береді.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ДӨРЕЖЕДЕ ЖОҒАРЫДА БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕР ЖАЛҒЫЗ ДЕП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР БАСҚА ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ТҮРДЕ БЕРІЛМЕЙДІ. HP КОМПАНИЯСЫ ӘСІРЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ТАУАРЛЫҚ КҮЙ, ҚАНАФАТТАНАРЛЫҚ САПА ЖӘНЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІКТЕР МЕН ШАРТТАРДЫ МОЙЫНДАУДАН БАС ТАРТАДЫ.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, HP НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖОҒАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ, ЕРЕКШЕ, КЕЗДЕЙСОҚ, ЖАНАМА ЗИЯН (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖІБЕРІП АЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ МӘЛІМЕТТЕР) ҮШІН НЕМЕСЕ БАСҚА ЗИЯН ҮШІН ОЛАРДЫҢ КЕЛІСІМ-ШАРТТАН, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛҒАНЫНАН НЕМЕСЕ БАСҚА ЖОЛМЕН ШЫҚҚАНЫНА ҚАРАМАСТАН ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨТЕРМЕЙДІ.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДӨРЕЖЕНІ ҚОСПАҒАНДА, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢДА БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ЖОЙМАЙДЫ, ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

HP Color LaserJet термобекіткіш жинағына шектеулі кепілдік беру туралы мәлімдеме

Принтер басқару тақтасымен қызмет мерзімі төмен индикаторы шыққанша, бұл HP өнімінің материалдарында және дайындалу сапасында ақаулықтардың жоқ екендігіне кепілдік беріледі.

Бұл кепілдік төмендегі өнімдерге берілмейді (а) жаңартылған, қайта жасалған немесе қандай да бір жолмен қолдан жасалған, (ә) дұрыс пайдаланбау, дұрыс сақтамау немесе принтер өнімінің жарияланған қоршаған орта ерекшеліктерінен тыс қолдану нәтижесінде шыққан мәселелерге тап болған (б) қарапайым пайдаланудан тозған.

Кепілдік қызметіне қол жеткізу үшін өнімді сатып алған орынға (ақаулығын жазбаша сипаттап) қайтарыңыз немесе HP тұтынушыларды қолдау орталығымен хабарласыңыз. HP компаниясының таңдауы бойынша HP компаниясы ақаулы деп табылған өнімдерді ауыстырады немесе сатып алуға кеткен қаражатты қайтарады.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ДӘРЕЖЕДЕ ЖОҒАРЫДА БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ЖАЛҒЫЗ ДЕП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР БАСҚА ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ТҮРДЕ БЕРІЛМЕЙДІ. HP КОМПАНИЯСЫ АРНАЙЫ САТУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚ, ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ САПА ЖӘНЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІКТЕР МЕН ШАРТТАРДЫ МОЙЫНДАУДАН АРНАЙЫ БАС ТАРТАДЫ.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ДӘРЕЖЕДЕ HP КОМПАНИЯСЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ ТІКЕЛЕЙ, АРНАЙЫ, КЕЗДЕЙСОҚ, ЖАНАМА (ОНЫҢ ІШІНДЕ, ЖОҒАЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ ДЕРЕКТЕР) НЕМЕСЕ БАСҚА ШЫҒЫН ТҮРЛЕРІНЕ КЕЛІСІМ ШАРТ, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ НЕМЕСЕ БАСҚА НЕГІЗДЕ ЕШҚАШАН ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДӘРЕЖЕНІ ҚОСПАҒАНДА, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢДА БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ЖОЙМАЙДЫ, ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

Соңғы Пайдаланушының Лицензиялық Келісімі

ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ӨНІМІН ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ: Осы Соңғы Пайдаланушының Лицензиялық Келісімі («СПЛК») Сіздің бағдарламалық құрал өнімін («Бағдарламалық құралды») пайдалануыңызды реттейтін (a) Сіз (жеке тұлға немесе сіз танытып отырған ұйым) және (b) Hewlett-Packard (HP) Компаниясы арасында жасалған келісім болып табылады. Сіз және HP немесе оның жабдықтаушыларының арасында Бағдарламалық құрал бойынша жасасқан бөлек лицензия, соның ішінде онлайн құжаттамасындағы лицензиялық келісім болған жағдайда бұл СПЛК қолданылмайды. «Бағдарламалық құрал» термині (i) тиісті медианы, (ii) пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және өзгедей материалдарды және (iii) «онлайн» немесе электрондық құжаттаманы (бірлесе отырып «Пайдаланушы Құжаттамасын») қамтуы мүмкін.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ИЕЛЕНУ ҚҰҚЫҚТАРЫ СІЗ ОСЫ СПЛК БАРЛЫҚ ШАРТТАРЫМЕН ЖӘНЕ ЖАЙТТАРЫМЕН КЕЛІСУ ЖАҒДАЙЫНДА ҒАНА ТАПСЫРЫЛАДЫ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУ, КӨШІРУ, ЖҮКТЕУ НЕМЕСЕ ӨЗГЕДЕЙ ЖОЛМЕН ПАЙДАЛАНУ НӘТИЖЕСІНДЕ СІЗ ОСЫ СПЛК ШАРТТАРЫМЕН КЕЛІСЕСІЗ. ЕГЕР СІЗ ОСЫ СПЛК ҚАБЫЛДАМАЙТЫН БОЛСАҢЫЗ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ОРНАТПАҢЫЗ, ЖҮКТЕМЕҢІЗ НЕМЕСЕ ӨЗГЕДЕЙ ЖОЛМЕН ПАЙДАЛАНАБАНҒЫЗ. ЕГЕР СІЗ ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ САТЫП АЛСАҢЫЗ, БІРАҚ ОСЫ СПЛК ШАРТТАРЫМЕН КЕЛІСПЕСЕҢІЗ, САТЫП АЛУ ҚҰНЫН ӨТЕП АЛУ ҮШІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ САТЫП АЛУ КҮНІНЕН БАСТАП ОН ТӨРТ КҮН ІШІНДЕ САТЫП АЛУ ОРНЫНА ҚАЙТАРЫҢЫЗ; БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ОРНАТЫЛЫП ҚОЙҒАН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ HP ӨНІМІМЕН ҚОСА ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМДЫ БОЛСА, СІЗ ТОЛЫҚТАЙ ПАЙДАЛАНАБАҒАН ӨНІМДІ ҚАЙТАРА АЛАСЫЗ.

1. ҮШІНШІ ТАРАП БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ. Бағдарламалық құрал HP жекеменшігіндегі бағдарламалық құралмен («HP Бағдарламалық құралы») қоса үшінші тараптан алынған лицензиямен жеткізілетін бағдарламалық құралды қамтуы мүмкін («Үшінші Тарап Бағдарламалық құралы» және «Үшінші Тарап Лицензиясы»). Кез келген Үшінші Тарап Бағдарламалық құралының лицензиясы Сізге сәйкес Үшінші Тарап Лицензиясының шарттары мен жайттарына сәйкес беріледі. Әдетте, Үшінші Тарап Лицензиясы license.txt немесе ұқсас файлдарда орналасады; Сіз ешқандай Үшінші Тарап Лицензиясын таба алмаған жағдайда HP қолдау қызметімен хабарласуыңыз тиіс. Үшінші Тарап Лицензиясы көз кодына қол жеткізу мүмкіндігін беру үшін жеткізілетін лицензияларды (GNU Негізгі Қоғамдық Лицензиясы сияқты) қамтитын болса және сәйкес көз коды бағдарламалық құралмен жеткізілмесе, HP веб-сайтындағы (hp.com) өнімді қолдау бетіне кіріп, сондай көз кодын қалай алуға болатындығын біліңіз.

2. ЛИЦЕНЗИЯ БОЙНША БЕРІЛЕТІН ҚҰҚЫҚТАР. Сіз осы СПЛК барлық шарттарымен және жайттарымен келісу нәтижесінде Сізге келесідей құқықтар беріледі:

a. Пайдалану. HP Сізге HP Бағдарламалық құралының бір нұсқасын Пайдалану құқығын тапсырады. «Пайдалану» HP Бағдарламалық құралын орнатуды, көшіруді, сақтауды, жүктеуді, орындауды, көрсетуді немесе кез келген өзгедей жолмен пайдалануды білдіреді. Сізге HP Бағдарламалық құралын өзгертуге немесе HP Бағдарламалық құралының лицензиялау немесе басқару мүмкіндіктерін ажыратуға тыйым салынады. Бағдарламалық құрал HP компаниясымен бейнелеу немесе басып шығару өнімімен (мысалы, Бағдарламалық құрал болып принтер драйвері, енгізілген БҚ немесе қолсымша болып табылса), HP Бағдарламалық құралы тек сондай өніммен («HP Өнімі») ғана пайдаланылуы мүмкін. Пайдаланудың қосымша шектеулері Пайдаланушы Құжаттамасында көрсетілуі мүмкін. Сізге Пайдалануға арналған HP Бағдарламалық құралының құрам бөліктерін бөліп алуға тыйым салынады. Сізде HP Бағдарламалық құралын тарату құқықтары жоқ.

b. Көшіру. Сіздің көшіру құқықтарыңыз Сізде HP Бағдарламалық құралының әр көшірмеде HP Бағдарламалық құралының жекеменшік құқықтары жөніндегі ескертулері бар және сақтандыру мақсаттарында ғана қолданылатын архивтеу немесе сақтандыру көшірмесін жасау мүмкіндігі бар екендігін білдіреді.

3. ЖЕТІЛДІРУ. НР компаниясымен жеткізілетін НР Бағдарламалық құралының Пайдалануды жетілдіру, жаңарту немесе толықтыру (бірлесе отырып «Жетілдіру») үшін, Сіз ең алдымен НР тарапынан Жетілдіруге құқылы деп танылған НР Бағдарламалық құралды пайдалану лицензиясын алуыңыз тиіссіз. Жетілдіру НР өзіндік Бағдарламалық құралының орын басу жағдайында Сізге ондай НР Бағдарламалық құралын пайдалануға болмайды. Осы СПЛК НР Жетілдірудің жаңа шарттарын қоймайынша, әр Жетілдіруге қатысты қолданыста болады. Осы СПЛК және сондай өзге шарттар арасында қайшылықтар туу жағдайында өзге шарттар басым күшке ие болады.

4. ЖЕТКІЗУ.

а. Үшінші Тарап Жеткізуі. НР Бағдарламалық құралы соңғы пайдаланушылардың біріншісі НР Бағдарламалық құралын өзге соңғы пайдаланушыға бір рет жеткізе алады. Әр жеткізу құрамында барлық құрам бөліктер, медиа, Пайдаланушы Құжаттамасы, осы СПЛК және, қолданылу жағдайында, Шынайылық Сертификаты болады. Жеткізу бір партия түріндегі тікелей емес жеткізу болмауы мүмкін. Жеткізбес бұрын, соңғы пайдаланушы осы СПЛК келісетіндігін қабылдайды. НР Бағдарламалық құралын жеткізу барысында Сіздің лицензияңыз автоматты түрде күшін жояды.

б. Шектеулер. Сіз НР Бағдарламалық құралын коммерциялық мақсаттарда көп пайдаланушылармен немесе кеңседе пайдалану үшін жалға, лизингке немесе қарызға ала алмайсыз. Сізге НР Бағдарламалық құралын осы СПЛК шарттарымен анықталған жағдайлардан өзге жағдайларда қосымша лицензия беруге, бөлуге немесе өзгедей жолмен жеткізуге тыйым салынады.

5. ЖЕКЕМЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫ. Бағдарламалық құралдың және Пайдаланушының Құжаттамасындағы барлық зиягерлік жекеменшік құқықтары НР немесе оның жабдықтаушыларының жекеменшігі болып табылады және заңдармен, соның ішінде қолданымды авторлық құқықтар, сауда құпиясы, патенттер және сауда белгілері жөніндегі заңдармен қорғалған. Сізге өнімнің қандай да бір тану белгілерін, авторлық құқықтар жөніндегі ескертулерді немесе жекеменшік шектеулерін Бағдарламалық құралдан өшіруге тыйым салынады.

6. ИНЖЕНЕРЛІК ТАЛДАУ ШЕКТЕУЛЕРІ. Сол әрекеттерді жүзеге асыру құқығы қолданыстағы заңдарға сәйкес берілу жағдайларынан өзге жағдайларда Сізге НР бағдарламалық құралына инженерлік талдау жасауға, декомпиляциялауға немесе бұзуға тыйым салынады.

7. ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА КЕЛІСІМ БЕРУ. НР және оның бөлімшелері (i) өзіңіздің Бағдарламалық құралды немесе НР Өнімін пайдалануға немесе (ii) Бағдарламалық құралға немесе НР Өніміне қолдау алуға қатысты жеткізген деректерді жинақтап, пайдалануы мүмкін. Сондай ақпараттың барлығы НР компаниясының құпиялық саясатымен қамтылу нысаны болып табылады. Өзіңіздің өнімді Пайдалануды жақсарту немесе қолдау қызметтерін көрсету жағдайларынан өзге жағдайларда НР ондай ақпаратты өзіңіздің жеке танылуыңыз үшін пайдаланбайды.

8. ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕКТЕУЛЕРІ. Сізде болуы ықтимал зақымдардың қандай болмауына қарамастан, НР және оның жабдықтаушыларының осы СПЛК бойынша толық жауапкершілігі және Сіздің осы СПЛК бойынша ерекше шараларыңыз Сіздің Өнім үшін төлеген ең жоғарғы бағамен немесе 5,00 АҚШ доллары көлемінде шектелетін болады. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢДАРМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЕҢ ҮЛКЕН ШЕКТЕРДЕ, КЕЗ КЕЛГЕН ЖАҒДАЙДА НР НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ НР НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ СОНДАЙ ЗАҚЫМДАНУЛАРДЫ БОЛУ МҮМКІНДІГІ ЖӨНІНДЕ БІЛЕ ТҰРСА ДА ЖӘНЕ СИПАТТАЛҒАН ШАРАЛАРДЫ ОРЫНДАУ ОНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫНДА ОРЫНДАЛСА ДА НР БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНА АЛМАУ НӘТИЖЕСІНДЕ БОЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ҚАСАҚАНА, КҮТПЕГЕН, ЖАНАМА НЕМЕСЕ НӘТИЖЕСІНДЕГІ ЗАҚЫМДАНУЛАР (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖІБЕРІЛГЕН ПАЙДА, ЖДЕРЕКТЕРДІ ЖОҒАЛТУ, ІСКЕРЛІК ШЫҒЫНДАР, ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ЖАРАҚАТТАНУЫ НЕМЕСЕ ЖЕКЕМЕНШІКТЕН АЙЫРЫЛУ)

ҮШІН ЖАУАПТЫ ЕМЕС. Кейбір елдер/аймақтар немесе өзге юрисдикциялар күтпеген немесе нәтижесінде болған зақымдауларға шектеулер қолдануға рұқсат етпейді, сондықтан да, жоғарыда сипатталған шектеулер Сізге қатысты қолданылмауы мүмкін.

9. АҚШ ҮКІМЕТТІК ТҰТЫНУШЫЛАРЫ. Егер Сіз АҚШ Үкіметтік тұлғасы болып табылсаңыз, FAR 12.211 және FAR 12.212 сәйкес, Коммерциялық Компьютерлік Бағдарламалық құрал, Компьютерлік Бағдарламалық құрал Құжаттамасы және Коммерциялық Мақсаттардағы Техникалық Деректер қолданымдағы НР коммерциялық лицензиялық келісімге сәйкес лицензияланады.

10. ЭКСПОРТТЫҚ ЗАҢДАРҒА СӘЙКЕСТІК. Сіз (i) Бағдарламалық құралды экспорттауға немесе импорттауға немесе (ii) Бағдарламалық құралды Пайдалануды шектеудің, соның ішінде ядролық, химиялық немесе биологиялық қаруды таратуды шектеуге қатысты қолданылатын барлық заңдарды, ережелерді және шарттарды қабылдайсыз.

11. ҚҰҚЫҚТАРДЫ САҚТАУ. НР және оның жабдықтаушылары осы СПЛК өзіңізге нақты берілмеген барлық құқықтарды сақтап қалады.

(c) 2007 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Редакция 11.06

Пайдаланушының орындайтын жөндеудің кепілдік қызметі

